Nazarbayev Intellectual Schools NIS

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
дербес білім беру ұйымының

2019 ЖЫЛҒЫ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

1-бөлім

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ ҚЫЗМЕТІ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ....8
1.1. Зияткерлік мектептер желісі мен оқушылар контингенті 9
1.2. Оқушыларды конкурстық іріктеу 11
1.3. Виртуалды және демалыс кезіндегі мектептер....16

2-ТАРАУ. ПЕДАГОГ МАМАНДАР....18
2.1. Мұғалімдерді конкурстық іріктеу 19
2.2. Педагог мамандардың сапалық құрамы 22
2.3. Біліктілікті арттыру жүйесі....25
2.4. Педагог мамандар жұмысын бағалау....34
2.5. Педагог мамандардың жетістіктері....36

3-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ....40
3.1. Білім беру бағдарламалары....41
3.2. Білім беру ресурстары 54
3.3. Тәрбие жұмысы....67
3.4. Қосымша білім беру....72
3.5. Медициналық және психологиялық қызмет көрсету 79

4-ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ....86

5-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ....98
5.1. Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу 99
5.2. Критериалды бағалау жүйесі 102
5.3. 5, 10, 12-сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалау 103
5.4. Зияткерлік мектептерді аккредитациялау 106
5.5. NIS-PROGRAMME білім беру бағдарламасы мен
NIS сертификатының танылуы....108

6-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ....110
6.1. Білім сапасы мен үлгерім....111
6.2. Халықаралық және республикалық олимпиадалар, конкурстар,
конференциялар және ғылыми-зерттеу жұмыстары....112
6.3. Халықаралық емтихандардың нәтижелері 136
6.4. Жоғары оқу орындарына түсу....139

ДББҰ ҚЫЗМЕТІН БАҚ-та ЖАРИЯЛАУ....144
ҚОСЫМШАЛАР
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСТАР МЕН ОЛИМПИАДАЛАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ....145
ДББҰ-ның ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫ МЕН ФИЛИАЛДАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫС
ДЕРЕКТЕРІ....203

Құрметті әріптестер, мұғалімдер, ата-аналар және серіктестер!

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – ДББҰ) өзінің 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа онжылдыққа аяқ басты.

Бұл есепте ДББҰ-ның 2019 жылғы нәтижелері мен жетістіктері ұсынылған.

Осы оқу жылында Қостанай және Петропавл қалаларындағы Зияткерлік мектептер халықаралық аккредитациядан сәтті өтті, яғни Назарбаев Зияткерлік мектептерінің барлығында халықаралық аккредитациялау (CIS Халықаралық Мектептер Кеңесі, Нидерланд) үдерісі аяқталды. Осылайша, Жоғары Қамқоршылық Кеңесінің хаттамалық тапсырмасы орындалды.

(«2019 жылдың соңына дейін барлық «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» халықаралық аккредитациядан өтуі аяқталсын», 2017 жылғы 27 мамырдағы хаттама)

Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасының авторизациясын ойдағыдай растады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектеп негізгі мектептің (Middle Years Programme) және жоғары мектептің (Diploma Programme) Халықаралық Бакалавриат авторизациясын алды.

ДББҰ 2019 жылы ЮНЕСКО-ның білім беру саласындағы Wenhui Award сыйлығын жеңіп алған Қазақстанның алғашқы өкілі болды.

PISA-2018 халықаралық зерттеулерінің нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептердің оқушылары ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп, оқу сауаттылығы, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндер сауаттылығынан үздік он елдің қатарына кірді.

Республикалық ғылыми жобалар сайысында «Ең үздік команда – 2019» номинациясы бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептерінің командасы бас жүлдені иеленді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 47 оқушысы халықаралық және республикалық деңгейде танылған бірқатар зияткерлік өнімдер мен стартап-жобаларда авторлық куәліктер мен патенттерге қол жеткізді.

2018-2019 оқу жылында Зияткерлік мектеп оқушыларының командасы математика және жаратылыстану бағытындағы республикалық олимпиадада 1-орынды иеленді.

Зияткерлік мектептердің робот техникасынан құрама командасы халықаралық жарыстарда жүйелі түрде жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Команда Венгрияның Дьиор қаласында өткен WRO-2019 (World Robot Olympiad) бас чемпионатында үздік үштік қатарынан көрінді.

2019 жылы ағылшын тілінен IELTS халықаралық емтиханының орташа балы 6,5 балды құрады. Әрбір 3-оқушы 7 және одан жоғары балл, ал оқушылардың 5%-ы 8 және одан жоғары балл жинап, IELTS сертификатын алды.

2018-2019 оқу жылында бітірген Зияткерлік мектептердің барлық түлектері еліміздің және шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарына түсті. Оның ішінде 4 түлек Айви лигасына (АҚШ) кіретін университеттерге, 32 түлек әлемнің ең үздік 50 университеті құрамына кіретін оқу орындарына, ал 66 түлек QS нұсқасы бойынша 100 үздік университеттің қатарына кіретін жоғары оқу орындарына түсті. Түлектердің 90%-дан астамы грантқа ие болды.

ДББҰ-ның 2018-2019 оқу жылындағы басты оқиғалары:

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «2019 жыл – Жастар жылы» деп жарияланды. Зияткерлік мектептердің оқушылары Қажымұрат Ақназар, Чалышкан Селимжан, Крепак Иван және Таумергенов Нұрдәулет Қазақстанда Жастар жылының салтанатты ашылу салтанатына қатысты.

Nazarbayev Fund Schools Challenge – 2019 байқауының жеңімпаздарын марапаттау аясында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Бірінші Президент Қоры сыйлығының лауреаттары мен Қазақстанның дарынды жастарымен кездесті. Оған байқаудың аэрогарыш тақырыбындағы жеңімпаздары ретінде Нұр-Сұлтан қаласының физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің 11-сынып оқушылары Егор Кожин мен Еламан Молдағали қатысты. Олар Air Astana әуекомпаниясы үшін аса тиімді авиалайнердің тұжырымдамасын жасап ұсынды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Павлодар қаласының химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне барды. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Model United Nations мектеп клубының жұмысымен танысты. «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» кабинетімен танысты, сонымен қатар бүкіл облыстан 350 оқушы қатысқан WRO-2019 жарысының аймақтық кезеңіне қатысты.

«Білім – баға жетпес қазына, сондықтан әрдайым білім алуға ұмтылу керек. Зияткерлік мектептерде оқуға барлық жағдай жасалған», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен «Отандастар» қорының қолдауымен ДББҰ ***7 елде (Ресей, Иран, Моңғолия, Түрікменстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстан) тұрып жатқан қазақ диаспораларының 150 баласына*** *«Ұлы дала мұрагерлері» атты жазғы мектеп ұйымдастырды. Swiss Education Group (SEG) ұйымымен келісім жасалды, ол бойынша Зияткерлік мектеп түлектері (NIS Grade 12 Certificate) емтихан нәтижелері мен ағылшын тілін меңгеру деңгейі (IELTS/TOEFL) негізінде емтихансыз және университет-алды даярлығынсыз Швейцария мектебінің жоғары оқу орындарына түсе алады.*

Зияткерлік мектептерде технологиялық құралдармен (3Д принтерлер, лазерлік білдектер, фрезерлік білдектер, баспа қалыптар, кескіш плоттерлер, 3Д сканерлер) жабдықталған ***NIS-engineering шығармашылық зертханаларын*** *құру жобасы іске қосылды. Зияткерлік мектептердің тарихында алғаш рет «Шебер мұғалім» педагогикалық шеберлік дәрежесі Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектептің математика пәні мұғалімі С. Полянскийге берілді.*

2019 жылдың қазан айында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен бірлесе ұйымдастырылған «Мектеп әлемін өзгертетін ұстаздар» тақырыбында XI Халықаралық конференциясы өтті, оған еліміздің және шетелдерден 2 мыңнан астам педагог қатысты.

ДББҰ тәжірибесін тарату жүйелі түрде бірнеше бағытта жүзеге асырылады: білім беру мазмұны мен оқу ресурстарын жаңарту, педагог мамандарға әдістемелік қолдау көрсету және олардың біліктілігін арттыру, ұлттық деңгейдегі серіктестік пен халықаралық ынтымақтастық.

ЭЫДҰ-ның «Білім беру – 2030» жобасы аясында ДББҰ ***Қазақстанның ұлттық үйлестірушісі, WALS (Дүниежүзілік сабақты зерттеу қауымдастығы) Кеңесінің мүшесі*** *ретінде қызметін жалғастыруда.*

2019 жылы ***ACQUIN Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институты*** *(Германия) ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығы дайындаған біліктілікті арттыру курстарының сегіз білім беру бағдарламасына халықаралық сертификат табыстады.*

БҰҰ құрылымдық бөлімшелерімен (ЮНЕСКО, ЮНДП, ЮНИСЕФ), сондай-ақ Еуропалық одақтың «Түрікменстанның білім беру жүйесіне көмек» жобасымен және т. б. *ұйымдармен жұмыс істеу аясында халықаралық ынтымақтастық кеңеюде.*

МКҚК «Ж. Досмұхамедов атындағы Жоғары педагогикалық колледжде» «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша білім беру мазмұнын жаңартып, білім беру үдерісін ұйымдастыру мақсатында ДББҰ мен Батыс Қазақстан облысы әкімдігі бірлесіп, бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауға бағытталған жобаны жүзеге асырды.

ДББҰ-ның атқарған жұмысын қорытындылайтын болсақ, 2019 жыл табысты болды: оқушылар үлкен жетістіктерге жетіп, жаңа жобалар іске асырылды және Зияткерлік мектептер халықаралық білім беру кеңістігінде танылды.

ДББҰ орта білім беру жүйесіндегі жаңа ұлттық талаптар мен әлемдік озық тәжірибелерді ескеріп, 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының негізгі бағыттарын жүзеге асыру жұмысын жалғастыруда.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
ДББҰ Басқармасының төрайымы
К.Н. Шәмшидинова

ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

1.1

Зияткерлік мектептер желісі және оқушылар контингенті

1.2

Оқушыларды конкурстық іріктеу

1.3

Виртуалды және демалыс кезіндегі мектептер

1.1. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

2019 жылдың соңында Зияткерлік мектептер желісінің құрамы:

- 20 Зияткерлік мектеп – 14 750 оқушы (1-кестеге қараңыз);
- Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектеп – 1 368 оқушы, оның ішінде 177 бала – балабақшада;
- «Республикалық физика-математика мектебі»
- КеАҚ – 2 150 оқушы, оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалда – 1 180 оқушы.

1-кесте. Зияткерлік мектептердегі сыныптар бойынша оқушылар саны (2019 жылдың 10 желтоқсанындағы ақпараттық дерек)

Мектептер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	1-сынып	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып	12-сынып	БАРЛЫҒЫ
Нұр-Сұлтан ФМБ							216	119	149	151	199	141	975
Нұр-Сұлтан ХБ							144	174	187	128	156	118	907
Ақтау ХББ							140	98	74	124	103	160	699
Ақтөбе ФМБ							163	140	79	162	114	88	746
Алматы ФМБ							216	143	139	140	136	89	863
Алматы ХББ							142	95	87	158	140	308	930
Атырау ХББ							128	123	73	154	113	66	657
Қарағанды ХББ							144	141	83	143	127	77	715
Көкшетау ФМБ	60	64	58	54	56	47	107	80	66	109	64	69	834
Қостанай ФМБ							119	93	72	86	127	120	617
Қызылорда ХББ							166	119	78	111	96	101	671
Павлодар ХББ							153	96	72	109	100	119	649
Петропавл ХББ							141	82	67	127	130	108	655
Семей ФМБ							143	99	75	141	110	63	631
Талдықорған ФМБ	60	59	57	55	52	46	118	87	75	100	68	70	847
Тараз ФМБ							184	135	72	97	116	112	716
Орал ФМБ							160	112	79	122	112	69	654
Өскемен ХББ							140	92	64	119	99	97	611
Шымкент ФМБ							142	114	81	146	96	110	689
Шымкент ХББ							144	121	91	162	91	75	684
Барлығы	120	123	115	109	108	93	3 010	2 263	1 763	2 589	2 297	2 160	14 750

**Дереккөз: БАББО, «Оқушылар контингенті» тарауы*

Зияткерлік мектептердің жатақханаларында 2 510 оқушы тұрады.

Оқушылар контингентінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы:



1.2. ОҚУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Зияткерлік мектептерде оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесі әзірленіп, табысты жұмыс істеуде.

Бұл жүйенің ерекшелігі – оқушылардың жаратылыстану-математика ғылымдарын оқу қабілетін анықтайды, ол үшін оқушылардың пән бойынша білімі тексеріліп, функционалдық сауаттылығы мен тілдік құзыреттіліктері бағаланады.

Аталған жүйе NIS-Programme мазмұнын жақсы меңгеріп, жан-жақты дағдыларды дамытуға, сондай-ақ көптеген қолданбалы салаларда академиялық мәселелерді шешуге қабілетті оқушыларды іріктеп алуға мүмкіндік береді.

ДББҰ мен Сито Педагогикалық өлшеулер институты (Нидерланд) бірлесіп, конкурстық іріктеу жүйесінің халықаралық талаптарға сәйкестігін, атап айтқанда, сапасын, әділдігін, барлық үдерістердің ашық және қауіпсіз өтуін қамтамасыз етеді.

Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеу

6-сынып оқушылары 5-сыныптан бастап жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқитындықтан, 2019 жылдан бастап оқушылар 7-сыныпқа жаңартылған формат пен мазмұн бойынша конкурстық іріктеуден өтеді (2-кестені қараңыз).

Жаңа форматтағы конкурстық іріктеу екі кешенді тестілеуден тұрады:

- жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқу қабілетін бағалайтын тест;
- тілдік тест.

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқу қабілетін бағалау тесті «Математика» пәні мен «Сандық сипаттамалар» бөлімінің тест тапсырмаларынан тұрады.

Тілдік тест қазақ, орыс және ағылшын тілдері пәндерінің тест тапсырмаларынан тұрады.

2-кесте. 7-сыныпқа конкурстық іріктеу кешенді тестілеуінің жаңартылған форматы

Тест бөлімі	Тапсырмалар саны	Ең жоғары балл	Шекті балл	Тест уақыты (минут)	Бос орындар санына байланысты грант беру
1-КҮН: ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚУ ҚАБІЛЕТІН БАҒАЛАУ ТЕСТІ					кешенді тестілеуден ең жоғары балл (ең жоғары балл – 1300)
Математика	40	400	140 (35%)	60	
Сандық сипаттамалар	60	300	120 (40%)	30	
2-КҮН: ТІЛДІК ТЕСТ					
Бірінші тіл	20	200	-	120	
Екінші тіл	20	200	-		
Ағылшын тілі	20	200	-		

Конкурстық іріктеу тестілерінің мазмұнын жаңарту аясында тапсырмалардың жаңа түрлері енгізілді:

– «Математика» пәнінен деректерді интерпретациялау тапсырмалары (мәтінді кітаптар, графиктер мен кестелерді түсінуге көмектесетін сыни ойлау қабілеті);

– тілдік пәндерден талдау тапсырмалары (салыстыру, мәтіннің бөліктерін/толық мәтінді талдау, ақпаратты бөлу және өңдеу, ойды тұжырымдау және т.б.).

Жаңартылған конкурстық іріктеу тестілеріне көшуге дайындық аясында биыл бағалау құралдарының базасы, жауап парақтары, тест тапсырмаларын орындау талаптарын түсіндіретін бейне-нұсқаулықтар жаңартылды.

2019 жылдың наурызында конкурстық іріктеуге республиканың орта білім беру ұйымдарының 6-сыныптарынан 17 485 үміткер қатысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Өркен» білім беру грантын (бұдан әрі – Грант) тағайындау жөніндегі Республикалық комиссияның 2019 жылғы 23 сәуірдегі отырысының қорытындылары бойынша 2 552 адам грант иегерлері атанды;

Республикалық комиссияның 2019 жылдың 28 тамызы мен 8 қарашасындағы отырыстардың қорытындылары бойынша қосымша 414 адам мен резервтік тізімдегі 297 үміткер Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарында тегін оқу мүмкіндігіне ие болды.

2019-2020 оқу жылында 7-сыныптарда оқу грантына барлығы 3 263 оқушы ие болды.

Конкурстық іріктеуге қатысушылардың үлесі еліміздің 6-сынып оқушыларының жалпы санының 6%-ын құрады. Олардың басым бөлігі Алматы (16,2%), Шымкент (14,8%) және Нұр-Сұлтан (11,9%) қалаларынан, ал біршама бөлігі – Қостанай (1,8%), Петропавл (2,1%) және Өскемен (2,7%) қалаларынан болды.

1-диаграмма. 2017, 2018 және 2019 жылдардағы конкурстық іріктеу мәліметтері



Есептік жылда бір орынға 6,9 адам конкурсқа түсті. Осы ретте конкурс қазақ тілінде оқитын сыныптарда орыс тілінде оқитын сыныптарға қарағанда 1,5 есе жоғары (бір орынға тиісінше 7,8 және 5,1 адам) болды.

Жекелеген аймақтарда (Алматы, Атырау, Қызылорда, Тараз, Шымкент) бір орынға 8-11 оқушыдан конкурсқа түсті.

[1] Конкурстық іріктеуге байланысты бұдан әрі қарайғы статистикалық мәліметтер 2019 жылғы 23 сәуірдегі 2 552 оқушыға берілген бірінші Грант нәтижелері негізінде ұсынылды.

3-кесте. Мектептерден конкурстық іріктеу аясында кешенді тестілеуге қатысқан үміткерлердің нәтижелері (ең жоғары балл – 1 300)

Зияткерлік мектеп	Ең жоғары балл	Барлық үміткерлердің балдары		ҚР Мәжілісінің қарауына жіберілген үміткерлердің балдары		Грант иегерлерінің балдары	
		Орташа балл	Ең төмен балл	Орташа балл	Ең төмен балл	Орташа балл	Ең төмен балл
Ақтау ХББ	1 172	694,6	293	827,9	507	980,5	871
Ақтөбе ФМБ	1 193	731,4	313	847,1	575	1 019,8	930
Алматы ФМБ	1 271	848,9	289	919,3	535	1 135,0	1 063
Алматы ХББ	1 235	780,2	361	877,8	509	1 091,0	996
Нұр-Сұлтан ІВ	1 288	859,0	346	932,1	565	1 126,1	1 047
Нұр-Сұлтан ФМБ	1 285	867,5	353	927,9	484	1 126,5	1 030
Атырау ХББ	1 199	675,9	300	821,4	521	996,1	902
Қарағанды ХББ	1 206	751,4	392	853,0	544	1 011,6	915
Көкшетау ФМБ	1 206	741,9	321	849,9	488	1 012,8	871
Қостанай ФМБ	1 135	707,0	422	809,9	527	870,8	738
Қызылорда ХББ	1 197	648,9	271	792,0	429	960,0	860
Павлодар ХББ	1 176	726,4	341	831,5	528	964,2	852
Петропавл ХББ	1 165	690,2	295	790,4	480	873,5	739
Семей ФМБ	1 226	738,3	352	834,1	505	951,1	805
Талдықорған ФМБ	1 179	694,0	324	844,4	486	991,9	845
Тараз ФМБ	1 216	681,7	301	822,2	528	987,4	866
Орал ФМБ	1 153	742,8	316	838,8	560	981,9	875
Өскемен ХББ	1 244	688,2	319	823,5	452	927,6	813
Шымкент ФМБ	1 241	690,2	293	822,6	519	1 018,8	936
Шымкент ХББ	1 215	674,6	280	820,1	522	1 036,5	949
Барлығы	1 288	737,4	271	859,8	429	1 016,0	738,0

7-сыныпқа конкурстық іріктеуден кешенді тест тапсырған үміткерлердің орташа балы 2019 жылы 737,4 балды құрады (ең жоғары балдың 56,7%-ы).

2-диаграмма. 2019 жылы Зияткерлік мектептер арасында конкурстық іріктеудің кешенді тестілеуінен өткен үміткерлердің орташа балдары



Үміткерлердің орташа балы бойынша Нұр-Сұлтан қаласы (867,5 балл және 859,0 балл) көш бастаса, Қызылорда қаласының үміткерлері ең төменгі көрсеткішті (648,9 б.) көрсетті. Ең жоғары және ең төмен балл арасында елеулі айырмашылық бар, ол 218,6 балды құрайды.

3-диаграмма. Үміткерлердің конкурстық іріктеудің кешенді тестілеу бөлімдері бойынша орташа балдары, тестілеу тілі мен жылдар бойынша



Пәндер бойынша ең жоғары балл жинаған үміткерлер саны:

- математикадан (400 балл) Алматы, Нұр-Сұлтан, Көкшетау, Өскемен, Павлодар, Тараз, Шымкент (ФМБ) қалаларынан 46 үміткер;
- сандық сипаттамалардан (300 балл) – үміткерлердің ешқайсысы ең жоғары балл

алған жоқ. Алайда Нұр-Сұлтан, Алматы (ФМБ), Көкшетау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Шымкент (ФМБ) қалаларынан 16 үміткер 290 мен 299 арасындағы балл алды;

• қазақ тілінен (бірінші тіл) (200 балл) – Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Орал, Өскемен, Семей, Тараз, Шымкент қалаларынан 45 үміткер;

• қазақ тілінен (екінші тіл ретінде) (200 балл) – Қарағанды, Орал, Өскемен және Петропавл қалаларын санамағанда, барлық қалалардан 121 үміткер;

• орыс тілінен (бірінші тіл ретінде) (200 балл) – Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Қарағанды, Павлодар, Петропавл қалаларынан 15 үміткер;

• орыс тілінен (екінші тіл ретінде) (200 балл) – Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Тараз, Шымкент (ФМН) қалаларынан 24 үміткер;

• ағылшын тілінен (200 балл) – Нұр-Сұлтан, Алматы, Көкшетау, Қарағанды, Қызылорда, Өскемен, Павлодар, Семей, Талдықорған, Шымкент қалаларынан 45 үміткер (қазақ тілінде білім алатын үміткерлер);

• ағылшын тілінен (200 балл) – Қостанай, Қызылорда, Өскемен, Петропавл, Шымкент (ФМБ) қалаларын санамағанда, барлық қалалардан 93 үміткер (орыс тілінде білім алатын үміткерлер).

«Математика» пәнінен тест нәтижелеріне сүйенсек, көбінесе оқушылар төмендегідей оқу мақсаттарының тапсырмаларын орындауға қиналады:

• пайызға байланысты мәтін есептерді шығару;

• алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

• рационал сандарды салыстыру;

• мәтін есептерді шығару барысында ең үлкен ортақ бөлгіш пен ең кіші ортақ еселікті табу.

Үміткерлердің «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Ағылшын тілі» пәндерінен берген жауаптарын талдайтын болсақ, көбіне оқушылар мәтін мен оның құрылымын талдау, мәтін стилі мен рөлін, сондай-ақ абзацтар арасындағы мағыналық байланысты анықтау тапсырмаларынан, сонымен қатар мәтінді терең талдай отырып, егжей-тегжейлі ақпарат іздеу, мәтін ақпаратын нақтылау және мәтіннің негізгі идеясын анықтау тапсырмаларынан қиналатыны байқалады.

2019 жылы 7-сыныпқа конкурстық іріктеудің мынадай ерекшеліктерін атап өтелік:

• кешенді тестілеу жаңартылған формат пен мазмұнда өткізілді;

• тілдік тестте үміткерлердің тіл бөлімдері тапсырмаларын орындау уақыты шектелмей, 120 минут бойы өткізілді;

• екі күндік тест нәтижелерін стратегиялық серіктес Cito Педагогикалық өлшеулер институты (Нидерланды) өңдеді;

• кешенді тестілеу тапсырмаларын қалай орындау керектігін түсіндіретін бейненұсқаулықтар қолданылды;

• конкурстық іріктеуге қатысатын үміткерлерді тестілеу үдерісі мүдделі тараптарға онлайн көрсетілді;

• «Knowledge Engineering» ЖШС-мен бірлесіп әзірленген «Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсуге дайындалу және өз мүмкіндіктерін бағалау» онлайн оқыту курсы www.academia.kz сайтында іске қосылды.

Оқушыларды 7-сыныпқа конкурстық іріктеудің сынама тесті

Үміткерлерді 7-сыныпқа конкурстық іріктеу форматымен және шарттарымен таныстыру мақсатында Зияткерлік мектептер мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте жалпы білім беретін мектептердің 7 207 оқушысы үшін жыл бойы (қаңтар, ақпан және желтоқсан айларында) 5 сынама тестілеу өткізілді.

Сынама тестілеу математика, сандық сипаттамалар, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен өткізілді.

4-кесте. 2019 жылдың қаңтар, ақпан және наурыз айларында конкурстық іріктеудің сынама тестін тапсырған оқушылардың орташа балдары бойынша салыстырмалы кесте

Үміткерлердің орташа балы:		
Математикадан – 184,0		
Сынама тестілеуге қатыспағандар	Сынама тестілеуге бір рет қатысқандар	Сынама тестілеуге бірнеше рет қатысқандар
176,1 [-14,2 балл]	209,0 [+12,6 балл]	237,5 [+58,4 балл]
сандық сипаттамалардан – 147,0		
30,2 [-10,6 балл]	34,6 [+9,7 балл]	38,2 [+43,1 балл]
тілдерден – 406,6		
381,4 [-15,5 балл]	416,7 [+18,1 балл]	440,1 [+58,1 балл]

Үміткерлердің сынама тестілеуге қатысуы конкурстық іріктеу нәтижелеріне оң әсер етті (сынама тестілеуге неғұрлым жиі қатысса, конкурстық іріктеудегі орташа балл соғұрлым жоғары болады).

Сынама тестілеуді енгізу нәтижесінде ДББҰ талапкерлер үшін тең құқықтар беріліп, конкурстық іріктеу рәсімдерінің түсінікті әрі ашық болуын қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізеді.

Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептердің бастауыш сыныптарына оқушыларды конкурстық іріктеу

Биыл Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептерінің 1-сыныптарына оқуға жыл сайынғы конкурстық іріктеуге 633 үміткер қатысты. Олардың 103-і 2019-2020 оқу жылында оқуға қабылданды.

Талапкерлерді психологиялық-педагогикалық тексеру және балалардың фонематикалық есту қабілетін анықтау үшін тыңдалым (қазақ тіліне бойлау сыныбы үшін) өткізіліп, олармен сұхбат жүргізілді.

Конкурстық іріктеу тапсырмаларының мазмұнын жүйелі түрде жаңартып отыру мақсатында Зияткерлік мектептердің 1-6-сыныптарына іріктеуге көмектесетін бағалау құралдарының базасы жаңғыртылды.

Оқушыларды Зияткерлік мектептерде ақылы оқуға қосымша конкурстық іріктеу

Биыл оқушыларды 2019-2020 оқу жылында Ақтөбе, Талдықорған, Орал, Ақтау, Атырау, Қарағанды және Шымкент (ХББ) қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 8, 9 және 11-сыныптарында ақылы оқуға қосымша конкурстық іріктеу жүргізілді. Іріктеуге 30 оқушы қатысты, оның ішінен 11 оқушы ақылы негізде оқуға қабылданды.

1.3 ВИРТУАЛДЫ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ МЕКТЕПТЕР

Виртуалды және демалыс кезіндегі мектепті ұйымдастыру жұмысы ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген нұсқаулар негізінде жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептердің 5-сынып оқушыларын Виртуалды мектепке тіркеу жұмысы 2019 жылдың наурыз айында өткізілді. Оған барлығы

1 704 оқушы қатысты. Демалыс кезіндегі мектепке 5-сыныпта оқитын **1 179 оқушы** қатысты.

«Виртуалды мектеп» және «Демалыс кезіндегі мектеп» жобасын жүзеге асыру аясында Виртуалды мектептің жаңартылған форматын, тапсырма түрлерін, кері байланыс жасау форматын, демалыс кезіндегі мектепке ауысу критерийлерін бағалау жүйесі әзірленді.

Виртуалды мектептің жаңартылған форматы бойынша оқитын 6-сынып оқушылары үшін бейнесабақтар мен олардың «Математика», «Қазақ тілі», «Қазақ тілі және әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс тілі және әдебиеті», «Ағылшын тілі» пәндерінен ағымдағы білімін бағалауға, сондай-ақ қорытынды тестілеуге бағытталған тест тапсырмалары әзірленді.

Жалпы білім беретін мектептердің 6-сынып оқушыларын Виртуалды мектепке тіркеу 2019 жылдың 15 қазаны мен 25 желтоқсаны аралығында жүргізілді. Оған барлығы **1 951 оқушы** қатысты. Демалыс кезіндегі мектепке 6-сыныптан **1 532 оқушы** қатысты.

ПЕДАГОГ МАМАНДАР

2.1	2.2	2.3	2.4	2.5
Мұғалімдерді конкурстық іріктеу	Педагог мамандардың сапалық құрамы	Біліктілікті арттыру жүйесі	Педагог мамандар жұмысын бағалау	Педагог мамандардың жетістіктері

2019 жылдың 1 желтоқсанындағы деректер бойынша Зияткерлік мектептерде 2 898 педагог қызмет атқарады, **оның ішінде 2 729-і – қазақстандық, ал 169-і – шетелдік мұғалімдер.**

2.1. МҰҒАЛІМДЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Зияткерлік мектептерде бос жұмыс орны болған жағдайда оған үміткер педагог мамандар үш кезеңнен тұратын ашық конкурстық іріктеу арқылы жұмысқа қабылданады. 2019 жылы педагог мамандарға деген сұраныс 184 (7%) бос орынды құрады.

Конкурстық іріктеудің негізгі қағидаларының бірі – ашықтық пен әділдік. Осылайша Зияткерлік мектептерге лайықты үміткерлер іріктеліп алынады.

Бос орынға конкурс өткізілетіні жайлы хабарландырулар ДББҰ сайтында – www.nis.edu.kz, «Қазақстан» арнасының жүгіртпе жолында, «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Талдау нәтижелеріне сүйене отырып, бос жұмыс орындарының пайда болу себептерін қарастыратын болсақ, ол бала күтіміне, оқуға түсу, отбасы жағдайына байланысты басқа қалаға көшу, жаңа форматтағы білім беру ұйымдарына ауысу болып табылады.

184 бос орынның 80%-ын тағылымгерлер мен отбасын құрып жатқан жас мұғалімдер мен/немесе магистратураға/докторантураға түсушілер құрайды.

2019 жылдың 1 желтоқсанындағы деректерге сүйенсек, мұғалімдердің 11%-ы (292) бала күтіміне байланысты демалыста болса, 8%-ы (221) – оқу демалысында.

Жалпы педагог қызметкерлердің 45%-ын (1233) жас қыз-келіншектер құрайды.

Зияткерлік мектептерде жаңа форматта білім беру талаптарына жауап бере алатын, халықаралық деңгейдегі құзыреттіліктерге ие педагог мамандар қатарын қалыптастыруға мүмкіндік беретін кәсіби дамыту жүйесі жақсы жолға қойылған.

Конкурстық іріктеу үш кезеңде өтеді: бірінші кезең – академиялық білімді тестілеу, екінші кезең – эссе жазу, үшінші кезең – сұхбаттасу.

Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша 1692 үміткердің 306-сы оң нәтиже көрсетті, оның ішінде 184 үміткер Зияткерлік мектептерге қабылданды, ал 122-сі кадрлық резервке ұсынылды.

Жұмысқа қабылданған 184 үміткердің 149-ы (81%) тағылымгер-мұғалім, 23-і (13%) – мұғалім, 10-ы (5%) – модератор-мұғалім, 2-еуі (1%) сарапшы-мұғалім лауазымдарына қабылданды. Осы 184 адамның 35-і (19%) – бакалавр, 145-і (79%) – магистр, 4-уі (2%) – PhD докторы, 2-еуі (1%) – ғылым кандидаты.

Педагогикалық шеберлік деңгейлеріне қарай қабылданған мұғалімдер үлесі



Жұмысқа қабылданған мұғалімдердің ғылыми дәрежесі

Бакалавр	19% (35 мұғалім)
Магистр	79% (145 мұғалім)
PhD докторы	2% (4 мұғалім)
Ғылым кандидаты	1% (2 мұғалім)

ДББҰ Басқармасының шешімімен және Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған педагог мамандардың жұмыс тәжірибесі мен кәсіби жетістіктері туралы мәліметтер негізінде 10 модератор-мұғалім және 2 сарапшы-мұғалім педагогикалық шеберлік деңгейі анықталғаннан кейін Зияткерлік мектептердің бос орындарына конкурссыз қабылданды.

Конкурстық іріктеуге қатысқан Назарбаев Университетінің 16 түлегі мұғалім лауазымына ұсынылды.

Конкурстық іріктеуге қатысқан ҚР жоғары оқу орындарының 588 түлегі ішінен 37 адам мұғалім лауазымына ұсынылды, оның 27-сі Атырау, Петропавл, Нұр-Сұлтан, Ақтау, Ақтөбе, Павлодар, Тараз қалаларындағы Зияткерлік мектептерде педагогикалық тәжірибеден өтті.

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы бос жұмыс орындар саны 375-тен (14%) 184-ге (7%) екі есе төмендеді.

Мұғалімдердің жұмыс орнында тұрақтамауын азайтуға бағытталған іс-шаралар нәтижесінде Зияткерлік мектептерде біліктілікті арттыру жүйесі құрылып, дамытылу үстінде.

Аталған біліктілікті арттыру шараларының жақсы өтіп, үйренген дағдылардың оқу-тәрбие үдерісіне енгізілуі нәтижеліліктің негізгі көрсеткіштеріне де байланысты. Мәселен, бұл көрсеткіш сыйақы мен жалақыға ынталандырушы үстемеақы мөлшеріне әсер етеді (мысалы, ағылшын тілінде оқытқаны үшін қосымша ақы төленеді).

Зияткерлік мектептерге «Болашақ» бағдарламасы, Назарбаев Университеті, Қазақстанның жоғары оқу орындарының магистратурасында ағылшын тілінде оқыған түлектерді тарту шаралары қабылданды. Жыл бойы бос жұмыс орындары жәрмеңкелері өткізіледі, Назарбаев университетінің сайтына педагогикалық қызметкерлер талап етілетін бос жұмыс орындары туралы хабарландырулар орналастырылады.

Зияткерлік мектептердің педагог мамандарды ынталандыру жүйесі – кадрларды өз қызметі арқылы жоғары нәтижелерге жетуге итермелейтін іс-шаралар кешені.

Жұмысқа қабылданбаған 1386 үміткердің 87%-ы (1228 адам) пән бойынша білімінің, ал 13%-ы пәнаралық дағдылардың төмен екенін көрсетті. Педагог мамандарды конкурстық іріктеуде ең қиыны – пәндік тест (1-тур), оның мазмұны мектеп бағдарламасына толықтай сәйкес келеді. Шекті деңгей – 25 ықтимал балдан 13 балл. Тесттегі әрбір дұрыс жауап үшін бір балл, ал қате жауап үшін – 0 балл беріледі. Эссе кезеңінде үміткерлердің өз ойларын анық әрі нақты жеткізе білу қабілеті және негізделген тезистерді алға тарта білу дағдысы бағаланады. Жоғарыда аталған екі дағдыны комиссия мүшелері мен комиссияға тартылған сарапшылар критерийлерге негіздеп, ережелерге сәйкес бағалайды. Сұхбат кезеңінде конкурстық комиссия үміткерлердің жауаптарына қарай олардың кәсіби және жеке қасиеттеріне назар аударады.

Педагогикалық өлшеулер орталығы мен Ақпараттық технологиялар орталығы бірлесіп, педагог мамандарды конкурстық іріктеу әдістемесін жаңарту, бағалау құралдарының сапасын арттыру және іріктеу рәсімдерін автоматтандыру жұмыстарын жүргізеді.

2019 жылы Педагогикалық өлшеулер

орталығы 9 пәннің тест спецификацияларын қайта қарап бекітті, 7 пәннен 925 тест тапсырмаларын әзірледі және тестілеу кезеңдерін өткізетін платформаны жаңарту жұмыстарын жүргізуде.

2020 жылы кадрларды басқару жүйесін енгізу жоспарлануда, бұл келешекте кадрларды іздеу, іріктеу, бағалау және бейімдеу үдерістерін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Шетелдік педагог мамандар

2020 жылдың 1 қаңтарындағы деректерге сәйкес Зияткерлік мектептерде 169 шетелдік мұғалім жұмыс істейді, бұл жалпы мұғалімдер санының 6%-ын құрайды.

Жалпы шетелдік кадрларды тарту жұмысы жалғастырылуда. Шетелдік педагог мамандармен тікелей байланысып, жұмысқа тарту үшін ДББҰ-ның корпоративтік сайтында ағылшын тіліндегі веб-парақша жұмыс істейді.

Шетелдік мамандарды жұмысқа тартуда үміткердің біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Бұл ретте, әрбір шетелдік педагогтің жеке құжаттары, оның ішінде, бұрынғы жұмыс орнынан берілген кепілдеме хаттар, кәсіби біліктілігін, сотталмағанын растайтын анықтама, жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық куәлік тексеріледі.

Есептік кезеңде 54 шетелдік педагог Зияткерлік мектептерге жұмысқа қабылданды. 115 шетелдік мұғаліммен былтыр бекітілген келісімшарттар ұзартылды.

169 шетелдік мұғалімнің 20-ы (12%) Халықаралық Бакалавриат Зияткерлік мектебіне, ал қалғандары NIS Programme бағдарламасын жүзеге асыратын 19 мектепке 6-7 мұғалімнен жұмысқа жіберілді. Жалпы шетелдік мұғалімдердің ішінен 101 адам (60%) бейіндік пәндерден сабақ береді (атап айтқанда, 32 адам (19%) – физикадан, 29-ы (17%) – химиядан, 22-і (13%) – биологиядан, 18-і (11%) – информатикадан); математика пәнінің 13 (8%) және ағылшын тілінің 40 (24%) оқытушысы қазақстандық мұғалімдермен бірігіп, SAT, IELTS халықаралық емтихандарына дайындайтын элективті курстар жүргізеді және бірлескен жобалық оқытуды жүзеге асырады (ЖПЖЖ).

Шетелдік мұғалімдер контингенті 30 елден құралған:

– 49 (29%) – Аустралия және Африка (ОАР және т. б.);

– 43 (25%) – Солтүстік және Оңтүстік Америка (АҚШ, Канада және т. б.);

– 41 (24%) – Еуропа (Ұлыбритания, Франция, Нидерланд және т. б.);

– 36 (21 %) – Азия (Сингапур және т.б.).

Елдерге бөліп қарастыратын болсақ, Ұлыбритания кезек бастап тұр, себебі шетелдік мұғалімдердің 29-ы (17%) осы елден келгендер.

Шетелдік педагогтер арасында 3 Phd доктор мен 174 магистр бар, сондай-ақ 50 шетелдік мұғалім IBDP, TESOL, ESL, TEFL Халықаралық біліктілік сертификаты мен IELTS, CELTA, DELTA тіл емтихандарын қабылдаушы куәліктеріне ие.

2019 жылы Зияткерлік мектептерде оқушылар өздері таңдайтын екінші шет тілін (неміс, француз, қытай, корей, жапон) элективті курстар түрінде оқыту жұмыстары жалғастырылды. Осыған орай тағы 10 шетелдік мұғалім тартылды.

2019 жылы Қазақстан еліндегі Франция және Корея Республикаларының елшіліктерімен тіл иелері ретінде Зияткерлік мектептерде екінші шет тілін оқыту жөніндегі серіктестік қарым-қатынас жалғасын тапты. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде Зияткерлік мектептерге 1 француз тілі мұғалімі және 2 корей тілі мұғалімі жұмысқа орналасты. Барлық педагог мамандардың екінші шет тілін оқыту тәжірибесі бар. Осы жоба аясындағы жұмысты одан әрі жалғастыру жоспарлануда.

Шетелдік мұғалімдер жергілікті әріптестерімен бірлесе жұмыс істей отырып, оларға пәндерді ағылшын тілінде оқытуға қолдау көрсетеді, сабақ пен тәжірибені бірігіп зерттейді.

2.2. ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Мұғалімдердің жасы

Мұғалімдердің жасына талдау жасасақ, 31-40 жас аралығындағы мұғалімдер саны (110 адам) артқанын байқаймыз. Бұл Зияткерлік мектептерге тәжірибелі жас мамандардың тартылуының дәлелі. 30 жасқа дейінгі мұғалімдердің саны былтырға қарағанда 5%-ға азайса, 31 мен 40 жас аралығындағы мұғалімдер саны 3%-ға артқан. Мұны мұғалімдер жасының ұлғайып, бір жас санатынан екінші санатқа көшуімен түсіндіруге болады, бұл – табиғи үдеріс.

40 жасқа дейінгі мұғалімдердің үлесі 64%-ды, ал 40 жастан асқан мұғалімдердің үлесі 36%-ды құрайды, бұл тәжірибелі мамандар мен болашағынан үміт күттіретін жас мұғалімдер тепе-теңдігінің сақталып отырғанын көрсетеді.

Мұғалімдердің жасы, 2018-2019 жж.



Жұмыс өтілі

Бүгінгі күні кадрлардың табиғи қозғалысы мен тұрақтамауына байланысты мұғалімдердің жұмыс өтіліне қатысты көрсеткіштер сәл ғана өзгеріп, өткен есептік кезеңдегі деңгейде қалған.

Жұмыс өтілі 10 жылдан кем педагог мамандардың үлесі 4%-ға азайды, себебі мұғалімдердің жасы ұлғайып, олар келесі жас санатына өткен. Жұмыс өтілі жылдан-жылға артып, мұғалімдердің бір санаттан екінші санатқа өтуі табиғи үдеріс.

Жалпы мұғалімдердің шамамен 51%-ының жұмыс өтілі 10 жылға дейін, ал 49%-ның жұмыс өтілі 10 жылдан астам. Бұл мұғалімдер құрамының тепе-теңдігін көрсетеді және аралас контингент саясатының нәтижесі болып табылады.

Мұғалімдердің жұмыс өтілі, 2018-2019 жж.



Шеберлік деңгейі

Мұғалімдердің шеберлік деңгейлерін қарастыратын болсақ, 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы модератор-мұғалімдердің саны 11%-ға, сарапшы-мұғалімдер саны 2%-ға артқан, ал тағылымгер-мұғалімдердің саны 1,7%-ға, мұғалім деңгейіндегі оқытушылар саны 5%-ға кеміді. 1 зерттеуші-мұғалім шебер-мұғалім деңгейіне дейін өсті.

Педагогикалық шеберлік деңгейі бойынша мұғалімдердің үлесі, %

Жыл	Шеберлік деңгейі бар мұғалімдердің жалпы саны	Педагогикалық шеберлік деңгейі бойынша					
		тағылым-гер	мұғалім	модератор	сарапшы	зерттеуші	шебер
2018	3039	481 (15,8%)	1177 (38,6%)	1088 (29,7%)	287 (9,4%)	6 (0,2%)	-
2019	3020	427 (14,1%)	1011 (33,5%)	1233 (40,8%)	343 (11,4%)	5 (0,2%)	1 (0,03%)

Гендерлік құрамы

Жалпы 2019 жылы Зияткерлік мектептерде 748 (27%) ер адам және 1981 (73%) әйел адам жұмыс істейді.

Ер адамдар мен әйел адамдар санының арақатынасын қарастыратын болсақ, 2018 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1%-ға өзгерген – әйел адамдар саны азайып, сәйкесінше ер адамдар саны артқан.

2012-2019 жылдар аралығындағы гендерлік арақатынас ер адамдар санының артуы және әйел адамдар санының азаюы жағына қарай орта есеппен 5-6%-ға өзгергенін атап өткен жөн, бұл өз кезегінде оқу және тәрбие үдерісіне жағымды ықпал етеді.

Мұғалімдердің гендерлік құрамы, 2018-2019 жж.



Академиялық және ғылыми дәрежесі

Бүгінгі күні Зияткерлік мектептерде мұғалімдердің 30%-ы академиялық (магистр, PhD) немесе ғылыми дәрежеге ие.

2018-2019 жылдар аралығында ғылыми дәрежесі бар мұғалімдердің саны 18 адамға артты. Зияткерлік мектептердің әрбір үшінші мұғалімінің ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар.

Зияткерлік мектептердің педагог мамандарының академиялық және ғылыми дәрежесі, 2018-2019 жж.

Академиялық және ғылыми дәреже	2018 жыл	2019 жыл
Phd докторы	5	12
Ғылым кандидаты	18	22
Магистр	779	786
БАРЛЫҒЫ	802/30%	820/30%

Сертификатталған тренерлер

2019 жылы басты ішкі ресурсты дамыту жұмысы, атап айтқанда, Зияткерлік мектептердің педагог мамандары қатарынан сертификатталған тренерлер кластерін дамыту жұмысы жалғастырылды. Тренерлердің міндеті – әріптестерін сабақ беру жұмысынан үзбей жұмыс орнында әртүрлі кәсіби қарым-қатынас арқылы қолдау.

2019 жылы тренерлер саны 240 адамға толықты: 30 бейінді пән мұғалімі Ұлыбританияның жалпы білім беретін мектептерінде CLIL әдістемесінен; жоғары сыныптарда ағылшын тілінде сабақ беретін 160 бейінді пән мұғалімі Blended Training Program бағдарламасынан; Зияткерлік мектептер әдістемелік бірлестіктерінің 50 жетекшісі мен директордың орынбасарлары педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дамуын қолдау жөніндегі ПШО бағдарламасынан тағылымдамадан өтті.

Сөйтіп 2019 жылдың соңында Зияткерлік мектептерде 921 тренер жұмыс істеді, олардың ішінде 334 тренер (36%) ағылшын тілін оқыту және бейінді пәндерді (CELTA, DELTA, TKT, CLIL, CELTYL) ағылшын тілінде оқыту бойынша тәлімгерлік етеді; 181-і (20%) – мұғалімдердің тәжірибесі мен көшбасшылығы бойынша рефлексия дағдыларын дамытады (ПШО, ПӨО бағдарламалары); 75-і (8%) – робот техникасы; 187-і (20%) – оқу бағдарламаларын жүзеге асыру (Triple Science, Nxplorers, IB бағдарламалары, ықтималдылық теориясы, PISA, CITO, жаңартылған мазмұн, Microsoft); 121-і (13%) – оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен дарындылығын дамыту тренерлері.

Зияткерлік мектептерде «Болашақ» бағдарламасының 93 түлегі және Назарбаев университетінің 142 түлегі мұғалім болып жұмыс істейді. Қазіргі уақытта 6 мұғалім «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуын жалғастыруда, 29 мұғалім Назарбаев университетінің магистратурасында оқуын аяқтады.



2.3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ

CIS ұсынымдарын талдау, педагогтарды аттестаттау нәтижелері, оқушылардың СЖБ-сы, ағымдағы БЖБ/ТЖБ, оқушылардың оқу нәтижелерін мониторингілеу, педагог мамандардың кәсіби сұранысын анықтау негізінде біліктілікті арттыру жұмысы төменде көрсетілген бағыттар аясында жүзеге асырылады:

– NIS-Programme бағдарламасы мен Халықаралық Бакалавриат (IB) бағдарламасын жүзеге асыру мәселесі бойынша қолдау көрсету (мектептегі СП және ГП, ЖӘК, БББО әдістемелік қолдауы, академиялық білімді арттыру, мектепте және мектептен тыс магистратура және PhD);

– оқушылардың оқу жетістіктерін критерийлер негізінде бағалау мәселесі бойынша қолдау көрсету (ПӨО әдістемелік қолдауы, сабақ беру тәжірибесін зерттеу);

– бейінді пәндерді ағылшын тілінде оқыту дағдыларын дамыту (мектеп ішіндегі бақылау, біліктілікті арттыру курстары, тағылымдама, сабақ беру тәжірибесін зерттеу нәтижелерін ағылшын тілінде дайындау);

– зерттеу жұмысы арқылы сабаққа және тәжірибеге кәсіби рефлексия жүргізу дағдыларын дамыту («Action Research», «Lesson study» жобалары);

– білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау;

– «Дарынды балаларды оқыту» бағдарламасын жүзеге асыру.

Курстар аудиторияда да, онлайн да, мектепте аралас форматта да, мемлекетте де, шетелде де өткізіледі. Курстарды өткізу мерзімі оқу үдерісіне бейімделген.



ДББҰ қызметкерлерін кәсіби дамыту жүйесі шеңберінде есептік кезеңде **5 834** адам оқытылды, оның ішінде **5 029** адам – мектеп ішіндегі курстарда, 800 адам – елде, 5 адам – шетелде оқыса, 30 адам шетелдік тағылымдамадан өтті.

Мектепішілік курстар

Зияткерлік мектептерде педагог мамандардың біліктілігі желі және мектеп ішінде қарым-қатынас жасау арқылы дамытылады. Әр жыл сайын мұғалімдер кәсіби даму мақсаттарын айқындап, оған жетудің жеке жоспарын құрады. Мектеп ішіндегі курстар жүйесі кәсіби қарым-қатынас жасаудың әртүрлі нысандарын қамтиды: (тренингтер, коучингтер, менторингтер, семинарлар, конференциялар, қолдау сессиялары, әдістемелік сағаттар, әдістемелік күндер).

Мектепішілік курстар аясында барлығы **5 029** адам, оның ішінде «Қазақ тілі» модулінен – **545** адам, «Ағылшын тілі» модулінен – **1 069** адам, «АКТ» модулінен – 579 адам, «Педагогикалық білім» модулінен – **2 836** адам оқыды.

Еліміздегі курстар

Еліміз бойынша 35 курс өткізілді, онда ДББҰ-ның 800 қызметкері оқыды. Кәсіби біліктілік төменде көрсетілген негізгі бағыттар бойынша арттырылды:

«Оқыту теориясы мен практикасын дамыту» – 49 адам

№	Курс атауы	Оқытылған адам саны
1	Mathematics: Applications and interpretation, дипломдық бағдарламаға арналған, 2-категория	1
2	ITGS, category 2	1
3	The role of the supervisor in extended essays, 3- категория	6
4	History: focus an internal assessment, 3-категория	1
5	Arts: Delivering the MYP programme, 2-категория	1
6	Design: Delivering the MYP curriculum, 2-категория	1
7	Individuals and societies: Delivering the MYP curriculum, 2-категория	3
8	Physical and health education: Delivering the MYP curriculum	1
9	Sciences: Delivering the MYP curriculum	1
10	Mathematics - Delivering the MYP curriculum	1
11	Mathematics: analysis and approacher, дипломдық бағдарламаға арналған, 2-категория	1
12	Mathematics: aplication and interpretations, 2-категория	1
13	Film (Фильм), 1-категория	2
14	Geography (География), 1-категория	1
15	Heads of School/IB coordinators: Delivering the MYP curriculum, 2-категория	2
16	Building self-directed learners through approaches to learning, 3-категория	1
17	«Назарбаев Зияткерлік мектептері феномендеріне негізделген жобаларды құру» атты біліктілікті арттыру курсы	24

«Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» – 194 адам

Мұғалімдердің педагогика және психология саласындағы біліктілігін арттыру барысында әдістемелік өнімдер дүниеге келеді. Мысалы, Зияткерлік және жалпы білім беретін мектептердің психолог мамандарына арналған «Балаларға мектепте психологиялық кеңес беру негіздері» курсы әзірленгенін айта кетуге болады.

UNODC-тың «Ынтымақты отбасы» бағдарламасының бейімделген нұсқасы пилоттық режимде өткізіліп, 2019 жылдан бастап Зияткерлік мектептердің 7-сынып оқушылары мен олардың ата-аналарына ұсынылады.

№	Курс атауы	Оқытылған адам саны
1	Оқушылардың ғылыми шығармашылығы мен адамгершілігін дамыту	43
2	Рухани-адамгершілік тәрбиеге заманауи көзқарас	46
3	Балаларды түсіну	52
4	Тренерлерге арналған тренинг	28
5	UNODC-тың «Ынтымақты отбасы» бағдарламасы аясында тренерлерге арналған курс	25

«Тілдік құзыреттілікті дамыту» - 11 адам

№	Курс атауы	Оқытылған адам саны
1	Language acquisition: Delivering the MYP curriculum, 2-категория	2
2	Language and literature: Delivering the MYP curriculum, 2-категория	1
3	Language A: Exploring literature in translation, 3-категория	5
4	Language A and literature, 2-категория	2
5	Орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының халықаралық бейкоммерциялық әріптестігінің МАПРЯЛ «Көптілді әлемдегі орыс сөзі» тақырыбындағы XIV конгресіне қатысу	1

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес *(медицина қызметкерлері, баспасөз хатшылары, сатып алулар және т.б.)* ***«Қызмет бағыттары бойынша кәсіби дағдылар» – 546 адам***

№	Курс атауы	Оқытылған адам саны
1	«Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы, оларды сақтау және қолдану» біліктілігін арттыру курстары	440
2	Балалар дәрігерлерін оқыту	5
3	Жалпы мейірбикелік технологиялар / Емдік тамақтану	19
4	Тіс дәрігерлерінің біліктілігін арттыру курстары	1

5	ХҚЕС және қолдану тәжірибесі, жаңа ХҚЕС енгізу	20
6	Тауарлық-материалдық қорлар және негізгі құралдар, бухгалтерлік және салықтық есептің ерекшеліктері	3
7	Басқарушылық есеп. Жеке тұлғаның табысын салықтық есепке алу	20
8	Еуразия электрондық порталындағы (ЕЭП) жұмысты таныстыру семинар-практикасы	20
9	Баспасөз хатшысы жұмысындағы ақпараттық және PR-басымдықтар	18

Қазақстан Республикасында жаңа алғашқы әскери дайындық бағдарламасының енгізілуіне байланысты 2018 жылдан бастап АӘД пәнінің 20 мұғаліміне арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» курсы өткізілді.

Шетелдік курстар

Шетелдік курстардың басым бөлігі Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі филиалының педагог қызметкерлеріне арналған Халықаралық бакалавриат талаптарына сәйкес жүргізілді. 5 бағыт бойынша 5 мұғалім оқытылды.

№	Курс атауы	Өткізу орны мен мерзімі	Оқытылған адам саны
1.	Developing service learning MYP, 3-категория	БАӘ, Дубай қ.	1
2.	Language B (English B), 2-категориялы дипломдық бағдарламаға арналған	БАӘ, Дубай қ.	1
3.	Language A (English A): Language and literature, 2-категория	Чехия, Прага қ.	1
4.	Coordination (Дипломдық бағдарламаның үйлестірушісі), 2-категория	БАӘ, Дубай қ.	1
5.	Білім беру саласы зерттеушілерінің Еуропалық қауымдастығының қолдауымен зерттеуші-практиктердің жазғы мектебіне қатысу	Брно қ. Masaryk University, (Чех Республикасы)	1

Зерттеу қоғамдастығы арқылы зерттеу дағдыларын дамыту

Педагог мамандарды кәсіби дамыту үшін біліктілікті арттырудың әртүрлі нысандары аралас қолданылады: мектеп ішіндегі курстар, менторинг, коучинг, «Action research», «Lesson study», олар аттестация шеңберінде кәсіби біліктілікті дамыту мақсатына қол жеткізуге көмектеседі.

Зияткерлік мектептердің зерттеу қоғамдастығында 2000-нан астам мұғалім бар. Демек, Зияткерлік мектептерде қызмет атқаратын педагог мамандар (77%) өз тәжірибелерін Action Research және Lesson Study арқылы зерттейді. Әр мектепте өз сабақ тәжірибесін зерттейтін мұғалімдер үлесі 63%-дан 93% аралығында, яғни мұғалімдер өз жұмысын жақсарту үшін зерттеу жүргізу қажет екенін түсінеді. Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне сүйенсек, «Action Research» пен «Lesson Study» жобаларына тартылған мұғалімдер үлесі мен оқушылардың жетістіктері өзара байланысты (ақпараттық анықтама: Өскемен – AR және LS – 71%, Тараз - AR және LS – 90%).

Педагог мамандардың өз зерттеу жобаларының нәтижелерін әртүрлі деңгейдегі конференцияларда ұсыну белсенділігінің артқаны байқалады. Мысалы, 2019 жылы мектепішілік, өңірлік және республикалық конференцияларға 600-ден астам педагог қатысып, әртүрлі форматтарда баяндамалар (постер сессиялар, таныстырылымдар) жасады. Жыл сайынғы «Зерттеуші мұғалім» журналын басып шығару жұмысы жалғасып келеді, биыл онда Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің 100-ден астам мақаласы жарияланды.

Мұғалімдердің зерттеу дағдыларын, сондай-ақ мектепте зерттеу мәдениетін дамыту үшін ПШО-мен бірге мұғалімдер тәжірибесін зерттеу жөніндегі тренерлерді дайындау курсы ұйымдастырылды. Курс аясында Зияткерлік мектептердің 300 педагог маманы жұмыс орнында оқытылды.

Зерттеу жұмысы



Зияткерлік мектептерде қызмет атқаратын педагог мамандардың ECER (32 абстракт) және WALS (47 абстракт) білім беру конференцияларына қатысу үшін тапсыратын абстрактілерінің халықаралық академиялық комитеттермен мақұлдануы және мұндай мақұлданған абстрактілер санының айтарлықтай өсуі сыныпта өткізілетін зерттеулердің сапалы екенін көрсетеді.

Дүниежүзілік Сабақты зерттеу қауымдастығының **(WALS)** биылғы жылдың қыркүйегінде Амстердам қаласында (Нидерланд) өткен дәстүрлі конференциясы «Оқу мен оқыту үшін тұрақты педагогиканы құру» секілді өзекті тақырыпқа арналды, оған әлемнің 40 елінен мыңнан астам педагог мамандар жиналды. Конференцияға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тарапынан 32

адамнан тұратын делегация, оның ішінде Педагогикалық шеберлік орталығының 9 қызметкері де қатысты. Олардың барлық баяндамалары әртүрлі білім беру құрылымдарындағы сабақты зерттеу тәжірибесі тиімді әрі негізді екендігі жайлы болды, сондай-ақ Lesson Study әдістемесінің мектепті үздіксіз жетілдіру және зерттеушілер мен мұғалімдердің ынтымақтастығын дамыту құралы ретінде маңыздылығын дәлелдеуге арналды.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің төрт мұғалімі Халықаралық бакалавриат бағдарламасы аясында сабақты зерттеу тәжірибелерімен бөлісті: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жадыра Сейсембаева зерттеу циклы арқылы оқушылардың жазу дағдыларын жақсарту әдістері туралы; Дана Қасымбаева Lesson Study әдістемесінің химия сабақтарында оқыту үдерісін қалай жандандыруға көмектесетінін; ағылшын тілі мұғалімі Татьяна Машинец Lesson Study әдістемесінің жас мұғалімнің кәсіби дамуындағы орны туралы; Қарлығаш Жарбулова сабақты зерттеу оқушылардың метакогнитивтік дағдыларын дамытуға қалай ықпал ететіні жөнінде айтып берді. Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Наталья Ким постер ұсынып, талдау дағдыларын дамыту үшін АКТ технологияларын пайдалану тәсілдері туралы; Ақтау қаласынан келген биология пәнінің мұғалімі Гүлжан Нүсіпжанова биологиялық үдерістер мен ұғымдарды меңгертудегі модельдеудің рөлі жөнінде баяндама жасады. Адами ресурстарды басқару департаменті (аға менеджер Ирина Мадеева) Зияткерлік мектептердің іс-тәжірибедегі зерттеу және сабақты зерттеу жөніндегі жинақталған тәжірибесін кәсіби даму стратегиясы ретінде ұсынды.

Ұйымдастырушылар қазақстандық делегацияның баяндамаларын ең үздік баяндамалар қатарына жатқызды. Барлық баяндамалар шетелдік әріптестердің қызығушылығын тудырып, жағымды пікірлер білдірді.

Зияткерлік мектептердің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша үздік тәжірибесі алғаш рет 2019 жылы Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлерінің тамыз конференциясында ұйымдастырылған «Табысты практикалар панорамасында» ұсынылды. Зияткерлік мектептер жұмысының негізгі бағыттары бойынша нәтижелі жобалар, атап айтқанда, пәндік білім, STEM-технологиялар, көшбасшылық және мектептегі басқару, бейіндік пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесі, оқушыларды дамытудың жеке траекториясы конференцияға қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырып, тәжірибе алмасу және табысты жобаларды енгізу мәселелері талқыланды. Панорама материалдары «Педагогикалық диалог» журналында жарияланды.

Бейінді пәндерді ағылшын тілінде оқыту дағдыларын дамыту

Зияткерлік мектептерде физика, химия, биология және информатика пәндерінің мұғалімдері кәсіби қоғамдастық құрған, оның құрамына 894 оқытушы кіреді, олардың 430-ы немесе 43%-ы 11-12-сыныптарда ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдер. Есептік кезеңде 217 бейінді пән мұғалімдері әртүрлі біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

1) Бейінді пән мұғалімдерінің тілдік дағдыларын дамытып, ағылшын тілінде оқытуға дайындау үшін физика, химия, биология, информатикадан сабақ беретін **30 мұғалім** Лондон қаласына пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL – Content and Language Integrated Learning) тәсілдемесін үйренуге **екі апталық тағылымдамаға** барды.

Тағылымдама барысында қатысушылар оқыту ісінде CLIL әдістемесін қолдану ерекшеліктерімен танысып, Ұлыбританияның мемлекеттік жалпы білім беретін мектептеріндегі оқыту үдерісінің қалай өтетінін өз көздерімен көрді. Тағылымдама нәтижесінде мұғалімдердің авторлық тобы бейінді пәндерде пән мен

тілді қалай кіріктіріп оқыту керектігі жайлы әдістемелік құралдар әзірлеп, оларды сабақ жоспарлары мен сабақтарда CLIL әдістемесін апробациялау барысында қолданды. Курс аяқталғаннан кейін барлық қатысушылар CLIL тренерлері сертификатына ие болды.

2) Жоғары сыныптарда бейіндік пәндерді ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдердің тілдік құзыреттілігін дамыту үшін физика, химия, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде тиімді оқытудан біліктілікті арттыру бағдарламасы ұйымдастырылды (Blended Teacher Training Program). **160 педагог маман 5 ай ішінде** (2019 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейін) топтық/жеке және аудиториялық/қашықтықтан оқу форматында оқытылды. Аудиториялық модульдерде пәндерді оқыту құралы ретінде ағылшын тілін белсенді қолдану мәселесі қарастырылып, пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL) тәсілдемесі үйретілді. Қашықтықтан оқу модулінде тренерлер қатысушыларға оқыту ісіне қолдау көрсетті, CLIL әдістемесі қолданылған сабақ үзінділері жазылды және VEO білім беру платформасындағы онлайн семинарлар кезінде мұғалімдер бір-бірінің сабақтарын талқылап, кері байланыс жасады. Курстың ұйымдастырушысы – British Study Centres компаниясы (Ұлыбритания), ол CLIL әдістемесінен 10 халықаралық тренердің жұмысын үйлестіреді.



Ағылшын тілінде оқыту деңгейін арттыру мақсатынан басқа курс пән мен тілді кіріктіріп оқыту тренерлерінің санын көбейтуді көздейді. Себебі курс аяқталғаннан кейін тренерлер әріптестерін мектеп ішіндегі курстар аясында оқытып, Зияткерлік мектептерде CLIL әдістемесінен үйлестіруші бола алады. Педагог мамандар мен мектеп әкімшілігі курсты жоғары бағалап, оның практикалық маңызы мен тиімділігін атап өтті.

3) NIS Programme аясында кіріктіріп оқыту тиімділігін арттыру мақсатында Білім беру бағдарламалары орталығымен бірлесе отырып, 2019 жылдың 18-22 наурызы аралығында 27 бейінді пән мұғалімі мен орталықтардың (ПӨО, БББО) 2 қызметкері үшін құбылыстарға негізделген жобаларды құру біліктілігін арттыру курсы ұйымдастырылды (PhBL). Оқытуды EduCluster Finland (Финляндияның Ювяскюля университетінің құрамына кіретін ECF – білім беру компаниясы) сарапшылары жүргізді. Курс бағдарламасы химия, биология, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің

теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін біріктірді. Курс барысында қатысушылар құбылыстарға негізделген сабақ жоспарларының үлгісін жасады.

Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерді оқыту дағдыларын дамыту нәтижесінде Зияткерлік мектептердің мұғалімдері халықаралық кәсіби конкурстарда өз оқыту тәжірибесін табысты ұсына бастады. Мәселен, оқытушылар өздерінің көпжылдық жоба нәтижелерін STEM мұғалімдеріне арналған «Science on stage Qazaqstan - 2018» республикалық фестивалінде ұсынып, жеңімпаз атанған мұғалімдер «European Science on Stage - 2019» атты өте ірі білім беру фестиваліне жолдама алды. Аталған іс-шара 2019 жылдың қараша айында Португалияның Кашкайш қаласында «Болашаққа қажет дағдылар» тақырыбында өтті. Әлемнің 36 елінен келген 450-ден астам мұғалім осы білім беру алаңында жаратылыстану ғылымдары саласындағы инновациялық жобаларын ұсынды.

Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің жобалары STEM пәндері бойынша еуропалық мұғалімдердің қызығушылығын тудырып, бірнеше санатта аталып өтті: «Ғылымды оқытуды тұрақты дамыту», «Цифрлық сауаттылық және ғылымды оқыту», «Қолжетімді және «қайта өңделген» ғылым».

Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің физика пәні мұғалімі Смағұлова Айнұр STEAM пәндерін оқытудан әдістемелік материалдарын ұсынды. Бұл оның Action Research немесе практиканы іс жүзінде зерттеу бойынша мектеп жобасындағы төрт жылдық жұмысының нәтижесі болып табылады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері Серік Мұқанов пен Қымбат Дюсембаева әзірлеген «Air Garden» жобасы қазылар алқасының шешімімен «Highly Commended Award» жоғары марапатына ие болды. Жоба биология, химия, физика, робот техникасы, құрастыру, дизайн сияқты пәндердің білімін кіріктіру мүмкіндіктерін көрсетті. Өз жұмысында мұғалімдер оқушылардың қолда бар әртүрлі құралдар мен Lego EV3 микрокомпьютерінің көмегімен жасаған автоматтандырылған аэропон қондырғысы арқылы өсімдіктерді тік қалыпта өсіру үдерісін көрсетті.

Халықаралық білім беру алаңдарында ұсынылған табысты жобалардың қатарында Тараз қаласындағы Зияткерлік мектептің биология пәнінің мұғалімі И.В. Аксёнованың «Биология пәнінің мұғалімдерін технологиялық және пәндік білімнің өзара әрекеттесу тәсілдеріне оқыту» тақырыбындағы жұмысы да бар. Жоба «IT білім беру жүйесіндегі инновациялық ақпараттық-педагогикалық технологиялар» тақырыбындағы IX халықаралық конференция-байқауында жеңімпаз атанды, аталған іс-шара 2019 жылдың 21-24 қарашасында М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Есептеу математикасы және кибернетика факультетінде (ЕМК) өткізілді. Бұл конференция тұрақты түрде жұмыс істейтін кәсіби ақпараттық технологияларды құруды көздейді. Мұндағы мақсат – білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланатын үздік оқыту тәжірибелері мен инновациялық педагогикалық шешімдерді ұсынатын, жалпыға қолжетімді электрондық кітапхана ашып, дамыту.

И.В. Аксёнованың жобасы педагог мамандардың ақпараттық технологиялар саласында үздіксіз білім алу мүмкіндігін көрсетті, бұл өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Осындай бағытта ұйымдастырылған оқыту үдерісі оқушыларды қазіргі қоғамның (VUCA) талаптарына дайындап, балалалардың білімге деген сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту үдерісі мен мұғалімдерді кәсіби дамыту тәжірибесі байқауға қатысушылар мен қазылар алқасының қызығушылығын туғызды.

«Дарынды балаларды мектепте оқыту» бағдарламасын жүзеге асыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 17 филиалынан 28 педагог маман «Дарынды балаларды мектепте оқыту» курсын онлайн оқып жатыр. Курста мектептегі дарынды оқушыларды анықтау әдістері үйретіледі, оқу бағдарламасын саралау түсінігі дамытылады, сондай-ақ оқыту мен оқуда саралау стратегияларын пайдалану дағдылары жетілдіріледі және дарынды оқушыларды оқытып, бағалаудың тиімді модельдері қарастырылып, қолданылады.

«Дарынды балаларды мектепте оқыту» бағдарламасын жүзеге асыруға мониторинг жүргізу және тренерлерді оқыту

Педагогикалық өлшеулер орталығы жыл сайын 60 тренердің тәжірибесін бақылау және дарынды балаларды оқыту және бағалау мәселелері бойынша педагог мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Дарынды балаларды мектепте оқыту» бағдарламасын жүзеге асыруға мониторинг жүргізеді.

2019 жылғы мониторинг аясында 20 Назарбаев Зияткерлік мектебіне іссапарлар ұйымдастырылды. Іссапарлар барысында тренерлер мен мұғалімдерге арналған 57 консультация өткізілді, 5 тренер мен 86 мұғалімнің сабақтары бақыланып, 159 мұғалім мен 42 тренер арасында сауалнама жүргізілді. Мониторинг нәтижесінде талдамалық есеп әзірленді, есепте жұмысты жетілдіру бойынша кеңестер берілді.

«Дарынды балаларды мектепте оқыту» бағдарламасының жүзеге асырылуын мониторингілеу нәтижелерін талқылау, мектепте ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қатысты сауалнама жүргізу, сондай-ақ дарынды оқушылармен өткізілетін жұмысты жоспарлап, тәжірибемен алмасу мақсатында ДББҰ-ның жыл сайынғы тамыз конференциясында панельдік талқылау ұйымдастырылады.

2018 және 2019 жылдардағы мониторинг нәтижелерін салыстыру.

1-кесте. 2018 және 2019 жылдардағы мониторинг нәтижелері бойынша салыстырмалы деректер

Көрсеткіштер		2018	2019
Мұғалімдерді оқыту (қанша мұғалім тартылды)		62%	69%
Шығармашылық топтар		6 – Нұр-Сұлтан IB, Атырау, Ақтау, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар. Мектеп желісі деңгейінде қауымдастық құрылды	Петропавл, Нұр-Сұлтан IB, Атырау, Ақтау, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар.
Сабақта қолдану (қанша мұғалім тартылды)		70%	79%
Дарындылық мәселесіне қатысты тәжірибені зерттеу (қанша мұғалім тартылды)		9% (2017-2018 оқу жылы) 12% - 16% (2018-2019 оқу жылы)	18%
Тәжірибені тарату	1. Семинар және шеберлік сабақтары	31	37
	2. Конференцияларда баяндамалар жасау	4	3
	3. Жарияланымдар	3	2
	4. Әдістемелік материалдарды әзірлеу	7	9

Мониторинг нәтижелерін талдайтын болсақ, оқытылған мұғалімдер саны мектептер бойынша орта есеппен 7%-ға өскен. Балалардың бойындағы дарынын дамыту мәселелерін зерттейтін және оларды оқытумен айналысатын шығармашылық топтардың саны артты (18 мектептің 11-інде шығармашылық топтар құрылып, жұмыс істеуде). Саралау стратегияларының оқушылар үлгеріміне және олардың қабілеттерінің дамуына тигізер әсерін зерттеу мәселесін өздерінің кәсіби даму мақсатымен байланыстырған педагог мамандар саны (6%-ға) артты.

Сонымен қатар төменде көрсетілген мәселелер бойынша мұғалімдердің зерттеу жүргізу тәжірибесін дамыту салалары анықталды:

– дәлелдер келтіру, сұрақтар қою, проблемаға негізделген оқыту үлгілерін қолдану және олардың оқушылардың білім алу сапасына әсері;

– сабақтарда саралау қағидаттарын қолдану;

– пәндерді кіріктіру.

Мониторинг нәтижелеріне сүйенсек, бағдарламаны жүзеге асыру сапасын арттыру үшін мектепте дайындықтан өткен тренерлер жеткілікті (оқыту тілін ескере отырып) болу керек.

«Дарынды балаларды мектепте оқыту» бағдарламасы бойынша 19 мектептің 28 педагогы мен Педагогикалық өлшеулер орталығының 23 қызметкеріне арналған қашықтықтан оқыту курсы өткізілді. Тренерлердің портфолиоларын бағалау нәтижесінде бағдарлама бойынша 1 портфолио сертификатталып, 32 портфолио қайта сертификатталды. Сабақта саралауды қолдануға қатысты әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Педагогикалық өлшеулер орталығы Білім беруді бағалау жөніндегі еуропалық қауымдастық ұйымдастырған халықаралық конференцияға қатысып, «Саралаудың дарынды балаларды оқыту сапасына әсері» тақырыбындағы мониторинг аясында жасаған зерттеу постерін ұсынды.

2.4. ПЕДАГОГ МАМАНДАР ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ

Кәсіби құзыреттілікті бағалау негізінде педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру, олардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін аталған тұлғалардың кәсіби жетістіктері мен перспективаларын анықтау мақсатында педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды қызметтік бағалау (аттестаттау) жүргізілді. Мұғалімдерді аттестаттау үш кезеңде өткізіледі: сабақты бақылауға негізделетін мектептік бағалау, сабақ жөніндегі рефлексивті есепті тәуелсіз бағалау және соңғы қорытынды кезең – таныстырылым мен сұхбаттасу нәтижесінде шешім қабылдау кезеңі.

Бірінші кезең – мектептегі бағалау. Сабақ өзара бағалау, сондай-ақ жоспарлау, оқыту, оқушыларды бағалау және сабақты кешенді талдауға байланысты кері байланыс жасау бойынша бақыланады.

Екінші кезең – тәуелсіз бағалау. Педагогикалық өлшеулер орталығы аттестаттау шеңберінде тәуелсіз бағалау кезеңін өткізеді. Бұл кезеңде рефлексивті есепте бөтен жұмыстан көшірілген/көшірілмегені тексеріледі, есептер критерийлер негізінде тәуелсіз бағаланады, тәуелсіз бағалау нәтижелері модерацияланады және мұғалімдерге кері байланыс жазылған бағалау парақтары ұсынылады.

Рефлексивті есепті тәуелсіз бағалау нәтижесінде талдамалы есеп жасалады, онда оқыту мен оқу тәжірибесін жақсарту және мұғалімдерді кәсіби дамыту жөнінде ұсыныстар жазылады.

Соңғы үшінші қорытынды кезеңде дәлелдер портфолиосы мен оқыту практикасын талдау презентациясы қарастырылады: оқыту сапасы, оқушылардың жетістіктері, өзара кәсіби қарым-қатынас және өз бетінше кәсіби даму жолын қадағалау.

Аттестаттау нәтижелері бойынша 493

мұғалімнің 381-і аталған деңгейге сәйкес келді, 34-і сәйкес келмеді, 1 мұғалімнің аттестаттау мерзімі дәлелді себептермен басқа күнге ауыстырылды.

Педагогикалық шеберлік деңгейлері мұнша педагогқа берілді: «мұғалім» – 59 адам, «модератор-мұғалім» – 260 адам, «сарапшы-мұғалім» – 61, «шебер-мұғалім» – 1.

Зияткерлік мектептер желісі тарихында алғаш рет Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің математика пәнінің зерттеуші-мұғалімі Полянских Сергей Сергеевичке «шебер мұғалім» жоғары педагогикалық біліктілік деңгейі берілді. Бұл – математикадан олимпиадалық қозғалыстың көшбасшысы, оқушыларды өзінің авторлық бағдарламасы бойынша оқытып, беделді халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың жеңімпаздары ретінде дайындаған ұстаздың көп жылғы қажырлы және мақсатты еңбегінің жемісі.

Педагог мамандарға теңестірілген тұлғалардың аттестациясы екі кезеңнен тұрады. 157 педагог маманның ішінен 132 педагог аталған деңгейге сәйкес келеді, 13-і сәйкес келмейді; 12 адамның аттестаттау мерзімі дәлелді себептермен басқа күнге ауыстырылды.

2-кесте. Рефлексивті есептерді бағалау нәтижелерін сапалы талдау

Педагогикалық шеберлік деңгейі	Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
«Мұғалім»	сабақ барысында туындаған қиындықтардың себеп-салдарлық байланысын анықтау	оқушылардың талап-тілектерін ескеріп, оқыту және бағалау стратегияларының тиімділігін анықтау
«Модератор-мұғалім»	- қолдау көрсету деңгейі мен таңдалған ресурстар бойынша саралауды түсіндіру - қолданылған оқыту мен бағалау стратегияларының мықты және әлсіз жақтарын талдау	- оқушылардың қабілеттерін ескеріп, оқыту және бағалау әдістерін таңдауын негіздеу - сабақты зерттеу нәтижелері бойынша сабақ беру тәжірибесін жақсартуға бағытталған іс-әрекеттерді айқындау
«Сарапшы-мұғалім»	- тәжірибені зерттеу проблемасын кәсіби даму мақсатымен байланыстырып негіздеу - оқыту стратегияларының мықты және әлсіз жақтарын анықтау	- оқыту әдістерін бағалау, тәжірибені зерттеу тақырыбына қатысты ресурстар; - оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін бағалау стратегияларының тиімділігін бағалау; - зерттеудің нәтижелілігін бағалау
«Зерттеуші-мұғалім», «Шебер-мұғалім»	- авторлық әдістеменің мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес оқыту және бағалау тиімділігі туралы тұжырымдар жасау	- авторлық әдістеменің нәтижелілігін бағалау - басқа мұғалімдердің авторлық әдістемені қолдану мүмкіндігін болжау

Аттестаттацияға дайындалу кезінде мұғалімдерге қолдау көрсету мақсатында 2019 жылы педагог мамандардың кәсіби дамуына қолдау көрсететін қосымша 50 тренер сертификатталып, 47 тренер қашықтықтан оқытыла басталды.

Жаңа үлгідегі аттестацияның іске асырылуын зерттеу мақсатында 2019 жылы тәуелсіз бағалау нәтижелері, сарапшылардың есептері, мектеп әкімшілігі мен аттестатталатын педагог мамандардың кері байланысы талданды. Нәтижелер Әзірбайжанның Баку қаласында өткен Білім берудегі бағалау бойынша халықаралық қауымдастықтың конференциясында ұсынылды.

2.5. ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Біліктілікті арттыру жұмыстары нәтижелігінің бір дәлелі – Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің республикалық және халықаралық кәсіби конкурстарда жетістіктерге жетіп, табысты болуы.

Зияткерлік мектептердің үш мұғалімі республикалық конкурста мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесіндегі «Үздік педагог-2019» номинациясында жеңімпаз атанды: биология пәнінің мұғалімі Инна Аксёнова (Тараз қ.), математика пәнінің модератор-мұғалімі Нұртай Гүлманов (Қарағанды қ.) және Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ербол Тлеулов.

Қоғамдық маңызды бастамаларды дамыту қорының қолдауымен Қазақстан Педагог мамандарға арналған жаһандық премияға қатысты. Бұл қор – Дүниежүзілік премияның Қазақстандағы ресми өкілі, оны Варке халықаралық қайырымдылық қоры («Varkey GEMS Foundation») қалаған. Білім және ғылым министрлігі «Үздік педагог» республикалық байқауының финалына шыққан 48 қатысушыдан **он үздік үміткер** іріктеп алды.

Педагог мамандар үшін Нобель сыйлығы іспеттес «Әлем мұғалімі» жаһандық премиясының іріктеу турына қатысуға өтініш жіберетін тоғыз мұғалімнің арасында Зияткерлік мектептердің оқытушылары да бар. Олар Қазақстандағы «Үздік педагог-2018» атағын алған Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің физика пәні мұғалімі Асхат Жұмабеков және «Үздік педагог-2019» атағына ие болған Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Ербол Тлеуов.

2019 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 5 педагогы 2, 3 дәрежелі дипломдармен және «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсында грамотамен, ал 4 мұғалім 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен және «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсында грамотамен марапатталды. Математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің VII Халықаралық шығармашылық байқауында Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп командасы 2-командалық орын, Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп тобы 3-командалық орынды, жеке есепте 1 мұғалім – 2-орын, ал 2 мұғалім 3-орын алды.

Сонымен қатар 2019 жылдың есепті кезеңінде Зияткерлік мектептердің 95 қызметкері төменде көрсетілген марапаттар мен атақтарға ие болды:

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттары – 3 адам;

«Ы. Алтынсарин» төсбелгісі – 8 адам;

«Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі – 7 адам;

ҚР БҒМ құрмет грамотасы – 41 адам;

ҚР БҒМ алғыс хаты – 36 адам.

«Үздік мұғалім» сайысы

"European Science on Stage-2019", Кайкаш қаласы, Португалия

Педагогикалық шеберлік орталығының Зияткерлік мектептердің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсетуі

Педагогикалық шеберлік орталығының қызметкерлері (бұдан әрі – ПШО) 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагогтерін оқыту және оларға әдістемелік қолдау көрсету бойынша толыққанды жұмыс жүргізді.

2019 жылдың 19-30 тамызы аралығында Педагогикалық шеберлік орталығы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жұмыс істейтін психологтер арасынан тренерлер құрамын дайындау курсын өткізді. Кейін бұл тренерлер білім беру ұйымдары психологтері үшін «Балалар мен жасөспірімдерге мектепте психологиялық кеңес беру тәсілдері мен тәжірибесі» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарын жүргізетін болады. Қатысушылардың жалпы саны – 30 адам.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог мамандарының тәжірибесіне Сабақты зерттеу (Lesson Study) тәсілдемесін енгізу аясында 2019 жылдың наурыз айында ПШО Жапонияның саясат саласындағы ұлттық зерттеу институтының сарапшысы әрі жетекші қызметкері Тошия Чичибудың Нұр-Сұлтан, Алматы, Көкшетау қалаларындағы мектептерге сапарын ұйымдастырды. 2019 жылдың 7 маусымында Нұр-Сұлтан қаласында «Сабақты зерттеу (Lesson Study): қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында II аймақтық

ғылыми-практикалық конференция өтті, оған Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог мамандары қатысты.

2019 жылдың тамыз айында ПШО тренерлері физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің Сабақты зерттеу тобының (Lesson Study) құрамына кіретін педагог мамандарға арнап семинар өткізді. Қатысушылардың жалпы саны - 15 адам.

19-20 тамыз аралығында Нұр-Сұлтан қаласында Назарбаев Зияткерлік мектептері педагог мамандарының Тамыз конференциясы аясында ПШО тренерлері Назарбаев Зияткерлік мектептерінің директорлары мен директор орынбасарларына, пәндердің әдістемелік бірлестіктері басшыларына және шақырылған қонақтарға арналған шеберлік сабақтары мен тренингтер өткізді.

Қосымша білім беретін педагог мамандарды кәсіби дамыту мақсатында ПШО тренерлері Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектеп пен физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп кураторларына «Куратор жұмысындағы қалыптастырушы бағалау» семинарын өткізді. Қатысушылардың жалпы саны – 25 адам.

Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің «Оқып үйрен және бөліс!» бірыңғай кәсіби бірлестігі мен www.cpm.kz білім беру порталы арқылы мұғалімдер желі ішіндегі өзара кәсіби қарым-қатынас жасайды.

Сөйтіп ПШО 2019 жылы Зияткерлік мектептер педагогтерінің кәсіби әлеуетін дамыту бағытында кешенді жұмыс жүргізді.

2019 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог мамандарына курстан кейінгі қолдау көрсету

№	Мекеме филиалы	Сабақтарды бақылау	Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдеріне курстан кейінгі қолдау көрсету							Оқыту іс-шараларының барлығы
			Семинарлар	Шеберлік сабақтары	Коучингтер, тренингтер	Вебинарлар	Дөңгелек үстелдер	Жеке кеңес беру	Конференция	
1	Алматы қ.	42	28	10	37	4	9	47	4	181
2	Ақтау қ.	49	14	3	4	6	3	23	0	102
3	Атырау қ.	55	8	3	7	4	5	33	1	116
4	Ақтөбе қ.	48	28	23	36	24	24	65	1	249
5	Қарағанды қ.	12	10	16	76	0	4	81	1	200
6	Қызылорда қ.	60	7	5	17	2	3	10	0	104
7	Көкшетау қ.	74	2	0	9	0	2	58	0	145
8	Қостанай қ.	44	9	130	44	2	13	35	1	278
9	Нұр-Сұлтан қ.	20	12	3	4	2	2	18	1	62
10	Павлодар қ.	41	5	3	12	0	1	46	1	109
11	Петропавл қ.	23	14	6	12	0	1	5	1	62
12	Тараз қ.	123	4	2	12	3	0	8	0	152
13	Талдықорған қ.	29	1	8	32	0	3	107	2	182
14	Орал қ.	31	7	9	29	1	3	31	0	111
15	Өскемен қ.	30	12	9	9	3	6	64	1	134
16	Шымкент қ.	85	27	27	37	11	14	27	0	228
	БАРЛЫҒЫ:	766	188	257	377	62	93	658	14	2 415

3

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

3.1	3.2	3.3	3.4	3.5
Білім беру бағдарламалары	Білім беру ресурстары	Тәрбие жұмысы	Қосымша білім беру	Медициналық және психологиялық қызмет көрсету

3.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ-НЫҢ NIS-PROGRAMME БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

2019-2020 оқу жылында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның NIS-Programme білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – NIS-Programme) 19 Зияткерлік мектептің 1-12 сыныптарында енгізіліп, жүзеге асырылуда.

NIS-Programme жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқытуға, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, зерттеу және коммуникативтік дағдыларды, сыни ойлау қабілетін дамытуға, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) жоғары деңгейде пайдалануға және үштілді білім беруді жүзеге асыруға бағытталған.

Есеп беру кезеңінде NIS-Programme бағдарламасы бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыру аясында:

- оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарларының орындалуына мониторингтік бақылау жасалып, нәтижесінде қайта қаралды;
- мұғалімдерге тұрақты түрде әдістемелік қолдау көрсетілді;
- дербес білім берудің оқыту бағдарламалары эксперименттік режимде енгізілді.

Оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлардың енгізілуіне мониторинг жасау және мониторинг нәтижелері бойынша қайта қарау

2018-2019 оқу жылында Зияткерлік мектептердің барлық сыныптарында NIS-Programme оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлары толық циклды апробациялаудан өтті.

Бағдарламаны енгізген 7 жыл ішінде:

- оның мазмұны мемлекеттік және халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестендірілді;
- білім беру деңгейлері арасындағы білім мен дағдылардың сабақтастығы ескеріліп, оқу мақсаттарының мәтіндері түзетілді;
- оқу жүктемесі оңтайландырылды;
- жоғарғы сыныптарда пәнаралық байланыс пен бейіндік оқыту күшейтілді.

ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясындағы негізгі бағыттардың бірі болып табылатын қалаулы және қол жеткізілген куррикулумдар арасындағы алшақтықты анықтау үшін оқу бағдарламаларын тәжірибеде жүзеге асыру үдерісін тереңірек зерттеу қажеттілігі туындайды.

Жыл сайын Білім беру бағдарламалары орталығының NIS-Programme бағдарламасының жүзеге асырылуын бақылайтын мониторинг жоғарыда аталған екі куррикулум арасындағы алшақтықтың себептерін және оны шешу жолдарын анықтауға көмектеседі.



2019 жылы бастауыш, негізгі және жоғары мектептің 20 пәніне мониторинг жүргізілді. Мониторинг аясында **11 Зияткерлік мектептің сабақтарына қатысып, 363 сабақ** бақыланды.

Нәтижесінде барлық пәндерден қалаулы және қолжеткізген куррикулумдар арасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған матрицалар әзірленді, онда оқыту тәжірибесін жақсартуға бағытталған нақты және жүйелі нұсқаулар берілген. Осы матрицалар, сондай-ақ пәндерді оқыту тәжірибесін жақсарту, STEM оқытуды жүзеге асыру және кіріктірілген үй тапсырмаларын әзірлеу жөніндегі ұсыныстар 2019-2020 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде

білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқау хатта көрсетіліп, мектептерге тапсырылды.

Мониторинг нәтижелері бойынша **92 құжат қайта қаралды** (оның 19-ы – негізгі және жоғары сыныптың оқу бағдарламалары, 73-і – 1-12-сыныптарға арналған орта мезімді жоспарлар. 1-сурет).

1-сурет. 2019 жылы қайта қаралған оқу бағдарламалары мен орта мерзімді жоспарлар саны

NIS-Programme бағдарламасын енгізу барысында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету

Мектептегі білім беру сапасын арттыру тақырыбындағы зерттеулерге сүйенсек, мұғалімдер оқушылардың күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететін аса маңызды фактор болып табылады. Осыған орай, NIS-Programme бағдарламасын енгізумен қатар 2012 жылдан бері мұғалімдерге үнемі әдістемелік қолдау көрсетілуде. Атап айтқанда, мұғалімдер үшін пәндік тренингтер, скайп-қоңыраулар ұйымдастырылып, онлайн-форумдар өткізіледі, өзекті сұрақтарға жауап беріледі, жыл сайын Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқу үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқау хат әзірленеді. Аталған әдістемелік қолдау – оқушылардың жыл сайын ішкі және сыртқы қорытынды бағалау кезінде барлық пәндерден үлгерімін жақсаруға ықпал ететін аса маңызды фактор. Мысалы, сыртқы жиынтық бағалау қорытындысына сүйенсек, соңғы үш жылда 12-сынып оқушыларының «Математика» пәнінен орташа балы 88,2 балдан 115,5 балға өскен (ықтимал балл – 200).

ЖБ нәтижелері бойынша

12-сынып оқушыларының «Математика» пәнінен орташа балы



2019 жылдың шілде және тамыз айларында оқу бағдарламаларының авторлары Зияткерлік мектептердің **493** мұғалімімен **26 пәндік тренинг** өткізді.

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерден өткізілген тренингтерде мұғалімдерге жоғары сынып бағдарламаларының бөлімдерін оқытуға қатысты әдістемелік қолдау көрсетілді. Бұл бөлімдер түлектерге жоғары оқу орнына түсуге көмектеседі. STEAM-оқыту мен проблемаға негізделген оқытуды жүзеге асыру тәсілдемесіне, қол жеткізілген деректерді талдау, өңдеу және қорытынды шығаруға ерекше көңіл бөліп, практикалық және зертханалық жұмыстарды жүргізу тәсілдері қарастырылды.

Микро-оқыту әдістемесі (microteaching) аясында оқушылардың қабілеті мен талаптілектерін ескеретін тиімді сабақ жоспарын құру тәжірибелері ұйымдастырылды. Оқушылардың білімі мен түсіну деңгейін, алған білімін қолдануды бағалауға, негізгі математикалық ұғымдар, формулалар туралы түсінігін бекітуге, статистикалық деректерді өңдеуге, қолданбалы есептерді шешу барысында математика және жаратылыстану-ғылыми бағытындағы пәндерден алған білімін кіріктіруді талап ететін әдіс-тәсілдерді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындау мысалдары қарастырылды.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндерден өткізілген тренингтер тұжырымдарға негізделген, оқушылардың тарихи ойлау дағдысын дамытатын, кез келген тарихи оқиға, үдеріс пен құбылыстың мәнін түсінуге көмектесетін оқыту әдістемесіне бағытталды. Мұғалімдер NIS-Programme бағдарламасына енгізілген өзгерістермен, білім беру мазмұнын анықтаудың және ұйымдастырудың жалпы әдістемелік негізімен, сондай-ақ оқытудың тиімді педагогикалық тәсілдерімен таныстырылды.

Кешенді-эстетикалық пәндерден өткізілген тренингтерде мұғалімдер саралап оқыту тәсілдемелерін, оқушылардың жобалық жұмыстарды орындау үшін тапсырмаларды бейімдеудің әдіс-тәсілдерін, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту үшін STEAM элементтері мен АКТ технологияларды қолдану әдістерін және оқу мақсаттары арқылы эмоциялық зиятты дамыту тәсілдерін үйренді. Тренинг белсенді оқу форматында өткізіліп, пәннің оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы сабақта шығармашылық және танымдық жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әдістер мен стратегиялар қарастырылды.

Тіл пәндерінен өткізілген тренингтерде мұғалімдерге коммуникативтік тәсілді жүзеге асыруға, атап айтқанда, оқушыларды белгілі бір стиль мен жанрда жазба жұмыстарын жазуға үйрету, оқу сауаттылығын дамыту, оқу мақсаттарына қарай тиімді ресурстарды таңдау жұмыстары бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.

Дербес оқыту бағдарламаларын эксперименттік режимде енгізу

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің дарынды оқушыларына олардың қабілеттері мен дайындық деңгейіне қарай білім беру бағдарламасын қысқа мерзімде меңгеруге мүмкіндік беру мақсатында 2019-2020 оқу жылының 2-тоқсанынан бастап эксперименттік режимде дербес оқу бағдарламалары енгізілді. Бұл бағдарламалар бойынша 8,9, 10-сыныптарының оқу бағдарламалары 2 жылда меңгеріледі.

Дербес оқыту үшін Білім беру бағдарламалары орталығы ағымдағы кезеңде 8-10-сыныптарға арналған «Математика», «Химия», «Биология», «Физика», «География», «Информатика», «Қазақ тілі» (Т1), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2), «Қазақ әдебиеті», «Русский язык» (Я1), «Русский язык и литература» (Я2), «Русская литература», «Ағылшын тілі», «Өнер», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық (Құқық негіздері)» және «Дене шынықтыру» пәндерінен **18 оқу бағдарламасы мен 35 орта мерзімді жоспар** әзірледі.

2019-2020 оқу жылында дербес оқыту екі бағытта эксперименттік режимде жүзеге асырылады:

- үш сыныптың бағдарламасын 2 жылда меңгеруге мүмкіндік беретін 8, 9, 10-сыныптарға білім беру;
- дербес білім беру маршруты бойынша жеке пәндерді оқыту.

Қазіргі уақытта Назарбаев Зияткерлік мектептерінде дербес оқыту бағдарламасы бойынша 200-ге жуық оқушы білім алуда.

3.1.1. ҮШТІЛДІ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Әлемдік орта білім беру бағдарламаларымен деңгейлес келетін NIS-Programme бағдарламасының ең басты ерекшеліктерінің бірі – үш тілде оқыту.

Зияткерлік мектептердің үштілді білім беру саясатының негізінде пәндік білімді үш және одан көп тілде меңгерген, өз халқы мен әлемдегі басқа да халықтың мәдениетін түсінетін, өмір бойы білім алуға қабілетті (lifelong learning) көптілді және көпмәдениетті түлекті қалыптастыру идеясы жатыр.

Ағымдағы кезеңде үштілді оқытуды жүзеге асыру жұмыстары 4 бағытта жүргізілді:

- үштілді білім беруді енгізуге мониторинг жүргізу;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру;
- әдістемелік қолдау көрсету;
- екінші шет тілін енгізу үдерісін үйлестіру.

Үштілді оқытуды жүзеге асыру бойынша мониторинг жүргізу

Есептік кезеңде CLIL әдістемесіне (пән мен тілді кіріктіріп оқыту) негізделетін үштілді білім берудің жүзеге асырылуына мониторинг жүргізілуде, атап айтқанда жоғары сыныптарда ағылшын тілінде (Т3) оқытылатын тілдік емес пәндерде мұғалімдер оқушыларға қаншалықты тілдік қолдау көрсететіні бақыланды.

Пәндерді екінші және үшінші тілде оқытқанда оқушыларға тілдік қолдау көрсету – оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытып, пәндік білімдері мен дағдыларын қалыптастыруда негізгі құралдардың бірі болып табылады.

«Тілдік қолдау» дегеніміз – мұғалімдердің оқушыларды ойын айтуға, мәтіндерді бейімдеуге және өзге де мақсатта түрлі шаблондар мен конструкциялар түрінде қолданатын педагогикалық тәсілдері, стратегиялары, яғни, көрсетілетін кез келген көмегі.

Диас және Рекуехьо (2008) сияқты көптеген ғалымдардың пікірінше, CLIL әдістемесі мен сабақты шет тілде жүргізу идеясына оң көзбен қарайтын мұғалімдердің өзіне деген сенімін, білімін және көзқарасын оқушылардың білімін қалыптастыратын мықты құрал ретінде қолданады. Мұғалімнің CLIL әдістемесінің тиімділігіне сенімді болуы оның өзін-өзі тануға, өзгерістерге деген ынтасы мен дайындығының негізі болады (Банегас, 2012, Хилярд, 2011).

Зияткерлік мектептердің жоғары сыныптарында тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде оқытатын 200 мұғалім арасында сауалнама жүргізілді, жауап берушілердің көпшілігі (84%) ағылшын тілінде сабақ беруді ұнататынын жеткізді. Сонымен қатар жауап берушілердің 94%-ы CLIL әдістемесі оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға ықпал ететіндігімен келіседі.

CLIL оқушылардың тілдік дағдыларын нығайтуға көмектеседі



Демек, Зияткерлік мектептерде көптеген мұғалімдер (94%) CLIL тәсілін қолдануды қолдайды, сондықтан бұл пәнді екінші және үшінші тілде сапалы оқытудың қолайлы алғышарты деп түсінуге болады.

Сонымен қатар мониторинг нәтижелері мұғалімнің ағылшын тілін білу деңгейі мен оқушылардың жалпы тілдік дағдыларын дамыту және оларға тілдік қолдау көрсету қабілеті арасында өзара тікелей байланыс барын көрсетті. Зерттеуге қатысқан мұғалімдердің басым бөлігі пәнді екінші және үшінші тілде меңгеру барысында оқушыларға қарқынды түрде тілдік қолдау көрсете алады.

Мониторинг барысында анықталған проблемаларды шешу үшін 2019 жылға жоспарланған іс-шараларға түзетулер

енгізілді. Мысалы, халықаралық тренерлер П. Мехисто мен Р. Таннер қатысқан семинарлардың мазмұны мұғалімдердің лексикамен жұмыс істеу, оқушыларға тілдік қолдау көрсету дағдыларын дамытуға бағытталды.

Біліктілікті арттыру курстарының мазмұны мен 2020 жылға арналған үштілді білім беруге әдістемелік қолдау көрсету бағытын анықтау барысында мониторингтен алынған деректер ескерілді. Сондай-ақ тілдік емес пән мұғалімдеріне арналған «Classroom instruction and language» семинарының бағдарламасын әзірлеу жоспарланды.

Мұғалімдердің үш тілде оқыту біліктілігін арттыру

Есептік кезеңде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 178 мұғаліміне пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесінің (CLIL) келесі тақырыптары бойынша біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды:

- Оқушылардың сөздік қоры мен ойлау қабілетін дамыту, сұрақтар қоюдың тиімді стратегиясы – 20 мұғалім;
- «Скаффолдинг» стратегиясын қолданудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері – 21 мұғалім;
- CLIL әдістемесінің тұжырымдамалық негіздері – 137 мұғалім.

Розмари Таннердің қатысуымен жаратылыстану пәндері циклының мұғалімдеріне арналған CLIL семинарын ағылшын тілінде өткізу тәжірибесі екінші жыл қатарынан жалғасуда. Кеңінен таралған CLIL Skills және CLIL Activities кітаптарының авторы Розмари Таннер оқушылардың сөздік қорын және мұғалімдердің оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын сұрақтар құрастыру дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы бағдарлама мен ресурстар әзірледі. Семинар барысында қатысушылар сабақты тиімді ұйымдастырып, өткізуге көмектесетін түрлі білім беру қосымшаларын пайдаланады.

«Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «ЖПЖЖ» пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерге арналған және Питер Мехистоның қатысуымен өтетін семинар мұғалімдердің CLIL әдістемесін қолдану дағдысын нығайтуға, тілдік және пәндік күтілетін нәтижелерді айқындау дағдыларын дамытуға бағытталған. Әртүрлі жаттығулар арқылы «скаффолдинг» стратегияларын қолдану дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген. Семинар барысында қатысушылар стратегияларды қолдану тәсілдерін көріп қана қоймай, Питер Мехистоның жетекшілігімен өз ресурстарын әзірледі.

Үштілді білім беруге әдістемелік қолдау көрсету

Әдістемелік қолдау көрсету оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу арқылы жүзеге асырылады. Есептік кезеңде cer-forum.nis.edu.kz онлай-платформасына мынадай әдістемелік құралдар бейімделіп, орналастырылды:

– «Пән мен тілді кіріктіріп оқытуда (CLIL) «скаффолдинг» стратегиясын қолдану» мұғалімдерге арналған нұсқаулық;

– оқушылардың сөздік қорын дамыту бойынша тілдік және тілдік емес пән мұғалімдеріне арналған «Сөздік қорды дамыту» оқу құралы.

Көптілді білім беруді дамыту

Зияткерлік мектептерде екінші шет тілін оқыту жұмысы жалғасуда. Оқушылардың оқу жүктемесін азайту мақсатында екінші шет тілін оқыту пилоттық жобасына өзгертулер енгізілді. Сөйтіп 2019-2020 оқу жылынан бастап екінші шет тілін оқыту үлгілік оқу жоспарының инвариантты бөлігінен вариативтік бөлігіне ауыстырылды.

Екінші шет тілін оқыту сыртқы серіктестермен өзара ынтымақтастықта жүзеге асырылады. Есептік кезеңде Нұр-Сұлтан қаласындағы Француз альянсының серіктестері француз тілінен «Le Français en action!» атты ОӘК әзірледі. Ол оқушының оқулығы, жұмыс дәптері, мұғалімге арналған

нұсқаулық пен сабақты өткізуге қажетті оқу материалдарынан (аудио, бейне материалдары) тұрады. ОӘК А1-А2.1 деңгейіне арналған.

Бұл ОӘК-нің басты артықшылығы – ол Қазақстандық контекстті ескереді және оның мазмұны Зияткерлік мектептерде қолданылатын оқу бағдарламасына сәйкес келеді.

Үштілді білім беруді жүзеге асыру тәжірибесін тарату

Үштілді білім беру тәжірибесін еліміздің орта білім беру жүйесіне тарату жұмысы жалғастырылуда.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру аясында бастауыш мектепте CLIL және тілдік пәндерді оқытудың заманауи тәсілдерін қолдану туралы 2 семинар ұйымдастырылып, **39** мұғалім оқытылды.

Семинарға қатысушылар жаңа білім алып, өздерінің педагогикалық тәжірибесін семинарлар барысында әзірленген тиімді әдістермен, стратегиялармен, ресурстармен байытты.

ҚР орта білім беру жүйесінде үштілді оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін ДББҰ «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесінде үштілді оқытуды дамытудың 2019-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын» әзірлеп, ҚР БҒМ-ға тапсырды.

Тұжырымдамада әлемдік тәжірибеге шолу жасалып, еліміздегі ағымдағы жағдай талданған және үштілді оқытудың нәтижесін арттыру бағытындағы кешенді шаралар, оның ішінде тәжірибелік жобалар ұсынылған.

Қазақ тіліне бойлау жобасы

Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 2013 жылдан бері NIS-Programme бағдарламасы аясында Қазақ тіліне бойлау жобасы (бұдан әрі – Жоба) жүзеге асырылуда. Есептік кезеңде бастауыш мектепте жобаға қатысушылар саны 174 адамды құрады.

Сынып	Мектеп	Тілге бойлау сыныптары	Бақыланатын топтар	
			Қазақ тілінде оқитындар	Орыс тілінде оқитындар
5	Атырау қ.	Т5.1А – 14 оқушы	Б5.1А – 16 оқушы	Б5.2А – 19 оқушы
5	Ақтөбе қ.	Т5.2В – 14 оқушы	Б5.3В – 15 оқушы	Б5.4В – 20 оқушы
4	Қарағанды қ.	Т4.1А– 17 оқушы	Б4.1А – 22 оқушы	Б4.2А – 22 оқушы
4	Қызылорда қ.	Т4.2В – 19 оқушы	Б4.3В – 14 оқушы	Б4.4В – 23 оқушы
3	Көкшетау қ.	Т3.1А– 17 оқушы	Б3.1А – 21 оқушы	Б3.2А – 23 оқушы
3	Қостанай қ.	Т3.2В– 15 оқушы	Б3.3В – 21 оқушы	Б3.4В – 24 оқушы
	Барлығы	96	109	131
	Барлығы	336		

Осы зерттеу шеңберінде жүргізілген тексеру нәтижесінде тілге бойлау сыныптары оқушыларының зияткерлік даму деңгейі қазақ және орыс тілдерінде оқитын сыныптардың оқушыларымен бір деңгейде екені анықталды (3-кесте). Тілге бойлау 5-сынып оқушыларында бақылау сыныптарына қарағанда жақсы нәтиже көрсетті: «жоғары» деңгей +3,2 %-ға, «орташа» деңгей нәтижесі 0,8%-ға, «орташадан жоғары» деңгей нәтижесі 2,4%-ға көтерілді.

3-кесте. Тілге бойлау сыныбы мен бақылауға алынған 5-сынып оқушыларының танымдық дағдыларының даму деңгейінің салыстырмалы диаграммасы (%)



Тілге бойлау сыныптарының «жоғары» және «орташадан жоғары» деңгей көрсеткіштері 96,4%, ал бақылау сыныптарында 95,6% болды. Бұл жайт тілге бойлау сыныбы оқушыларының зияткерлік дамуы бірінші тілде оқитын оқушылардың даму деңгейімен қатар келе жатқанын дәлелдейді.

4-кесте. 5-сынып оқушыларының танымдық дағдыларының даму деңгейі (ең жоғары 30 балдан орташа балл)

Орташа балдары көрсетілген 4-кестеде танымдық дағдылардың дамуы бақылау сыныптарының көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде берілген. Т5.2В тілге бойлау сыныбының көрсеткіші – ең жоғары (25,3 балл), Т5.1А сыныбының көрсеткіштері – ең төмен.

Нәтижелерге сүйенсек, тілге бойлау бойынша оқитын 4-сынып оқушыларының танымдық дағдылары жақсы дамыған.

Тілге бойлау сыныптарының «жоғары» және «орташадан жоғары» деңгей бойынша көрсеткіштері 87,1%-ды, ал бақылау сыныптарында – 85,5%-ды құрайды (5-кесте). Тілге бойлау сыныбы оқушыларының зияткерлік даму деңгейі бірінші тілде оқитын оқушылардан артта қалмай, қатар дамып келеді.

5-кесте. 4-сынып оқушыларының танымдық дағдыларының салыстырмалы диаграммасы (даму деңгейлері бойынша пайыздық мәліметтер)



Орташа балл көрсетілген салыстырмалы талдауға сүйенсек, тілге бойлау сыныбы оқушыларының танымдық дағдылары бақылау сыныбындағы құрдастарынан қалмайтынын байқаймыз, бұл қазақ тілінде жақсы сөйлеуге үйрететін маңызды фактор болып табылады (6-кесте).

6-кесте. 4- сынып оқушыларының танымдық дағдыларын зерттеу қорытындылары (ең жоғары 30 балдан орташа балл)



Тілге бойлау бойынша оқитын 3-сынып оқушыларының «жоғары» және «орташадан жоғары» деңгей көрсеткіштері 90,7%-ды, ал бақылау сыныптарының көрсеткіштері – 96,6%-ды құрады, яғни 5,9%-ға төмен (7-кесте). Біртіндеп көзделген (қазақ) тілді меңгерумен қатар, тілге бойлау сыныбының оқушылары бақылау сыныптарының деңгейіне жетіп келеді.

7-кесте. 3-сынып оқушыларының танымдық дағдыларының деңгейін көрсететін салыстырмалы диаграмма (даму деңгейлері бойынша пайыздық мәліметтер)



Орташа балл көрсетілген салыстырмалы талдауды қарастыратын болсақ (8-кесте), тілге бойлаған 3-сынып оқушылары орысша оқитын сыныптардан озса (+1,2; +0,3 балл), қазақ тілінде оқитын сыныптардан артта қалды (-1,5; -1,4). Халықаралық зерттеулер бойынша тілге ерте бойлаған кезде, алғашқы 2 жылда оқушылардың сөйлеу дағдылары мен үлгерімі басқа оқушыларға қарағанда артта қалатыны анықталған. «Бірінші тілді үйрене бастағанда, тілге бойлау сыныптарының оқушылары білім жағынан жай сынып оқушыларының деңгейіне тез жетіп, тіпті оларды басып озады» [Үйлестіру орталығының позициясы, Georgetta Bolger, 48 бет. Таллин, 2009].

8-кесте. 3-сынып оқушыларының танымдық дағдыларының дамуын зерттеу қорытындысы (ең жоғары 30 балдан орташа балл)



Тілге бойлау әдісіне негізделетін қазақ тіліне бойлау жобасы пәндерді оқуға және оқу бағдарламаларының мазмұнын меңгеруге теріс ықпалы жоқ.

Тілге бойлау жобасы жүзеге асырылғалы оқушылардың сөйлеу дағдылары бес критерий негізінде тексеріліп келеді: тыңдалған мәтінді тыңдау және түсіну, қазақ тіліне тән төл дыбыстарды айту, сөздік қор деңгейі, ауызекі тілде грамматикалық ережелерді қолдану және түсінікті сөйлеу. Диагностика нәтижелеріне сүйенсек, педагог мамандар тілге бойлау топтарында/сыныптарында оқитын оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға қолдау көрсетіп, академиялық тілін байытуға көп көңіл бөлгенін байқаймыз (9-кесте).

2018-2019 оқу жылында оқушылардың тілінің даму деңгейін тексеру нәтижелері мынадай:

1) балалардың сөздік қоры тұрақты түрде өсуде;

2) оқушылар қазақ тіліне тән төл дыбыстарды дұрыс айта алады;

3) тілдің грамматикалық категорияларын біледі және дұрыс қолданады;

4) басқа адам оқыған мәтінді түсінгенін көрсете алады;

5) дұрыс, логикалық сөйлемдер құра алады, бұл оқушылардың сөйлеу деңгейінің дамығанын көрсетеді.

9-кесте. Талдықорған және Көкшетау қалаларындағы НЗМ-ның тілге бойлау тобындағы/сыныптарындағы балалардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларының даму деңгейін көрсететін салыстырмалы көрсеткіштер

2013-2014	2014-2015		2015-2016		2016-2017		2017-2018		2018-2019	
Ересек топ Талдықорған	1-сынып		2-сынып		3-сынып		4-сынып		5-сынып	
	Талдықорған	Көкшетау	Талдықорған	Көкшетау	Талдықорған	Көкшетау	Талдықорған	Көкшетау	Талдықорған	Көкшетау
71,9%	75%	78%	84%	84%	86%	83%	92,6%	93,7%	88,7%	72,5%
Ортаңғы топ Талдықорған қ.	Ересек топ Талдықорған қ.		1-сынып		2-сынып		3-сынып		4-сынып	
75,2%	76%		78%	80%	80%	81%	85,2%	83,3%	73,4%	74,8%
Кіші топ Талдықорған қ.	Ортаңғы топ Талдықорған қ.		Ересек топ		1-сынып		2-сынып		3-сынып	
63,8%	65%		66,2%		83%	77%	93,1%	82,6%	71,7%	78,3%
	Кіші топ Талдықорған		Ортаңғы топ Талдықорған қ.		Ересек топ Талдықорған		1-сынып		2-сынып	
	49%		54%		75%		89,4%	76,8%	79,7%	73,7%
			Кіші топ Талдықорған		Ортаңғы топ Талдықорған қ.		Ересек топ Талдықорған		1-сынып	
			56%		66%		82%		78,9%	82,5%
					Кіші топ Талдықорған		Ортаңғы топ Талдықорған қ.		Ересек топ Талдықорған	
					42%		80%		71,4%	

Сонымен, тілге бойлау әдісін енгізу нәтижелеріне қарап, оның тиімді екенін, оқушылардың пәндік білімді жақсы меңгергенін, тілдік және танымдық дағдыларының дамығанын көреміз. Осының бәрі эксперимент жүргізген мұғалімдердің еңбегінің жемісі, өйткені олар тілге бойлау қағидаттарын нақты ұстанады, кіріктірілген тілдік орта құрады, пән мұғалімдерімен тығыз жұмыс істеп, пәнаралық тақырыптар аясында оқу үдерісін бірлесіп жоспарлайды.

Жобаны одан әрі жүзеге асыру аясында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша дайындық жұмыстар жүргізілуде. Есептік кезеңде 1-сыныпқа арналған «Менің ортам» кіріктірілген оқулығын тілге бойлау әдісі негізінде қайта қарау бойынша семинар өткізілді. Қазақ тілінің лексикалық-грамматикалық минимумы,

оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары және пәнаралық тақырыпқа сәйкестендіру мақсатында оқулықтың контент жоспары құрылды.

Тілге бойлау сыныптары мен бұл жоба енгізілмеген параллель сыныптардың білім сапасын салыстырмалы талдайтын болсақ, барлық оқушылардың барлық пәндерден дерлік күтілетін оқу нәтижелеріне бірдей қол жеткізгенін көруге болады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың зияткерлік-танымдық дамуына оқу үдерісінің әсер ету деңгейін анықтау мақсатында мониторинг жүргізілді. Мониторинг көрсеткішінің «өсуі» арқылы оқу жылы бойы балалардың ойлау операцияларының даму қарқынын көрсетті. Осыған орай мынадай оң нәтиже байқалады: төмен дамыған танымдық үдерістер барынша жақсарып, деңгейлер арасындағы айырмашылық азайған.

3.1.2. ЭЫДҰ-НЫҢ «БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ: БІЛІМ БЕРУ-2030» ЖОБАСЫ

ДББҰ ЭЫДҰ-ның «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» жобасында (бұдан әрі – Жоба) Қазақстан тарапынан ұлттық үйлестіруші ретінде жұмысын жалғастыруда.

Жоба мектептегі оқытуды қазіргі заманның құбылмалы жағдайларына (VUCA әлемі) барынша бейімдеуге және 2030 жыл мектебінің бейнесін «белгілеуге» бағытталған. Жобаға 35-тен астам ел қатысады, олардың қатарына Сингапур, Германия, Оңтүстік Корея, Финляндия, Ресей, Жапония, сондай-ақ халықаралық ұйымдар (Халықаралық Бакалавриат, Еуропалық комиссия және т.б.) кіреді.

Есептік кезеңде ДББҰ оқу бағдарламаларын жаңарту және 2030 жылға дейін оқытудың тұжырымдамалық негізін әзірлеу мәселелеріне арналған жобаны қорытындылаудың 1-кезеңіне қатысты. Оқу бағдарламаларын салыстырмалы талдау (ССМ) мақсатында материалдар дайындалып, жіберілді.

ДББҰ-ның екі қызметкері «Математикадан құжаттар мен оқу бағдарламаларды тереңдетіп талдау» (MCDA) жұмысының бағыты бойынша сарапшыларға арналған семинарға қатысты. Семинарда қатысушы елдерге бағдарламаларға салыстырмалы талдау жүргізу үшін кодталған материалды тереңдетіп зерттеу құралдары ұсынылды.

Оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға және 2030 жылға дейін оқытудың тұжырымдамалық негізін құруға бағытталған жобаның 2-кезеңіне көшуге дайындалу үшін педагогика мен бағалаудың білім беру бағдарламасындағы өзгерістерге сәйкестігі жөнінде сауалнама толтырылып, ЭЫДҰ Хатшылығына жіберілді. Осы деректер негізінде хатшылық алдын ала есеп дайындады. Талдауға 13 мемлекет/юрисдикция қатысты.

Қашықтықтан жұмыс жасаумен қатар ДББҰ өкілдері жобаның бейресми жұмыс тобының екі кездесуіне де қатысты, олар Канаданың Ванкувер қаласында және Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында өтті. Кездесулерде келесі мәселелер қарастырылды:

- жаңартылған оқу бағдарламаларын енгізу барысында туындайтын қиындықтар;
- әлеуметтік серіктестердің білім беру жүйесін дамытудағы рөлі;
- оқушыларды жан-жақты дамыту және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету қажеттілігі;
- педагогика мен бағалаудың оқу бағдарламаларындағы өзгерістермен үйлесуі және т.б.

Жобаның бейресми жұмыс тобының кездесуінде «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» тұжырымдамалық құжаты ретінде «ЭЫДҰ-ның оқыту тұсбағдары 2030» таныстырылды.

Тұсбағдар – даму үстіндегі оқу жүйесі, онда болашақ білім беру тұспалданады. Тұсбағдар ауқымды оқу мақсаттарын қолдайды және жас ұрпаққа жеке мен қоғам игілігі үшін өмір сүретін қалаулы болашаққа бағдар береді.



Кореядағы кездесуде **дене шынықтыру бағдарламасын терең талдау нәтижелері ұсынылды.**

Жоба идеяларының тәжірибеде жүзеге асырылуын бақылау үшін бүкіл әлемнің мұғалімдері мен оқушылары **ЭЫДҰ хатшылығы үшін бейнероликтер жасауға** қатысады. 2019 жылы Зияткерлік мектептер мен еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары мен мұғалімдері жобаның негізгі идеяларына арналған бейнероликтер мен эссе байқауына қатысты.

Соның нәтижесінде Қазақстаннан 5 бейнеролик іріктеліп, «Білім беру 2030» жобасының ресми сайтында жарияланды.

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Нұрай Бектай болашақта сәулетті қалай көретінін айтса, Өскемендік Жанасыл Бақыт су тасқыны кезінде адамдарды робот техникасы арқылы құтқару туралы өзекті мәселені көтерді.

Шымкент (ФМБ) қаласындағы Зияткерлік мектептің мұғалімі Нодир Расулов және Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептің мұғалімі Динара Онеркан цифрлық сауаттылықты дамыту туралы баяндама жасады. Петропавл қаласындағы Зияткерлік мектептің шетелдік мұғалімі Катарина Вулф жаратылыстану ғылымдары арқылы жаһандық құзыреттілікті енгізуге болатынын көрсетті.



Сонымен қатар жобаның идеяларын тарату мақсатында «Оқыту тұсбағдары 2030» туралы бейнеролик қазақ және орыс тілдеріне аударылып, ДББҰ-ның «Басқаруды жүйелі талдау және тұрақты даму» тамыз конференциясында жобаның негізгі идеялары айтылып өтті. Сондай-ақ жоба материалдарын қамтитын үшінші брошюра басып шығарылды.

ЭЫДҰ-ның «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» жобасы ДББҰ-ға білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен білім беру мазмұнын жаңарту саласында болып жатқан соңғы үрдістерден хабардар болуға және білім беру бағдарламасын қайта қарап, енгізудің стратегиялары мен мәселелерін халықаралық деңгейде талқылауға мүмкіндік береді. Жобаның арқасында Қазақстанның білім беру бағдарламасын реформалау үдерісін білім беру саласында көш бастаған елдердің реформаларымен салыстыруға болады.

3.2. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

3.2.1. NIS-PROGRAMME БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОӘК ӘЗІРЛЕУ

«Зияткерлік мектептердің тұрақты дамуы» бағытындағы ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына қол жеткізу мақсатында Зияткерлік мектептердің NIS-Programme бағдарламасына сәйкес келетін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (бұдан әрі – ОӘК) әзірленуде.

8-сыныпқа арналған оқулықтар мен ОӘК-ті әзірлеу

«Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Өнер», «Информатика»,

«География», «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен 8-сыныпқа арналған қазақ және орыс тілдеріндегі оқулықтар 2018-2019 оқу жылында Зияткерлік мектептерде апробациядан өтті.

Апробация қорытындысы бойынша аталған ОӘК-терге 20%-ға дейін өзгерістер енгізілді, ОӘК-нің мазмұны, дизайны, материалды ұсыну тәсілдері жақсартылды және ОӘК-ті сыни және логикалық ойлауды дамытатын тапсырмалармен толықтырылды.

«Математика» пәнінің оқулығында оқушылардың күнделікті өмірімен байланысты қолданбалы тапсырмалар енгізілді. Кеңістіктік ойлауды дамыту мақсатында геометрияға ғарыш пен заманауи сәулетті зерттеу тапсырмалары енгізілді.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің оқулығында оқушыларға XX ғасырдағы әлем бейнесіне аналитикалық баға беру және саяси ойыншылардың әлемдік оқиғаларға әсерін бағалау ұсынылды. Тарихи тұлғалар мен олардың көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасуы әлемдік фотобанктер мен мұрағаттардан алынған түпнұсқалық иллюстрациялар арқылы берілген.

«Биология» пәнінің оқулығында әрбір тақырыпқа «Сен білесің бе?», «Талқылау», «Пікірталас», «Күрделі сұрақтар» айдарлары ұсынылған, пәнішілік және пәнаралық байланысты таба отырып, осы айдарларды сабақта тиімді қолдануға болады. Осы айдарлар мен тапсырмалар арқылы дағдылар дамытылады.

Оқулықтың теориялық мазмұнының басты ерекшелігі – онда қазіргі ғылымның өзекті үрдістері мен қажеттіліктері қамтылған. Сондықтан оқушыларға өзінің болашақ мамандығын таңдау жеңілірек болады. Ғылыми зерттеулерді көрсету үшін ОӘК-те әрбір биологиялық нано-элемент микроскоп арқылы жасалған бірегей фотосуреттермен, сондай-ақ халықаралық фотобанктер әзірлеген векторлық бейнелермен көрсетілген.

«Өнер» пәнін оқытудағы негізгі бағыт – бейнелеу және қолданбалы өнердің оқушылар үшін жаңа түрлеріне (микробейнелер, 2D және 3D суреттер, поп-арт, батик, граттаж) қызығушылықты арттыру, ұшу аппараттарының түрлерін тәжірибе жүзінде орындау дағдыларын қалыптастыру, үстел ойындары дизайнының негіздерін оқыту.

Пән материалдарын оқыту арқылы оқушылар сұлулықты сезініп бағалауға, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер туындыларын талдау қабілетін дамытуға, сондай-ақ сыни ойлау қабілеті мен көркемдік мәнерлілік құралдарының көмегімен өз сезімдерін шығармашылық жұмыстар арқылы жеткізе білуге үйренеді.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін, алған білімді кеңейтіп, тереңдету үшін иллюстрацияларды іздестіру және танымал суретшілерден иллюстрацияларын қолдануға рұқсат алу үшін үлкен жұмыс атқарылды, нақтырақ айтқанда оқулықта ғалым Эрнст Геккельдің жұмыстары (микрокөріністер), welcome Image Awards 2017 байқауының фотосуреттері (шағын көріністер), Джорджия О'Кифф, Бернд Луц, Рой Лихтенштейн, Энди Уорхол, қазақстандық суретшілер мен өзге суретшілердің жұмыстары қолданылды.

Шетелдік фотобанктерде қазақстандық контентті жеткізетін ресурстар жоқ болғандықтан, «Қазақстан тарихы» пәні үшін иллюстрацияларды табуға көп уақыт пен күш жұмсалды. Кейбір тарихи суреттер мен мұрағаттық фотосуреттер Ресей Федерациясының мұражайларында, ҚР археологиялық-өлкетану мұражайларында, тіпті АҚШ кітапханаларының қорларында сақталған. Кейбір жоқ суреттерді ауыстыру үшін карталар мен коллаждар жасалды.

Кейбір құқықтарды сақтау мақсатында 15 шарт жасалды, шығармашылық туындылар мен фотосуреттерді көшіруге 112 рұқсат алынды, Зоология институты мен австриялық «Geogebra» ұйымымен математикалық графиктерді әзірлеу бойынша Меморандумға қол қойылды және 5 әлемдік фотобанктен 250-ден астам бірегей фотобейнелер сатып алынды.

8-сыныпқа арналған ОӘК 2019-2020 оқу жылынан бастап Зияткерлік мектептерінің оқу үдерісіне енгізіліп, қолданылуда. Жалпы таралым 23 294 дананы құрайды.

9-сынып оқулықтары мен ОӘК-ті апробациялау

2019-2020 оқу жылында Зияткерлік мектептерде **NIS-Programme бағдарламасына сәйкес әзірленген,** қазақ және орыс тілдеріндегі **9-сыныпқа арналған 8 оқулық пен ОӘК апробациядан өте** бастады: «Физика» «Химия», «Биология», «Өнер», «Информатика», «География», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы».

Апробация 19 Зияткерлік мектептерде өтуде, оған 494 мұғалім, 1 682 оқушы қатысты.

Бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында Зияткерлік мектептерді оқулықтардың электронды нұсқаларымен қамтамасыз ету жоспары бекітілді.

Орталық белгілі бір сыныптарда белгілі бір пәндердің ОӘК-ін апробациялайды. Мысалы, қазақ тілінде оқитын 9 «А» сыныбында «География» және «Қазақстан тарихы» пәндерінің оқулықтары, «В» сыныбында – «Химия» және «Биология» оқулықтары, «С» сыныбында - «Физика» және «Өнер» оқулықтары сынақтан өтуде.

ДББҰ-ның даму департаментінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі №224 кіріс хатына сәйкес қазақ және орыс тілдеріндегі әр пән оқулықтары 25 данадан таратылды: «Математика», «Химия», «Физика», «Өнер», «География», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Информатика», «Биология» (әр Зияткерлік мектеп үшін барлығы 12*25 = 300 дана).

8 пәннің мұғалімдерге арналған нұсқаулығы Зияткерлік мектептерге апробациялану үшін электронды нұсқада ұсынылды, оны «Педагогикалық білім базасы» порталында көруге болады.

Оқу-әдістемелік кешендердің электрондық нұсқалары сайтта ұсынылған.

10-сыныпқа арналған оқулықтар мен ОӘК-ті әзірлеу

10-сыныпқа арналған ОӘК сегіз пән бойынша әзірленуде: «Физика», «Химия», «Биология», «Өнер», «Информатика», «География», «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы».

ОӘК әзірлеуге оқулық жазуда түрлі тәжірибесі бар 43 автор қатысады. Авторлар үшін оқу семинары ұйымдастырылды. Семинарда 7-9 сынып оқулықтары мен ОӘК әзірлеудің алдыңғы тәжірибесі негізінде ОӘК әзірлеудің бизнес-процесі ұсынылды, ОӘК мазмұны бекітілді. Авторлар оқулықтағы әрбір сабақтың мазмұнын екі қосарлы беттен әзірлеп, әдіскерлер мен редакторлардан кері байланыс алды.

10-сыныпқа арналған ОӘК-де жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқыту негіздері қамтылған, сол себепті сыртқы емтиханға дайындалуға бағытталған қосымша тапсырмалар әзірленді.

11-сыныпқа арналған оқулықтар мен ОӘК-ті әзірлеу

«Қазақстан тарихы (Қазіргі әлемдегі Қазақстан)», «География», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Русский язык и литература» пәндерінен 11-сыныпқа арналған ОӘК-ті әзірлеу жобасы аясында авторлар конкурс негізінде іріктелді, қосарлы беттерді жазу үлгілері және авторлар мен редакторларға арналған нұсқаулық әзірленді.

Алғаш рет тілдік пәндерден ОӘК әзірлене бастады. Оқулықта тіл мен әдебиетті оқытуға қатысты жалпы тәсілдемелер анықталды, олар оқу (көркем, көркем емес), тыңдау, сөйлеу және жазу дағдыларын толық көлемде қалыптастыруға және грамматикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыпты толық ашу үшін сараланған тапсырмалар мен қосымша әдебиеттер тізімі қарастырылды.

3.2.2. ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Ағымдағы есеп беру кезеңінде БББО бастауыш және негізгі мектептерге арналған цифрлық білім беру ресурстарын (бұдан әрі – ЦББР) әзірледі.

ЦББР оқу үдересінде негізгі және қосымша оқу құралдары ретінде қолданылады. Олар оқу үдерісінің қарқынын күшейтуге, оқытуды жеке тұлғаға бағыттауға және педагогтардың жұмысын ішінара автоматтандыруға көмектеседі.

2019 жылы «Жаратылыстану», «Математика», «Дүниетану» пәндерінен 4-сыныпқа арналған **30 ЦББР** және «Биология», «Физика», «Химия», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «География» пәндерінен 9-сыныпқа арналған **120 ЦББР** әзірленді.

ЦББР-дың ерекшелігі:

– оқу үдерісін ойынға айналдыру – көз тартарлық дизайнды пайдалана отырып, оқу материалдарын ойын түрінде беру;

– ресурстың интерактивтілігі – оқу материалын ағымдағы уақыт режимінде оқу;

– көптілділік – үш тілде оқу мүмкіндігі: қазақ, орыс, ағылшын;

– мультиплатформалылық – webkit және Gecko негізінде кез келген браузерде іске қосылуы;

– қолжетімділік – онлайн және оффлайн режимде пайдалану мүмкіндігі.

ЦББР-ды пайдаланудың оң және теріс әсерлерін анықтау және оның сапасын арттыру мақсатында апробация жүргізілді.

2018 жылы ЦББР-ды апробациялауға 3 және 8-сынып оқушылары, сондай-ақ Зияткерлік мектеп мұғалімдері қатысты.

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың 97%-ы ЦББР әзірлеудің дұрыс екенін, оның оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттарына сәйкестігін растады және ЦББР тақырыпты жақсы меңгеруге көмектесетінін атап өтті.

Оқушылардың көбісі «практикалық тапсырмалармен», «анимациямен, суреттермен берілген тапсырмалармен немесе сұрақтармен» жұмыс жасаған ұнайтынын айтты. ЦББР «пәнді ыңғайлы қарқында, таңдаған деңгейде оқуға», «материалды меңгеруге» көмектеседі.

Мұғалімдер мына жағдайларға ерекше назар аударды:

- мақсатқа бағытталуы (пәннің, педагогиканың);
- білім беру стандартына сәйкестігі және кеңейтіліп берілуі;
- ғылыми дәлділік (факті-дәйектерде қатенің болмауы);
- көрнекілік және эстетикалық;
- қол жетімділік (оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру);
- тиімділік (еңбек шығындарын азайту);
- техникалық қолайлылық (ЦББР жоғары деңгейдегі бағдарламалық-техникалық жабдықты және пайдаланушыны талап етпейді).

Апробация нәтижесінде мазмұн, техникалық бөлімдер мен ресурстардың дизайны Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің ұсыныстары мен ескертулерін ескере отырып жетілдірілді.

Сөйтіп оқу үдерісінде ЦББР-ды қолдану арқылы педагог мамандар мазмұн, оқыту әдістері мен нысандарын сапалы түрде толықтырады.

Апробациялану және Зияткерлік мектептердің оқу үдерісінде пайдаланылу мақсатында әзірленген ЦББР NISPlay сайтында жарияланды.

NISPLAY сайтында 31.10.2019 жылғы жағдай бойынша ЦББР-ды пайдаланудың статистикалық талдауы келтірілген:

– жарияланған ЦББР саны – 1 386;

– пайдаланушылар саны – 12 976;

– өту саны – 474 843.

Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасы (БАББО)

Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасы (БАББО) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның әкімшілік-оқу үдерісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйелер кешені болып табылады, ол 2011 жылдан бері жұмыс істеп, дамып келеді. БАББО-ны дамыту аясында 2019 жылы Мектепті басқару жүйесінің (ары қарай – МБЖ) жаңартылған нұсқасын кезең-кезеңмен әзірлеу жұмыстары жүргізілді. МБЖ БАББО-ның құрамдас бөлігі болып табылады және ол әрбір Зияткерлік мектепте бар.



1-сурет. Бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасында оқу үдерістерін басқару сызбасы

Қазіргі уақытта МБЖ 19 Зияткерлік мектепке тәжірибе жүзінде енгізілді. МБЖ-ның жаңа нұсқасын әзірлеудің басты кезеңінде келесі қызметтер жүзеге асырылды:

- оқу үдерісінің негізгі жоспары болып табылатын үлгілік оқу жоспарын (ары қарай –ҮОЖ) құру және басқару;
- жұмыс оқу жоспарын (ЖОЖ) құру және ҮОЖ негізінде оқыту сатыларына бөліп басқару;
- жоғары сыныптарда пәндерді таңдауды басқару, оның ішінде блоктарға бөлу және оқушыларды кіші топтарға бөлу;
- сабақ беретін пәнге және педагогикалық шеберлік деңгейіне байланысты жұмыс жүктемесін (ЖЖ) құру және басқару, ЖОЖ сағаттарын мұғалімдер арасында бөлу;
- бағдарламада көзделген оқу материалын сабақтарға бөлу үшін күнтізбелік-тақырыптық жоспар (КТЖ) құру;
- ЖЖ және блоктық үлестірмені, сондай-ақ кабинеттер мен мұғалімдерді ұзақ және қысқа мерзімді ауыстыру мүмкіндігін ескере отырып, сабақ кестесін құру;
- критериалды бағалау журналы мен күнделігімен, сондай-ақ 12-сыныптарға арналған критериалды бағалаудың жеке моделінің журналы мен күнделігімен кіріктіру;
- сабаққа қатысуды есепке алу үшін дәстүрлі электрондық журнал жүргізу;
- оқушылардың үлгеріміне мониторинг жүргізу, оқу үлгеріміне қатысты әртүрлі есептер жазу, сондай-ақ мұғалімдердің оқу жүктемесін қалыптастыру мүмкіндігін жүзеге асыру.

МБЖ-ны жүзеге асырудың соңғы 3-кезеңінде пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін және МБЖ пайдаланушыларынан жасалатын кері байланыс негізінде бизнес-үдерісті оңтайландыру тұрғысынан оның қызметтері жетілдірілетін болады.

Сыртқы жүйелермен, атап айтқанда «Alumni Nazarbayev Intellectual schools» атты Зияткерлік мектеп түлектері қауымдастығының порталымен кіріктіру мақсатында БАББО-ны дамыту аясында одан қажетті деректерді алу үшін арнайы шлюз іске қосылды.

Оқушылардың Зияткерлік мектептер арасында ауысу үдерісін автоматтандыру және оның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында БАББО-ның «Контингент» қызметі кеңейтілді, атап айтқанда: заңды

өкілдердің ауысу туралы өтінішті онлайн беру мүмкіндігі, ауысу туралы өтініштерді тексеру және кезекке қою мүмкіндігі, заңды өкілдерді ауысу үдерісі туралы автоматты хабардар ету мүмкіндігі жүзеге асырылды, сондай-ақ кезекте қозғалу механизмі іске қосылып, есептік нысандар әзірленді.

«Виртуалды мектеп» жобасындағы бизнес-үдерістердің түбегейлі жаңартылуына байланысты Moodle LMS-платформасы негізінде жүйенің жаңа нұсқасы әзірленді. Ол пәннің оқу материалдарын ұсынумен қатар, кері байланыс жасай отырып, оқушыларға аралық және қорытынды тестілеуді өткізуге мүмкіндік береді.

Кадрларды басқарудың сыртқы жүйесі мен БАББО-мен кіріктіру мақсатында, сонымен қатар ДББҰ, оның филиалдары мен еншілес ұйымдарының қызметкерлері туралы сапалы ақпаратты қамтитын бірыңғай дерекқор құру қажеттілігіне байланысты «Қызметкердің бірыңғай профилі» жүйесі әзірленді. Жүйелердің деректерін біріктіру арқылы мұғалімдердің жұмыс нәтижелерін тиімді бақылауға және олардың оқу жүктемесін көруге болады. Бұл жүйені одан әрі дамыту бағыттары анықталды.

ДББҰ ресми сайтын жаңғырту мақсатында ДББҰ-ның корпоративтік порталының (nis.edu.kz) дизайны жаңартылған, мүмкіндіктері кеңейтілген және интерфейсі икемді жаңа нұсқасы әзірленді.

«NIS Ақпараттық технологиялар орталығы» жеке мекемесі ДББҰ-ның 24 ақпараттық жүйесі мен порталына техникалық қолдау көрсетеді. 2019 жылы пайдаланушылардың 7 845 өтініші өңделіп, қолданыстағы жүйелермен жұмыс істеу бойынша 18 тренинг өткізілді, техникалық құжаттар бекітілді.

Кітапхана қорын қалыптастыру

Зияткерлік мектептерде «NIS Programme» бағдарламасына сәйкес мұғалімдер мен оқушылардың сұраныстарына, талап-тілектері мен мүдделеріне, сондай-ақ отандық және шетелдік кітап нарығына талдау жасай отырып, кітапхана қоры жасақталған.

Оқу үдерісін заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми басылымдармен жоғары деңгейде қамтамасыз ету және қорды толықтыру үшін кітапханалар отандық және шетелдік баспалармен жұмыс істейді.

Жалпы кітаптар қоры 674 038 дана оқу, әдістемелік, көркем, ғылыми-танымдық әдебиетті құрайды.

№	Мектептің атауы	Жалпы қор	Оқулықтар	Көркем әдебиет	ОӘК	Қосымша әдебиет	Электронды басылымдар	Сөздіктер	Энциклопедиялар	Мерзімді басылымдар	Сыйға тартылған кітаптар
1	Ақтөбе ФМБ	32 219	15 764	5 211	7 182	2 714	520	129	443	256	730
2	Ақтау ХББ	21 532	12 483	4 925	1 255	2 043	179	77	390	15	180
3	Алматы ФМБ	25 723	14 231	6 029	239	3 420	300	84	219	41	1 160
4	Алматы ХББ	25 379	15 034	5 050	1 538	2 965	168	38	204	23	359
5	Нұр-Сұлтан ХБ	26 988	11 992	8 686	357	4 656	199	211	240	329	318
6	Нұр-Сұлтан ХМ	60 186	30 391	11 701	12 500	4 974	203	64	160	22	193
7	Нұр-Сұлтан ФМБ	29 952	14 139	5 723	1 782	5 427	214	217	792	34	1 624
8	Атырау ХББ	27 142	13 091	5 349	3 095	3 007	251	128	391	71	1 759
9	Көкшетау ФМБ	43 064	22 986	7 926	1 595	8 570	469	142	565	24	787
10	Қостанай ФМБ	23 290	13 433	5 419	715	2 481	186	33	869	24	130
11	Қызыл-орда ХББ	25 808	14 978	4 622	2 916	1 558	175	82	562	150	765
12	Қарағанды ХББ	21 918	9 653	5 210	1 349	4 252	310	113	277	254	754
13	Петропавл ХББ	22 060	11 731	5 281	828	3 055	178	56	312	15	604
14	Павлодар ХББ	27 938	15 861	5 318	1 366	3 851	278	188	317	16	427
15	Семей ФМБ	34 095	17 653	6 457	1 887	6 321	366	243	245	376	547
16	Талды-қорған ФМБ	58 336	31 568	9 090	7 558	8 058	663	181	426	191	601
17	Тараз ФМБ	30 784	17 641	5 157	3 063	3 485	307	139	426	274	292
18	Орал ФМБ	39 264	23 890	6 403	2 029	5 744	401	249	252	24	272
19	Өскемен ХББ	38 184	22 999	6 904	3 266	3 260	392	161	262	19	921
20	Шымкент ХББ	28 353	17 249	5 267	1 137	2 721	349	137	525	189	779
21	Шымкент ФМБ	31 823	16 811	4 457	4 953	2 758	411	158	505	38	1 732
	Барлығы	674 038	363 578	130 185	60 610	85 320	6 519	2 830	8 382	2 385	**14 934**

Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханаларының жалпы қоры



Оқу мәдениетін дамыту және оқырман сауаттылығын қалыптастыру

Заманауи мектеп кітапханаларын жаңғырту аясында Зияткерлік мектеп кітапханаларындағы жұмыс нысандарының бірі – әртүрлі белсенді ойын әдістері арқылы оқырмандық және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

Онда оқушылар Б. Момышұлының «Ұшқан ұя», Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері», Жюль Верннің «20 тысяч лье под водой», Л. Кэроллдың «Алиса ғажайыптар елінде» және т.б. кітаптардың мазмұны бойынша тәтті тоқаштар пісірді.

11 Зияткерлік мектепте «Book taste» атты тағамдық кітаптар фестивалі өтті.

READx жобасы оқушылар арасында кеңінен танымал болған жоба, бұл жоба

аясында оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар мен қоғамда белгілі адамдар бір алаңда кездеседі. Әр қатысушы ұнататын кітабы туралы әңгімелеп, кітаптан қандай әсер алғанын айтады. READx конференциясы – оқыған кітаптарды талқылап, өзара араласу мүмкіндігі. READx барлық Зияткерлік мектептерде дәстүрлі мерекеге айналды. Әртүрлі жанрлар мен бағыттардағы кітаптар, көркем, қоғамдық-саяси және ғылыми-танымдық әдебиет талқыға салынады. «Зияткерлік мектептер оқушыларына оқуға ұсынылған 100 кітап» жобасына кіретін отандық жазушылардың шығармалары, заманауи бестселлер мен Тұңғыш Президенттің еңбектері қатысушыларды ерекше қызықтырады.

15 қыркүйек күні Зияткерлік мектептердің барлық кітапханаларында нүкте күні тойланды, мұнда оқушылар «Точка» кітабымен танысты.

«Кітап әлемді жаулайды» атты тосын сый науқаны – Дүниежүзілік балалар кітабы күніне орай өткізілетін жыл сайынғы науқан. Науқан аясында оқушылар мен бүкіл мектептер қауымы бейтаныс адамнан қызықты кітапты сыйға алады. Науқан барысында қатысушылар бір-бірімен 8600 кітап алмасты.

«Reading Man» науқаны 11 Зияткерлік мектепте өткізілді. Оқушылар мен мұғалімдер кішігірім сыйлықтар алу үшін шағын квесттің қызықты тапсырмаларын орындады.

MEMORO жобасы аясында Зияткерлік мектеп оқушылары өздерін зерттеуші-видеорежиссер ретінде сынап, қарт адамдарды шақырып, олардың өмірінде өткен әртүрлі оқиғалар жайлы сұхбат алады. Бұл жобаның арқасында ұрпақтар арасындағы байланыс нығайып, жас ұрпақ аға ұрпақтың бастан кешірген өмірлік жағдайлары мен өткен оқиғалары туралы тыңдап, олардың даналығын бойына сіңіреді.

ISLM Bookmarks Exchange жобасы – 3 Зияткерлік мектеп жыл сайын қазан айында Халықаралық мектеп кітапханалары айының құрметіне өтетін Халықаралық мектеп кітапханалары қауымдастығының дәстүрлі жобасына қатысады. Биыл оқушылар Rua da Escola Preparatoria мектебі (Португалия), Турсени қ. мектебі (Румыния), Дели қаласындағы Бал Бхарти атындағы мектептің (Үндістан) оқушыларымен өз қолымен жасаған бетбелгілермен алмасты. Бет-белгілерде балалар ұлттық рәміздер мен туларды бейнелеп, жылы лебіздер жазды.

Зияткерлік мектептердің барлық кітапханаларында бір оқу жылында оқу клубтары, отбасылық оқу клубтары және оқу үдерісіне қатысатын еріктілер: оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, кітапханашылар клубтары жұмыс істейді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітапханалары оқушыларды кітап оқуға қызықтыру үшін және кітапханашылардың шетелдік мамандардың қатысуымен өткізілген семинарлар барысында танысқан PISA ақпараттық және функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін жаңа белсенді және ойын түріндегі «Book Frenzy», «Poem in Your Pocket», «Poe-Tree», «Әдеби джем», «Сүйікті бірінші бет» әдістемелерін енгізіп жатыр. Осындай қызықты іс-шаралар оқушылардың әлеуметтік және бейіндік дағдыларына оң әсер етеді, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, әртүрлі ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын және кітапханада қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу қабілетін дамытады.



Зияткерлік мектеп кітапханалары оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Оқушылардың ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу, зерттеу, сыни оқу дағдыларын дамыту мақсатында барлық кітапханаларда ақпараттық сауаттылық сабақтары өтеді.

Бұл сабақтар әртүрлі ақпарат көздерімен дербес жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған, жобалық жұмыс дағдыларын және зерттеу қабілетін қалыптастырады.

Зияткерлік мектептер жаратылыстану және математика бағытындағы пән мұғалімдерімен бірлесіп 21 Sciku кітапханалық сабағын, статистикалық ақпаратпен жұмыс істеу сабағын, Q-Focus, жаңалықтарға қатысты сауаттылық, «Three Column Notes» сабақтарын және т.б. өткізді.

Оқу жылында Зияткерлік мектептердің барлық кітапханаларында оқушылар мен

Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін EBSCO халықаралық ақпараттық базасы, Twig-bilim, BilimLand порталдарындағы оқу ресурстарын пайдалану курстары өткізіледі. Оның мақсаты – пәндерді кіріктіру арқылы оқу және ақпараттық сауаттылықты дамыту, сабақтарды ақпараттық тұрғыдан қолдап, кітап оқуға қызықтыру, кітапханалық ресурстарды қолданып, белсенді ойын әдістерін өткізу.

2019 жылы барлық мектептерде EBSCO және BilimMediaGroup ресурстық компанияларының өкілдері мен тренерлерінің қатысуымен оқушылар мен мұғалімдерге арналған онлайн-тренингтер өткізілді.

Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің кітапханашы-мұғалімдері, ағылшын тілі мен өнер пәндерінің мұғалімдері бірігіп, философия күніне орай ЮНЕСКО мектеп клубының мүшелерімен ағылшын тілі идиомаларының сөздіктері мен жинақтары қолданып, «Idioms» тақырыбына кіріктірілген сабақ өткізді. Бұл сабақ өзінің ерекшелігімен оқуға деген қызығушылықты арттырып, материалды шығармашыл жолмен бекітуге мүмкіндік берді (идиомаларды салу және оларға мысалдар жазу).

Шымкент қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің кітапханасында 11-сынып оқушылары үшін биология пәнінің мұғалімдерімен «Генетика» тақырыбына және 11-сынып оқушылары үшін физика пәнінің мұғалімдерімен «Газ» тақырыбына кешенді сабақтар өтті. Сабақ барысында «Keyword Hexagon» әдісі, «Kahoot», «Learning Apps» және «Bilim Land» білім беру ресурстары қолданылды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімімен бірге 7-сынып оқушыларына арналған «тізбек бойынша оқу» әдістемесі қолданылған кіріктірілген сабақ өтті.

Өскемен қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің кітапханасында «100 кітап» жобасы аясында ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерімен бірлескен сабақ өтті. Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» шығармасы шеңберінде оқушылар поэмаға қатысты өз нұсқаларын жасады. Кіріктірілген сабақ оқушыларға В. Шекспирдің шығармашылығы, көркем мәдениеттің алуан түрлі әлемі туралы кең әрі жарқын түсінік берді.

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің кітапханасында 8-сынып оқушылары үшін «Сән, киім үлгісі және стилі» тақырыбына ағылшын тілінен кіріктірілген сабақ өтті. Сабақта «Write around» әдісі қолданылған практикалық жұмыс, 10-сынып оқушылары үшін «Piktochart – цифрлық құралдар арқылы инфографика құру» тақырыбына кітапханада информатика сабағы өткізілді. www.pictochart.com онлайн қосымшасының көмегімен оқушылар әртүрлі тақырыптарға инфографика жасады, ағылшын тілі пәнінен 11-сынып оқушыларына арналған «Magazines in the classroom» кіріктірілген сабағын өтті. Сабақта «3-бағана» әдісі (мерзімді басылымдардың мәтінімен жұмыс істеу) қолданылып, практикалық жұмыс жүргізілді. Кітапханада физика пәнінен «Жаңалықтар және өнертабыстар» тақырыбына кіріктірілген сабақ өтіп, оқушылар «Time Line» карточкаларын жасады. Сабақ барысында оқушыларда пәнге деген қызығушылық пайда болады; олар белгілі бір қабілеттерді, зерттеу дағдыларын меңгереді, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады; оқушылардың оқуға деген құштарлығы артып, олар электрондық оқу ресурстарымен жұмыс істеуді үйренеді.

Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің кітапханасында Hexagon

Keyword әдісін қолдана отырып, биология пәнінен «Адам дамуының эволюциясы» тақырыбына кіріктірілген сабақ өтті.

Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің кітапханасында Абайдың өлеңдері мен қара сөздері тақырыбына сабақ өтті. Сабақтың мақсаты – Абайдың қара сөздерінің тәрбиелік мәнін, моральдық-адамгершілік тәрбиеде философиялық маңызын түсіндіру.

Мұндай сабақтар әртүрлі пәндерде қолданылатын ұғымдарды қарастыруға, салыстыру, жалпылау, жіктеу, талдау, синтездеу сияқты ой қабілетіне бағытталған жұмысты ұйымдастыруға, сондай-ақ пәнаралық байланыс пен оның әртүрлі міндеттерді шешу барысында қолданылуын көрсетуге мүмкіндік береді. Сабақтар оқиғалар, фактілер және құбылыстар арасындағы байланыстарға сүйеніп, қорытынды жасауды үйретеді. Кітапхана мен мұғалімдердің бірлескен жұмысы оқу үдерісінде кітапхана мүмкіндіктерін толық пайдалануға және оқушыларды белсенді оқуға тартудың жаңа формаларын ашуға көмектеседі.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Зияткерлік мектептердің кітапханалары оқушылар, ата-аналар және мұғалімдермен жұмыс жасау тәжірибесін үнемі жаңартып отыруға тырысады. Бұл кітапханалардың Зияткерлік және ресурстық әлеуетін қолдап, оларды өңірлердегі мектеп кітапханалары арасындағы әдістемелік орталықтарға айналдырады. Осыған орай біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ жаңа жұмыс тәсілдерін өз бетінше оқуға көп көңіл бөлінеді. 2019 жылдың 20-22 ақпаны аралығында Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітапханашы-мұғалімдеріне және ұйымдастырушы-куратор-мұғалімдерге арналған **«Оқушылардың ғылыми шығармашылығы мен адамгершілік ұстанымдарын дамыту»** атты біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды. Тренерлер Оңтүстік Кореяның мамандары қатарынан шақырылды. Сарапшылар Назарбаев Зияткерлік мектептері кітапханаларының шеберлігін және жоғары даму деңгейін атап өтті.

Зияткерлік мектептерді ең жақсы ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында кітап нарығын зерттеу мәселесі де шетте қалмады. Зияткерлік мектептердің қызметкерлері 2019 жылы 12-14 наурызда Лондонда өткен The London Book Fair атты 48-Халықаралық кітап жәрмеңкесіне қатысты. Мұндағы мақсат – Зияткерлік мектептердің кітапхана қорларын әртүрлі топтамалармен толықтыру, білім беру ресурстары саласындағы әлемдік үрдістерді зерттеу.

2019 жылдың 21-25 қазанында Көкшетау және Қостанай қалаларындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының қызметкерлері **Хорватияның Дубровник қаласында өткен жыл сайынғы 48-ші IASL халықаралық конференциясын және**

мектеп кітапханаларын тану жөніндегі зерттеулердің 23-ші Халықаралық форумына қатысты. «Жақындасу – Жақсарту – Трансформация» тақырыбындағы конференцияға 129 елдің өкілдері қатысты.

Әріптестеріміз Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүргізілетін тәрбие жұмысы, мектеп кітапханалары жұмысының жаңа әдістері туралы баяндама жасады. «Сүйікті бірінші бет» және «Сұрақтың күші» формасымен біріктірілген Reading Man тәжірибелік жұмысы баяндаманың ерекше бөлігі болды. Әртүрлі елдердің кітапханашылары баяндамаға үлкен қызығушылық танытты.

3.3. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Зияткерлік мектептерде біртұтас білім беру жүйесі жұмыс істейді, ол «Мәңгілік Ел» құндылықтары мен бәсекеге қабілетті, прагматикалық, шығармашыл, патриот және қарекетшіл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттері негізінде тәрбиелеу жұмысы мен оқытуды кіріктіреді.

Әлеуметтік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық, спорттық жобалар мен іс-шараларды жүзеге асыру жұмыстары жалғастырылуда.

ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Қоғамға қызмет етуге бағытталған әлеуметтік жобалар Зияткерлік мектеп оқушыларының бойында азаматтық белсенділік пен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырады.

Жобалар аясында мектеп оқушылары халықтың әлеуметтік осал топтарына ерікті көмек көрсетеді. Мектептер балалар үйлері, ауруханалар, балабақшалар, қарттар үйлері, қалалық саябақтар және басқа да әлеуметтік нысандарда ерікті жұмыс істеу, қоғамға пайдалы қызмет етуге бағытталған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға қатысты біраз тәжірибе жинақтады.

Еріктілер жылы қарсаңында мектеп іс-шаралар жоспарын бекітті, ол 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап жүзеге асырылуда. Осылайша, мектептерде «Жылды жақсылықтан баста», «Үш рахмет!», «Мейірімділік ошағы», «Баланы мектепке жина!» қарттар күніне орай мерекелік концерттік бағдарламалар; аз қамтылған отбасылар үшін қаражат жинау қайырымдылық акциялары және т.б. өткізілді.

2019 жылы осы жобаға қатысқан оқушылар саны 2018 жылмен салыстырғанда 12,5%-ға артты.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕ

Жыл сайын Зияткерлік мектептердің оқушылары міндетті жазғы практикадан өтеді. Бұл іс-шараны ұйымдастыруға оқушылардың ата-аналары үлкен көмек көрсетеді.

Ағымдағы жылы әлеуметтік тәжірибеге қатысқандар:

- «Баланды жұмысқа алып бар» – 4079 (99,6%) 9-11-сынып оқушылары;
- «Ата-ананың жұмыс орнында 10 күн» – 7280 (99,7%), 9-11-сынып;
- «Екі апта ауылда» – 11359 (99,6%) 7-9-сынып оқушылары.

2019 жылдың қыркүйек айынан бастап Назарбаев Зияткерлік мектептерінде **3 жаңа жоба** іске қосылды:

«Ұлы дала ақындары» жобасы қазақ әдебиеті классиктерінің бай мұрасын және Тәуелсіз Қазақстан ақындарының шығармашылығын терең зерттеуге бағытталған. Мектептерде «Жас ақындар», «Ақ қалам» клубтары құрылды, жас ақындар мен жазушылардың шығармашылық кештері өткізіледі; жас ақын, жазушылармен кездесулер ұйымдастырылады; клуб мүшелерінің өлеңдері мен әңгімелерінің жинақтары дайындалады.

«Өмірде қолданатын мақал-мәтелдер» жобасы. Жобаның мақсаты – мақал-мәтелдер арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу; ұлттық мұра мен құндылықтарды нәсихаттау; оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, олардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру; тапқырлық, шешендік шеберлікке тәрбиелеу және күнделікті өмірде мақал-мәтелдерді қолдану. Ай сайын оқушылар берілген тақырыпқа қатысты (Отан, достық, білім, адами қасиеттер, еңбек, отбасы және т.б. туралы) жаңа мақал-мәтелдермен танысады, мақал-мәтелдер жарысын, суреттер сайысын өткізеді.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы ұрпақтар сабақтастығын сақтау, қарттарға деген жағымды көзқарас қалыптастыру, қарттар арқылы оқушылардың бойында адамгершілік-рухани қасиеттерді, еңбекқорлықты қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Сонымен қатар жоба қарттардың әлеуметтік белсенділігін, физикалық және психикалық даму деңгейін арттыруға бағытталған. Оқушылармен сөйлесу үшін жалғыз басты зейнеткерлер аптасына бір рет мектепке келеді.

«ТУҒАН ЕЛГЕ ТАҒЗЫМ» АТТЫ ӨЛКЕТАНУ ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын және Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру мақсатында 2019 жылдың 17-24 маусымы аралығында «Туған елге тағзым» атты өлкетану зерттеу экспедициясы ұйымдастырылды.

Экспедицияға Зияткерлік мектептердің 240 оқушысы мен **40 педагогы** қатысты. Экспедициялар **10 бағыт бойынша өткізілді.**

Экспедициялар жалпыұлттық қасиетті нысандарға, ғибадатханаларға, танымал тұлғаларға арналған мұражайларға, тарихи-өлкетану мұражайларына, театрларға, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар мен шатқалдарға жасалды.

Экспедицияға қатысушылар жоғары оқу орындары мен облыстық мұрағаттардағы мұрағаттық құжаттармен, өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің ерекшеліктерімен танысып, өңірдің танымал тұлғаларымен кездесті.

Экспедиция қорытындысында оқушылар есептер мен бейнефильмдер дайындады.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде өзін-өзі басқаратын көшбасшылар форумы

Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 2019 жылдың 5-6 желтоқсанында Зияткерлік мектептерде өзін-өзі басқаруды қолға алған оқушылар, яғни 21 көшбасшы және оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын үйлестіретін ұйымдастырушы-кураторлар кездесті. Форум тақырыбы: «Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының салауатты өмір салты контекстінде рухани және дене тәрбиесін қалыптастыру».

Іс-шараға қатысушылар келесі тақырыптар бойынша: «Өзекті мәселелерді шешуде менің мектебімнің ерекшелігі»; «Health Project» компаниясының негізін қалаушы Аян Биримжанның «Health Project» дұрыс тамақтану туралы; Амира

Давлетова, фитнес-жаттықтырушы – сау дене туралы; Еркін Ажар, Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің 12-сынып оқушысы – аутоиммундық ауруларды емдеуде қазақ мәдени мұрасының рөлі туралы өз ой-пікірлерімен бөлісті.

«ҰЛЫ ДАЛА ҰРПАҒЫ» ЖАЗҒЫ МЕКТЕБІ

ДББҰ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған «Отандастар қоры» КЕАҚ-пен бірлесіп, 2019 жылдың 10-24 шілде аралығында «Ұлы дала ұрпағы» жазғы мектебін ұйымдастырды.

Жазғы мектептің негізгі мақсаты – шетелде тұратын қазақ оқушыларының тарихи Отанымен байланысын нығайту, қазақстандық патриотизмді дамыту, оларға ана тілін, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды үйренуде академиялық қолдау көрсету, сондай-ақ қазақ оқушылар мен олардың Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқитын құрдастары арасында достық байланыстарды нығайту.

Жазғы мектепке Иранда, Монғолияда, Ресей Федерациясында, Өзбекстанда, Қырғыз Республикасында, Тәжікстанда тұратын қазақ диспорасының 12-17 жасар балалары шақырылды. Қатысушылардың жалпы саны 175 оқушыны құрады.

Жазғы мектеп бағдарламасына келесі сабақтар кірді:

- •STEM пәндерден: химия, физика, биология, математика, робот техникасы;
- Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті, ойлау дизайны, ТРИЗ, жаһандық перспективалар мен жобалар;
- қосымша пәндерден: ұлттық аспаптарда ойнау, қыш өнері, арт-дизайн, ұлттық әшекейлер мен тұрмыстық заттар жасау (құрақ-көрпе, жүн илеу техникасы, ұршық);
- танысу экскурсиялары.

Тарих сабағында «Ұлы даланың жеті қыры», «Мәңгілік Ел: бір халық – бір тағдыр», «Алаш қозғалысы және қазақ ағартушылары», «Ұлы дала жастары», «Ұлы дала ойшылдары», «Ежелгі түріктер дәуірі», «Батыс Еуропа – Батыс Қытай транзиттік көлік дәлізі» тақырыптары қарастырылды, балалар Қазақстанның негізгі даму кезеңдері, еліміздің әлемдегі экономикалық және саяси рөлі жайлы оқыды.

Жазғы мектеп қатысушыларына:

- «Көлеңкелі поэзия», «История одной песни», күй тарихы кеші, «Елтану» Зияткерлік ойыны»;
- түркітанушы, ф.ғ.д., профессор Қаржаубай Сартқожаұлы, Айдие Айдарбеков, «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобасының жеңімпазы, «Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының» қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

Балалар Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасына, Бейбітшілік және келісім сарайына, «Бәйтерек» монументіне, «Әзірет Сұлтан» орталық мешітіне, «Қазмедиа орталығына» телерадио-кешеніне, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ, «Атамекен-Қазақстан Картасы» этникалық мемориалдық кешеніне, Astana Hub IT-стартаптарының халықаралық технопаркіне, «Нұр Әлем» павильонына, Ұлттық биотехнология орталығына, этноауылға, саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешеніне, «Родина» ауылшаруашылық фирмасына, «Жасыл аймаққа» РМК-ның «Аққайың» орман тәлімбағына, «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағына, сондай-ақ еліміздің жетекші жоғары оқу орындары – Назарбаев Университетіне, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне, Қазақ мемлекеттік заң университеті, Ақышев атындағы Археологиялық зерттеу институтына барды.

Жазғы мектепте балалар «Еркемай» халық әнін домбырада ойнауды, саз топырақтан қыш құмыралар жасауды, сурет салуды және матамен өрнектеп тігуді, қолда бар материалдардан макеттер мен ұсақ-түйек заттар жасауды үйренді.

Екі апта бойы вокал, би, домбырада ойнау сабақтарына қатысқаннан кейін

оқушылар жазғы мектептің жабылу салтанатында тамаша өнер көрсетті.

Әр қатысушыға:

- жазғы мектепке қатысқаны туралы сертификаттар мен естелік кәде-сыйлар;
- «A day in Astana» фото-альбомы және фотосуреттері бар DVD-диск;
- жазғы мектепке қатысқаны туралы видео және қазақ тілін оқып үйренуге арналған кітап берілді.

СПАРТАКИАДА

Салауатты өмір салтын қалыптастырып, оқушыларды шыныықтыру мақсатында футзал, волейбол және баскетболдан спартакиада өткізілді.

Футзалдан жарысқа 7-8-сынып оқушылары, **волейболдан** – 9-10-сынып оқушылары, **баскетболдан** – 11-сынып оқушылары қатысты.

Ойын екі кезеңмен өтті: аймақтық және финалдық.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлдегер атанғандар:

ҰЛДАР ТОБЫ

ФУТЗАЛ

1-орын
НЗМ Павлодар

2-орын
НЗМ Қарағанды

3-орын
ХББ НЗМ Қарағанды

ВОЛЕЙБОЛ

1-орын
НЗМ Павлодар

2-орын
НЗМ Петропавл

3-орын
НЗМ ФМН Алматы

БАСКЕТБОЛ

1-орын
ХББ НЗМ Шымкент

2-орын
НЗМ Орал

3-орын
НЗМ Қарағанды

ҚЫЗДАР ТОБЫ

ФУТЗАЛ

1-орын
ХББ НЗМ Алматы

2-орын
НЗМ Нұр-Сұлтан

3-орын
НЗМ Қарағанды

ВОЛЕЙБОЛ

1-орын
НЗМ Нұр-Сұлтан

2-орын
ХББ НЗМ Алматы

3-орын
НЗМ Ақтау

БАСКЕТБОЛ

1-орын
НЗМ Ақтөбе

2-орын
НЗМ Қарағанды

3-орын
НЗМ Нұр-Сұлтан

ЖЕЛІЛІК ШАХМАТ ТУРНИРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНАН СПАРТАКИАДА

27-28 қыркүйекте Ақмола облысының «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында Зияткерлік мектеп оқушылары арасында Тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан дәстүрлі шахмат турнирі мен спартакиада өтті.

Іс-шара оқушылар арасында спорттық-зияткерлік ойындарды насихаттау мақсатында өткізіледі.

Спартакиаданың төрешілер құрамында Халықаралық тоғызқұмалақ федерациясының бас хатшысы және жастар командаларының бас бапкері – М.Е. Шотаев және ФИДЕ-нің лицензиясы бар төрешісі – Е.С. Метелено болды.

84 оқушы шахмат турниріне және 40 оқушы тоғызқұмалақ ойынына қатысты.

Тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан спартакиада жүлдегерлері:

Ұлдар арасында:

1-орын – Маметан Абылай, Орал қ. НЗМ;

2-орын – Райымбек Досымжан, Қызылорда қ. НЗМ;

3-орын – Сайтахмет Ильяс, Қостанай қ. НЗМ.

Қыздар арасында:

1-орын – Жәрдем Жансая, Ақтау қ. НЗМ;

2-орын – Мұнайтбасова Жұлдызай, Қызылорда қ. НЗМ;

3 орын – Хамзиева Гаухар, Қостанай қ. НЗМ

Желілік шахмат турнирінің жеңімпаздары оқушылар **арасындағы XIV республикалық шахмат турниріне қатысты,** оның қорытындысы бойынша «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ құрама командасы жалпы командалық есепте 2-орынға ие болды.

Жас ерекшелігі бойынша команда 4 қола медаліне ие болды:

9 жасқа дейінгі қыздар – Өмірсерік Алима, Талдықорған қ. НЗМ оқушысы;

13 жасқа дейінгі қыздар –Каймолдина Аружан, Семей қ. НЗМ оқушысы;

17 жасқа дейінгі ұлдар –Катенов Айбек, Нұр-Сұлтан қ. ФМБ НЗМ;

17 жасқа дейінгі қыздар –Жандәулет Ланыш, Алматы қ. ФМБ НЗМ оқушысы.

ЮНЕСКО Клубтарының Қазақстандық Ұлттық Федерациясымен ынтымақтастық

Барлық Зияткерлік мектептерде және Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте ЮНЕСКО клубтары құрылды, олар ЮНЕСКО клубтарының Қазақстандық ұлттық федерациясына кіреді. Біздің оқушылардың 15%-ы осы клубтардың мүшесі.

2019 жылы аталған оқушылар ЮНЕСКО клубының Қазақстандық Ұлттық Федерациясының келесі жобаларына қатысты:

- Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО клубтарының IV Шығармашылық академиясы (Көкшетау, Қостанай, Талдықорған, Тараз, Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептердің ЮНЕСКО клубтары);
- «Ақ Бастау» балалар суретінің III Халықаралық интернет конкурсы (Талдықорған, Өскемен қ. Зияткерлік мектептерінің ЮНЕСКО клубтары);
- Жапониядағы XX халықаралық балалар суреті байқауы (Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектептің ЮНЕСКО клубының 1 финалист-мүшесі);
- «Балалар әлемді бейнелейді» халықаралық байқауы (Талдықорған, Павлодар қалаларындағы Зияткерлік мектептердің ЮНЕСКО клубтары);
- «Ядролы сынақсыз әлем үшін күш біріктірейік» атты халықаралық өнер байқауы (Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептердің ЮНЕСКО клубы).

2019 жылдың қазан айында Алматы қаласында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ЮНЕСКО Клубтарының Қазақстан ұлттық федерациясының республикалық есеп беру-сайлау конференциясына қатысып, Федерация Басқармасының құрамына кірді.

3.4. ҚОСЫМША БІЛІМ

Қосымша білім беру жүйесі оқушылардың тұлғалық дамуы мен денсаулығын нығайту үшін, кәсіби бағдарын анықтау және шығармашылық еңбегі үшін өте маңызды, мұнда оқушылардың жеке қабілеттері, мүдделері мен қызығушылықтары ескеріледі.

Зияткерлік мектептерде элективті курстар, үйірмелер, клубтар, спорттық секциялар, «Жазғы мектеп» және «Серіктес мектептер» жобалары жүзеге асырылуда.

3.4.1. МЕКТЕПТЕГІ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР

Элективті курстар Зияткерлік мектепті дамыту жоспарын жүзеге асыруға бағытталған оқу жоспарының вариативті мектеп компонентінің құрамдас бөлігі болып табылады және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның NIS- Program білім беру бағдарламасын толықтыруға және кеңейтуге септігін тигізеді.

Элективті курстар 1-12-сынып оқушылары үшін олардың талап-тілектеріне және таңдауларына қарай өткізіледі, бір немесе бірнеше пәнді жоғары деңгейде игеруге көмектеседі; практикалық маңызды мәселелерді шешуге қажетті дағдылар мен әрекет ету жолдарын қалыптастырады; кәсіби бағдар жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз етеді; танымдық қызығушылықты қанағаттандыруға, өмірлік маңызды мәселелерді шешуге және оқушылардың еңбек нарығында табысты алға жылжуы үшін білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге көмектеседі.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде элективті курстар инвариантты компонентке теңестірілген және оқушылардың қызығушылығына қарай үш бағытта жүзеге асырылады:

– академиялық білімді тереңдету және дағдыларды зерттеу;

– тілдік дағдыларды дамыту, халықаралық емтихандарға дайындық, шет тілін оқыту;

– IT дағдыларын дамыту.

Инвариантты компонентке теңестірілген элективті курстар оқушыларды халықаралық емтихандарға, бейінді пәндерден олимпиадаларға дайындауға, нанотехнология, биотехнология, инженерия, робот техникасы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардан білімдерін тереңдету мақсатында өткізіледі. Есепті кезеңде Зияткерлік мектептерде 130 424 сағат көлемінде келесі тақырыптар бойынша элективті курстар өткізілді:

- IELTS, HSK, TOPIC, DSD халықаралық емтихандарына дайындық;
- Математика, химия, биология, физика пәндерінен SAT халықаралық емтиханына дайындық;
- Емтиханға дайындық (CIE, NUFIPET, SAT);
- Математика, химия, биология, физика, информатика пәндерінен олимпиадаға дайындық;
- Астрофизика және космология;
- Физиканы аналитика және математика тұрғысынан тану;
- Grammar for advanced learners;
- Статистика;
- WEB-дизайн негіздері;
- C# тілінде бағдарламалау;
- Arduino және т.б. платформаларындағы Smart технология.

Оқушылардың қызығушылықтарына қарай таңдалатын элективті курстар – бейіналды оқыту жүйесінде маңызды рөл атқарады және оқушыларға өзі таңдаған салада жеке танымдық қызығушылықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді, практикалық маңызды мәселелерді шешу дағдыларын және әрекет ету тәсілдерін қалыптастырады, оқушылардың оқу жоспарында көрсетілмеген қандай да бір білім саласына деген табиғи қызығушылығын қанағаттандырады. Ағымдағы есеп беру кезеңінде Зияткерлік мектептерде оқушылардың қызығушылықтары

бойынша 100 024 сағат көлемінде мынадай тақырыптарда элективті курстар өткізілді:

Дәрілік заттар: пайдасы мен зияны;

- Наноұнтақпен модификацияланған бериллий керамикасы;
- Ықтимал модельдер және статистика;
- Отын брикеттері мен «жылы үй» әзірлеу;
- Сызбатехника;
- PHP көмегімен Web-қосымшаларды әзірлеу;
- Мобильді қосымшаларды әзірлеу;
- Ғылымдар тоғысындағы зерттеулер;
- Youtube әлеуметтік желісінде географиядан қазақ тіліндегі контентті дамыту;
- STEAM-Қиялда шек жоқ және т. б.

2019-2020 оқу жылында 7-12-сыныптарда «екінші шет тілі» оқушылардың қызығушылықтарына қарай элективті курстар аясында оқытылады. 2019 жылғы 29 қарашадағы жағдайға сәйкес Зияткерлік мектептерде 4 840 оқушы екінші шет тілін оқиды (неміс тілі – 1 780, қытай тілі – 1 386, француз тілі – 983, корей тілі – 579, жапон тілі – 69 және итальян тілі – 43).

Оқушылардың 100% элективті курстарға қатысады.

3.4.2. ҮЙІРМЕЛЕР, КЛУБТАР, ОҚУШЫНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТАТЫН СЕКЦИЯЛАР

Оқушылардың шығармашылық талаптілектері мен қызығушылығын дамыту үшін Зияткерлік мектептерде 732 үйірме, 21 клуб, 23 спорт секциясы жұмыс істейді. Оқушылардың 90%-дан астамы үйірмелерге қатысады.

Оқушылар үйірмелерге, жалпы мектептік, желілік, республикалық және халықаралық конкурстарға, жарыстарға, жобаларға белсене қатысады. Жүргізілген үйірме, секциялық сабақтардың нәтижесінде оқушылар үлкен жетістіктерге жетеді. Биыл Ақтау қаласындағы НЗМ оқушысы Дастан Чадықұлов бейнелеу өнерінен халықаралық байқауда (Италия) 1-орын; Таубаева Жанель (Қарағанды қаласындағы НЗМ) – «Jumeirah Sounds» III Халықаралық жасөспірімдер фестивалінде 2-орын (БАӘ, Дубай қаласы); Петропавл қаласындағы НЗМ-ның би тобы – Санкт-Петербург қаласындағы балалар мен жасөспірімдер арасындағы XVI Халықаралық фестиваль-конкурсында 1-орын алды; Нұр-Сұлтан қаласындағы ФМБ НЗМ оқушылары Жетпісбеков Жомарт, Әлиев Әлішер, Асқарұлы Тарлан, Кенжебек Дарын «Хакатон» ұлттық конкурсында 300 мың және 500 мың теңге сомасына сертификаттар ұтып алды; Абуова Айбиби (НЗМ ФМБ г. Нұр-Сұлтан) – «Altyn oimaq» Ұлттық киім дизайнерлер конкурсында 1 млн. теңге ұтып алды; Өскемен қаласындағы НЗМ оқушылары Мырзақанов Бекзат, Битимханов Батырхан «ROSSиЯ.RU – 2019» халықаралық IT-конкурсында 1 дәрежелі лауреат және дипломанты атанды және т. б.

2019 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 256 оқушысы – республикалық, 104 оқушы – халықаралық конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздары атанды.

Стэнфорд университетімен бірлескен элективті курстар

Нұр-Сұлтан және Ақтау қалаларындағы Зияткерлік мектептерде Стэнфорд университетінің (АҚШ) оқытушылары әлеуметтік осал топтарға жататын, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ата-анасының біреуінен айрылған және тұрмысы нашар отбасылардан шыққан 100 оқушыға курстар ұйымдастырды.

Курстар келесі тақырыптар бойынша өткізілді:

- «Генетиканың даму және ауруға әсері»;
- «Математикалық логика және проблемаларды шешу»;
- «Креативті хат»;
- Бағдарламалық жасақтаманы және ойындарды әзірлеу»;
- «Даналылық саласындағы көшбасшылық».

Курстың мақсаты – қатысушылардың биоғылым саласы, логикалық есептер, көшбасшылық, шығармашылық жазу және бағдарламалық жасақтаманы әзірлеудегі теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын тереңдету және кеңейту.

Оқушылар практикада:

- әдеби көркемсөз арқылы өз ойларын, сезімдері мен шығармашылық ойларын жеткізуді үйренді;

• информатика негіздерін оқыды, дизайнерлік ойлау дағдысын дамыта отырып, бейнеойындар жасауды үйренді;

• табысты кәсіпорындарды құру құралдарымен танысты және қажетті дағдыларды дамытты;

• математикалық есептерді шығарды, логикалық ойлау дағдыларын және талдау қабілеттерін дамытты;

• геннің құрылымын, тұқым қуалаушылығын және мутациясын, сондай-ақ техниканың медицинаның дамуына әсерін зерттеді.

Назарбаев Университетіндегі элективті курстар

Назарбаев Университетінде Зияткерлік мектептердің 40 оқушысы үшін элективті курстар ұйымдастырылды. Оқушылар университеттің Медицина мектебі, Инженерия мектебі, ғылым және технология мектебі, тау-кен ісі және жер туралы ғылым мектебінің зертханаларында ғылыми-зерттеу жобаларымен ағылшын тілінде жұмыс істеді.

Курсты әлемдік деңгейде зерттеу саласында ғылыми жетістіктері бар шетелдік және қазақстандық жас ғалымдар жүргізді.

Курс аясында оқушылар:

• университеттің алдыңғы қатарлы зертханаларында тәжірибе жүргізді;

• практикалық тәсілдеме негізінде электронды схемалар мен бағдарламалауды зерттеді;

• әртүрлі конфигурацияларды жобалап, үш өлшемде басып шығару үшін қатты модельдер дайындады;

• ерітінділерді дайындауға, фотолюминесцентті өлшеуге және саусақ іздерін анықтауға қатысты;

• эксперименттерді жоспарлаудың ғылыми қағидаттарын және қол жеткізілген өлшеулер мен талдауды зерттеді;

• жұмыссыздық пен инфляция деңгейін және т.б. анықтады.

Новосибирск мемлекеттік университетінің Мамандандырылған оқу және ғылыми орталығының (СУНЦ НГУ) оқытушыларымен өткізілген курстар

Павлодар қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Зияткерлік мектептердің 48 оқушысы үшін СУНЦ НГУ оқытушыларының қатысуымен физика, химия және биология пәндерінен олимпиадалық дайындық жүргізілді.

Курс 2018-2019 оқу жылында жаратылыстану және математика бағытындағы пәндерден республикалық олимпиадаға қатысушыларға (Ақтөбе қ.) және халықаралық пән олимпиадаларының жүлдегерлеріне арналған.

3.4.3. ШЕТЕЛДЕГІ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР

Білімді тереңдету, жобалық зерттеу жұмысын дамыту, әлемнің жетекші университеттеріне түсу мақсатында республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары болып табылатын Зияткерлік мектептердің 44 оқушысы үшін шет елдердің 4 жетекші жоғары оқу орнында элективті курстар өткізілді.

MIT университетінде Research Science Institute элективті курсы (Массачусетс технологиялық институты).

MIT (АҚШ) – әлемдегі ең беделді техникалық университеттердің бірі, ол университеттердің жаһандық рейтингісінде жетекші орын алады (QS World University Ranking 2018). Research Science Institute (RSI) – MIT жанындағы зерттеу ғылыми институты STEM-білім беру аясында жыл сайын әлемнің ең үздік 80 оқушысын жазғы мектепке қабылдайды.

Жазғы мектептің дәріскерлері – әлемнің әйгілі ғалымдары MIT профессорлары, Нобель сыйлығының лауреаттары.

Республикалық және халықаралық пән олимпиадаларының жүлдегерлері болып табылатын оқушылар Туленов Дияр (11-сынып, Павлодар қ. ХББ НЗМ) және Олжабаев Асылбек (10-сынып, Алматы қ. ФМБ НЗМ) бүкіл әлемнің ең мықты 9000 оқушы арасынан RSI бағдарламасы бойынша MIT-тың жазғы курстарына іріктеуден өтті.

RSI курстарының бағдарламасында MIT профессорларының дәрістеріне қатысу, тағайындалған ғылыми жетекшімен күрделі математикалық есептерді шығару, MIT-те семинарлар мен тренингтерге қатысу, сондай-ақ спорттық және мәдени іс-шараларға қатысу жоспарланған.

Колумбия Университетіндегі элективті курстар

Columbia University in the City of New York (Нью-Йорк қаласындағы Колумбия университеті) жазғы уақытта ғылым мен қоғамды дамытудың өзекті бағыттарында тереңдетілген курстарға әлемнің ең мықты мектеп оқушыларын іріктеп, қабылдайды. Университет американдық беделді жоғары оқу орындарын біріктіретін Айви лигасына кіреді және әлемнің үздік университеттерінің дүниежүзілік рейтингтерін басқарады.

Зияткерлік мектептердің 10 оқушысы физика, химия, био және нанотехнологиялар мен инженерлік медицинадан озық зертханаларда өткен курстарға Колумбия университетіне жіберілді.

Оқушыларға жеке немесе топта орындайтын тапсырмалар мен проблемалар берілді.

Мұнда Колумбия университетінің профессорлары, кәсіпкерлер, Кремний алқабының ғылым мен бизнесінің түрлі салаларының сарапшылары тартылды.

Курстар келесі тақырыптар бойынша өткізілді:

- жаңадан үйренушілерге арналған компьютерлік бағдарламалау: Java-да кодтау;
- Бизнеске, қаржы мен экономикаға кіріспе;
- "C"-да бағдарламалауға кіріспе;
- Кәсіпкерлік және инновация: жаңа өнімді әзірлеу;
- Нейроғылымға кіріспе: миды түсіну.

Курста әртүрлі оқыту формалары қамтылды, оның ішінде:

- университет профессорлары мен оқытушыларының дәрістері;
- зертханалардағы практикалық жұмыс;
- ұйымдарға сапарлар мен турлар (мысалы, Нью-Йорк қ. БҰҰ отырысына);
- командалық және жеке жобалармен жұмыс, презентациялар, тесттер.

Сонымен қатар оқушылардың таңдауына қарай әртүрлі өзекті тақырыптарға мысалы, колледжге/ЖОО-ға мотивациялық хат жазу, Колумбия университетіне түсу бойынша дәрістер жүргізілді. Қаланың мәдени және білім беру орындарына және көрнекі орындарына саяхат жасады.

Стэнфорд университетіндегі элективті курстар

Стэнфорд университеті (Stanford University) – АҚШ-тағы және әлемдегі ең танымал беделді университеттердің бірі, университеттердің халықаралық рейтингісінде 2 орын алады (QS World University Ranking 2018). Университет Кремний алқабында орналасқан. Оның түлектері Google, Yahoo! Hewlett-Packard, Cisco Systems және т. б. әлемдегі жетекші компаниялардың негізін салуға ат салысқан.

22 оқушы Стэнфорд университетінде XXI ғасырдың дағдыларын дамыту курстарынан өтті. Оқыту «Жаһандық мәселелерді шешу» жобасы бойынша халықаралық топпен ұйымдастырылды.

Курстың оқу жоспары білім беру бағдарламаларының бес компонентін қамтыды:

- биоғылым
- коммуникация
- шығармашылық және инновациялар
- көшбасшылық
- математика және компьютерлік ғылым
- әлеуметтік ғылым

Оқушылар әртүрлі жазбаша жанрларды зерттеді, шығармашылық пен эмпатияның өмірлік жағдайлардағы маңызын түсінді. Кремний алқабында кәсіпкерліктің маңызын зерттеді. Стэндфорд медицина мектебінің заманауи зертханасына барды. Онда адам денесінің ішкі органдарының жұмысын көрсету үшін қолданылатын технологияларды және тағы басқа көптеген қызықтарды көрді, сондай-ақ оқушылар мәдениетаралық іс-шарада Қазақстанды таныстырды.

Вальбонн (Valbonne) Халықаралық орталығындағы элективті курстар

Франция елшілігінің қолдауымен Зияткерлік мектептердің француз тілін оқитын 10 оқушысы үшін Вальбонн қаласының (Франция) Халықаралық орталығында жазғы элективті курстар ұйымдастырылды. Оқушылар төменде көрсетілген қарқынды оқыту бағдарламаларымен оқыды:

- француз тілі
- робот техникасы
- информатика
- астрономия

Ғарыш денелерін зерттеу мақсатында оқушылар ең ірі француз обсерваториясында түнгі аспанды бақылады.

Курс бағдарламасы Францияның тарихи және мәдени нысандарын аралаумен толықтырылды. Вальбонн халықаралық орталығы оқытушыларының пікірінше, Зияткерлік мектеп оқушылары өздерін ынталы, көптілді, жан-жақты және жаңаны тануға құмар екенін көрсетті.

3.4.4. ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Оқушылардың жобалық зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту және еліміздің және шет елдердің жетекші университеттеріне оқуға түсуге даярлау үшін Зияткерлік және жалпы білім

беретін мектептердің оқушылары үшін жазғы мектептер ұйымдастырылды, оған шамамен 2700 жуық оқушы қатысты.

Жазғы мектеп шеңберінде Зияткерлік мектептердің барлық оқушылары үшін 2 апта бойы жеке пәндерді тереңдетіп оқу курстары өткізілді.

Ақылы негізде жазғы мектеп ұйымдастырылды, оған еліміздің білім беру ұйымдарының 610 оқушысы келесі бағдарламалар бойынша қатысты:

- «Математика»
- «Робот техникасы»
- «STEM»
- «Research&Design»
- «Ағылшын тілі»
- «English in science»
- «Ойлау дизайны»

Сонымен қатар еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің 548 оқушысы үшін жазғы мектеп аясында ағылшын тілі, орыс тілі, химия, биология, математика және физика пәндерінен қарқынды курстар өткізілді.

Жазғы мектеп оқушылардың зерттеу және сыни ойлау дағдыларын дамыту, сондай-ақ академиялық білімін тереңдету алаңы болып табылады.

Жазғы мектеп курсы туралы ақпарат www.summerschool.nis.edu.kz онлайн-порталында берілген.

3.4.5. СЕРІКТЕС МЕКТЕПТЕР

«Серіктес мектептер» жобасы екі бағытта жүзеге асырылады:

- Оқушыларды серіктес мектептің оқу бағдарламасы бойынша оқыту;
- Серіктес мектептермен бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізу.

PERMATApintar (Малайзия) мектебінің 6 оқушысы Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектепте (ФМБ) оқыды, Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің (ФМН) 8 оқушысы PERMATApintar мектебінің зертханасында ағылшын тілді ортаға бойлай отырып, физика, математика, химия, биология пәндерін тереңдетіп оқыды және оқушылар кеңесімен тәжірибе алмасты.

2019 жылы Шымкент қаласындағы Зияткерлік мектеп (ХБН) Нарва (Эстония) тілдік лицейімен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатып, 8 оқушыны оқуға шақырды, сондай-ақ Зияткерлік мектептің 10 оқушысы Сучжоу (Қытай) өнеркәсіптік паркінің шет тілдер мектебіне оқуға жіберілді.

Қазан айында Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептің (ФМБ) 9 оқушысын International School Hannover Region (Ганновер, Германия) халықаралық мектебіне жіберіп, олардың 9 оқушысын қабылдады. Оқушылар мектептің білім беру бағдарламалары бойынша оқып, үйірмелер мен көрікті жерлерге барып, бір-бірінің отбасында тұрды.

Павлодар қаласының Зияткерлік мектебі Goethe Schule Wetzlar (Германия) серіктес мектебінің 15 оқушысын және Wolfert van Borselen Tweetalig (Нидерланды) серіктес мектебінің 4 оқушын қабылдады.

Талдықорған қаласының Зияткерлік мектебі 2018 жылдан бастап Changdong High School (Оңтүстік Корея) мектебімен ұзақ мерзімді серіктестік қатынас орнатып, 2019 жылы бірлескен зерттеу жобаларын жүргізу мақсатында, Зияткерлік мектептің 6 оқушысы Корей мектебіне, ал Корей мектебінің 6 оқушысы Зияткерлік мектепке оқуға келді.

2019 жылы Ernst Abbe Gymnasium (Оберкохен қ., Германия) гимназиясымен ынтымақтастық жалғасты. Алматы қаласындағы Зияткерлік мектептің (ХББ) 6 оқушысы бірлескен зерттеу жобасын жүргізу мақсатында Ernst Abbe Gymnasium гимназиясына сапармен барды.

«Ayb School» (Армения) серіктес мектебінің (Армения) 5 оқушысы Өскемен қаласының Зияткерлік мектебінде (ХБН) оқыды. Олар мектептің іс-шараларына қатысты және оларға Ұлан ауданындағы «Ақ-бауыр» тарихи-археологиялық кешеніне тақырыптық экскурсия ұйымдастырылды.

Серіктестікті нығайту жұмысын одан әрі жалғастыру мақсатында Нұр-Сұлтан (ФМБ) және Атырау (ХББ) қалаларындағы Зияткерлік мектеп оқушылары өз бастамаларымен Васеда университетіне (Жапония) және Алматы қаласындағы Зияткерлік мектептің (ХБН) оқушылары Saint-Denis International School (Франция) мектебіне Еуропалық өнер және ғылымның 12-ші фестиваліне сапармен барды.

Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектептің (ХБН) 10 оқушысы жаратылыстану математика бағытындағы пәндер бойынша М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде және А.Н. Колмогоров атындағы СУНЦ-та оқыды. Оқу материалдарын тереңдетіп оқумен қатар оқушылар математика, информатика, физика және химия пәндерінен халықаралық олимпиадаларға дайындалды.

Алматы қаласындағы Зияткерлік мектептің 20 оқушысы Ресей Федерациясының Сочи қаласындағы «Сириус» ғылым және өнер паркінің олимпиадалық инфрақұрылымында «Талант және сәттілік» білім беру қорында олимпиадаға дайындау аясында физика-математика пәндерінен тереңдетілген тренингтен өтті. Алдағы уақытта қор мен Зияткерлік мектептер арасында оқушылар алмасу жоспарлануда.

Әрбір Зияткерлік мектеппен 5-8 қазақстандық және халықаралық серіктес мектептер арасында ынтымақтастық байланыс жасалған, бұл оқушыларға мәдениетаралық коммуникация, жаһандық ойлау және шыдамдылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

3.5. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Зияткерлік мектеп оқушыларының денсаулық жағдайы

Зияткерлік мектеп оқушыларының 2019 жылы ауруға шалдыққан жағдайларын талдау нәтижесінде оқушыларда тыныс алу мүшелерінің аурулары (ЖРА, ангина, фарингит, синусит, ринит және т.б.), ас қорыту аурулары, жарақаттар, зақымданулар және сыртқы себептер, жүйке жүйесі, көз аурулары және басқа да аурулар жиі кездесетіні анықталды.

Жалпы 2019 жылы Зияткерлік мектептердің медициналық пункттерінде педиатрға 39,3 мыңнан астам өтініш тіркелген. Көбінесе оқушылар тыныс алу, ас қорыту, жүйке жүйесі, жарақаттар, соғылу және басқа да ауруларға шағымданады.

2019 жылы Зияткерлік мектептердің стоматологиялық кабинеттерінде 11,1 мыңнан астам келушілер тіркелді. Олардың көбі тістің кариозды ауруларын терапиялық емдеді. Мысалы, есептік жылда 5,1 мыңнан астам пломба салынды, оның 79%-ға жуығы қатты шірімеген тісті емдеу болды. Оқушылардың стоматологиялық көмекке жиі жүгінуінің себебі – ауыздың шырышты қабығының аурулары (стоматит, хейлит), қызыл иек аурулары (гингивит) және т.б. аурулардың кездесуі.

Алдын ала профилактикалық медициналық тексеру

2019 жылы профилактикалық медициналық тексеруден Зияткерлік мектеп оқушыларының шамамен 93,1%-дан астамы өтті. Балалардың 7%-ы мектепке келмеуіне, ауыруына, Зияткерлік мектептерді қамтитын медициналық ұйымдарға, қызмет көрсету аймақтарына тіркелмеуіне байланысты тексеруден өтпеді (Нұр-Сұлтан қ.). Мектептің медициналық қызметкерлері балалардың тұрғылықты орындары бойынша белгілі бір сала мамандарында профилактикалық медициналық тексеруден өтуге нұсқау берді.

Профилактикалық тексеру нәтижесі (орташа алғанда):

42,5%	бірінші топқа (дені сау балалар)
50,4%	екінші топқа (функционалдық ауытқулары бар дені сау балалар, сондай-ақ жіті және созылмалы ауруларға иммунитеті төмендеу, қауіпті топқа жататын балалар)
6,9%	үшінші топқа (ағзаның функционалдық мүмкіндіктері сақталған, дегенмен созылмалы ауруы бар, компенсация жағдайындағы балалар)
0,2%	төртінші топқа (созылмалы ауруы бар, субкомпенсация жағдайындағы балалар) кірді

Сондай-ақ есептік кезеңде Зияткерлік мектептердің тіс дәрігерлерінде алдын алу тексеруден өтуі тиіс балалардың орташа есеппен 96,3%-ы тексерістен өтті. Осы оқу жылының соңына дейін тексеруден өткен оқушының 28%-ын емдеу қажет екендігі анықталды.

Профилактикалық егулер

Профилактикалық егудің Ұлттық күнтізбесіне сәйкес мектеп оқушылары жасына қарай дифтерия, көкжөтел мен сіреспе, туберкулез, қызылша мен қызамық, тұмау және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы егілуі тиіс.

2019 жылы егілуге жататын балалардың шамамен 83,4%-ы вакцинацияланды. Тұмауға қарсы егілген оқушылардың саны аз болды. Бұған оқушылардың заңды өкілдерінің салдарын біле тұра, егуден бас тартуы, сондай-ақ вакцинациядан уақытша бас тартуы себеп болды.

Зияткерлік мектептердегі санитариялық-ағарту жұмыстары

Санитариялық ағарту және салауатты өмір салтын насихаттау мектептердің медициналық қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Санитариялық-ағартушылық жұмыс аясында ұйымдастырылатын іс-шараларға дәрістер, әңгімелесулер, тренингтер, семинарлар, мұғалімдермен бірлескен сабақтар, роликтер мен санитарлық бюллетендерді және т.б. дайындау жатады.

Жыл сайын Зияткерлік мектептердің медицина қызметкерлері мектеп қызметкерлері мен оқушылары үшін базалық реанимациялық көмек көрсету (жүрек-өкпе реанимациясы) бойынша тренингтер ұйымдастырып, өткізеді. Сонымен қатар ағымдағы жылы Зияткерлік мектептер ас блогының қызметкерлеріне мектепте тамақтануды ұйымдастыру және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қатысты санитарлық ережелер мен нормаларды, сондай-ақ белгілі бір баланс сақтап тамақтанудың пайдасы мен оның балалар денсаулығы мен академиялық үлгеріміне әсері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Оқушыларға арналған санитариялық ағарту іс-шаралары аурулардың алдын алу, атап айтқанда маусымдық және жұқпалы аурулар, тіс аурулары, кейбір созылмалы жағдайлар және салауатты өмір салты тақырыптарына жүргізілді. Мысалы, жазғы демалыс қарсаңында Зияткерлік мектептер мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектептің медициналық қызметкерлері күн өту және ыстық өту, кененің шағуы, ішек инфекциялары, маусымдық аллергия және басқа да аурулар мен жағдайлардың алдын алу мәселелеріне қатысты роликтер дайындап, әңгіме мен дәрістер жүргізді. «Қауіпсіз жаз» нұсқаулығын әзірледі.

Оқушылардың өз денсаулығын күтіп, салауатты өмір салтын ұстануы үшін Зияткерлік мектептер сабақта және сабақтан тыс уақытта әртүрлі іс-шаралар өткізеді. Ақтөбе қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі медицина қызметкерлерімен бірлесіп «Орыс тілі» пәнінен «Шығармашылық хат жазу. Денсаулықты таңдау» тақырыбына ашық сабақ өткізді, онда оқушылар таңғы гимнастика жасау жөніндегі ата-аналарға арналған нұсқаулық пен жадынама әзірледі. Сонымен қатар Павлодар қаласының Зияткерлік мектебі Қазақстанда Отбасы күнін тойлау қарсаңында (8 қыркүйек) 7-сынып оқушылары, олардың ата-аналары мен мектеп қызметкерлері үшін денсаулық күнін ұйымдастырып, таза ауада түрлі спорттық жарыстар өткізді.

Вакцинация мен иммунитетті көтеру жолдарын түсіндіру мектептердегі

санитариялық-ағарту жұмыстарының маңызды бөлігі болып табылады. Мысалы, жаңа оқу жылынан бастап Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектептің медицина қызметкерлері 1-сынып оқушыларының ата-аналарымен екпенің пайдасы, ықтимал қауіптер мен вакцинациядан бас тарту құқығы туралы әңгімелесті. Сонымен қатар Орал, Атырау, Алматы және Нұр-Сұлтан (ФМБ) қалаларындағы Зияткерлік мектеп оқушыларына тұмау, қызылша және басқа да жұқпалы аурулардың алдын алу тақырыбына дәріс, пікірталастар өткізген кезде егудің осы ауруларға шалдығу қаупін азайтудағы рөлі аталып өтті.

Сонымен қатар Зияткерлік мектептердің медицина қызметкерлері денсаулық сақтау және жастар ұйымдарының мамандарымен бірлесіп репродуктивтік денсаулық мәселелері бойынша түрлі тренингтер мен әңгімелер өткізеді. Мысалы, Ақтөбе қаласындағы Зияткерлік мектепте Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің студенттері және Y-PEER ерікті жастар желісінің еріктілері ерте жүктіліктің алдын алу, жыныстық жолмен жұғатын инфекциялар, ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығы туралы «Репродуктивті денсаулық және отбасын жоспарлау» тақырыбына мектеп оқушыларына тренинг өткізді.

Сондай-ақ ағымдағы жылдың қараша-желтоқсан айларында осы желінің еріктілері БҰҰ қорының халықты қоныстандыру саласындағы әдістемелік қолдауымен Нұр-Сұлтан қаласындағы Зияткерлік мектептерде психологияға әсері бар белсенді заттарды қолданудың алдын алу және салауатты өмір салтына қатысты тренингтер өткізді.

Ағымдағы есеп беру кезеңінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ халықтың қоныстануы саласындағы БҰҰ-ның Қазақстандағы қорымен репродуктивті денсаулық мәселелерін оқыту және оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру бойынша келісім шарт жасалды. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында ДББҰ қызметкерлері үшін жаңартылған, қайта қарастырылған «Валеология» курсынан семинар-тренингтер өткізілді, курстың компоненті жыныстық және репродуктивті денсаулықты қорғау, қауіпсіз жүріс-тұрыс, қажетсіз жүктіліктің алдын алу және жыныстық жолмен жұғатын инфекциялардың, оның ішінде АИТВ-ның алдын алу мәселелері бойынша күшейтілген:

– 18-20 наурыз аралығында білім беру бағдарламалары, педагогикалық өлшеулер және педагогикалық шеберлік орталықтарының қызметкерлеріне арналған тренинг;

– 12-14 маусым аралығында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің «Биология» пәнінің оқытушыларына арналған тренинг өткізілді.

Сонымен қатар осы ынтымақтастық аясында репродуктивті денсаулық мәселелерін жалпы білім беретін мектептердің 10 пәніне енгізу мақсатында ДББҰ Жүйелік-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ЖӘК) материалдарына модерация

жүргізілді. Репродуктивті денсаулық жөніндегі материалдарды жинау, орналастыру және тарату үшін ЖӘК ресми онлайн ресурсында жеке тармақ құрылды.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Есептік кезеңде Зияткерлік мектептерде психологиялық қызмет көрсету оқушылардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге, олардың психологиялық тұрақтылығын дамытуға және өмірлік қиын жағдайларға тап болған оқушыларға көмек көрсетуге бағытталады.

Мектептердегі психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- қиын өмірлік жағдайға тап болған оқушылар мен олардың отбасыларына көмек көрсету;
- оқу үдерісіне қатысушылардың сұраныстары бойынша психологиялық кеңес беру дағдыларын кеңейту;
- оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету барысында жаңа тәсілдер мен тәжірибелер қолдану;
- білікті психологтар ортасын дамыту және НЗМ педагог-психологтарының тәжірибесін тарату.

Оқушылардың денсаулығын сақтау мақсатында, деструктивті/аутодеструктивті мінез-құлық жаңадан қалыптаса бастаған кезде кешенді көмек көрсету үшін есеп беру кезеңінде Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПК) қызметі туралы үлгілік ереже бекітілді. Осылай оқушыларға психологиялық-медициналық және педагогикалық қолдау көрсету жолдарын анықтау мақсатында 18 ПМПК өткізілді.

«Мықты отбасы» және «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламалары одан әрі жүзеге асырылуда.

8 қызметкер «Мықты отбасы» бағдарламасының тренерлері сертификатын алды, бұл бағдарлама жасөспірімдердің мінез-құлқында ауытқушылық тудыратын отбасылық факторларды азайтуға және балалар мен ата-аналар арасында жақсы қарым-қатынасты дамытуға бағытталған. Барлық Зияткерлік мектептерде 7-сынып оқушылары мен олардың ата-аналары үшін «Мықты отбасы» бағдарламасы аясында сабақтардың толық циклы өткізілді. Бағдарламаның 7 тренингтік сессиясына 829 отбасы қатысты, нәтижесінде ата-аналар өз балаларының психологиялық жағдайын жақсы талдауды, балаларын қолдауды, отбасындағы байланысты нығайтуды үйренді, ал жасөспірімдер күйзеліс пен құрдастарының қыспағына төтеп беру құралдарын меңгерді.

Жасөспірімдердің жан саулығын жақсартуға және өзін-өзі құлдыратуға

әкеліп соғатын мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде корпоративтік коммуникациялар департаментінің қызметкерлері ата-аналар комитеттері мен Зияткерлік мектептердің қамқоршылық кеңесінің өкілдері үшін семинарлар өткізді.

Семинардың негізгі мақсаты - ата-аналарды бағдарламамен таныстыру, жеткіншек жаста аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мәселелеріне қатысты ата-аналар қауымдастығының ұстанымын нығайту. Семинарға қамқоршылық кеңестің 33 өкілі және 775 ата-ана қатысты.

Мектептердің психологиялық қызметі бағдарламаның 2-ші және 3-ші компоненттері бойынша – оқушылар арасында сауалнама жүргізу арқылы қауіпті мінез-құлыққа бейім оқушыларды анықтау және «Көңіл-күйіңді жақсартуға тырыс» атты оқушыларға арналған семинарлар өткізу арқылы оқушылардың психикалық денсаулық туралы білімін арттыруды жүзеге асыра бастады.

Қиын жағдайға тап болған оқушыларға көмек көрсету жұмыстары жалғастырылуда. Педагог-психологтар отбасылық жанжалдар, агрессивті мінез-құлық, жәбірлеу және кибержәбірлеу, аутодеструктивті мінез-құлық сияқты мінез-құлық бұзушылықтары сияқты дағдарыстық жағдайға түскен 293 оқушымен жұмыс істегенін мәлімдеді.

Мінез-құлықтық, эмоциялық және оқудағы қиындықтары бар оқушыларға көмек көрсету және оқу үдерісіне қатысушыларды психологиялық тұрғыдан білім беру мақсатында 9776 кеңес, оның ішінде оқушыларға 5959, педагог мамандарға 1919 және ата-аналарға 1898 кеңес берілді.

Психологиялық кеңес беру сапасы жақсарды – психологтар психологиялық кеңес түрлерін ажыратып, жұмыс нысанын анықтай бастады, кеңес беруде балалар-ата-аналар коучингі техникасын қолданып, оқушыларға тиімді көмек көрсету үшін интервизия жүргізе бастады.

Психологиялық мәселелер туралы жазбаша хабарлау үшін «Сенім поштасы» (Ақтөбе және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептер) және мектеп психологиялық қызметінің (Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектеп) сенім телефоны жұмысын жалғастыруда, бұл оқушылардың психоэмоционалды күйзелісін азайтуға көмектесетін құралдардың бірі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының педагог-психологтары келесі курстарда білім алып, өз біліктілігін арттырды:

- «Мықты отбасы» бағдарламасының семинар-тренингіне педагог-психологтардың 36%-ы қатысты.
- Гордон Ньюфелд институтының (Канада) «Балаларды түсіну» атты қашықтықтан оқу курсында педагог-психологтардың 85%-ы оқытудан өтті;
- тренерлерге арналған тренинг – педагог-психологтың 51%-ы оқыды;
- ПШО-да өткен білім беру ұйымдары психологтарының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курстарына педагог-психологтардың 44%-ы қатысты.

Курстарды оқу нәтижесінде педагог-психологтар жұмыста жаңа тәсілдер мен тәжірибелерді (интерактивті әдістер, Ньюфелдтің бауыр басу теориясы) пайдаланды және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін жалпы білім беретін мектеп психологтарының тәжірибесіне тарату жұмысын жүргізді.

Еліміздің барлық аймақтарынан 27 педагог-психолог мектеп психологтарына арналған «Балалар мен жасөспірімдерге мектепте психологиялық кеңес беру тәсілдері мен тәжірибесі» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарынан өткізді.

Білікті психологтар ортасын дамыту,

психологиялық және педагогикалық ғылым мен тәжірибені дамыту мақсатында ағымдағы жылдың наурыз айында «Назарбаев Зияткерлік мектептері психологтарының қауымдастығы» атты қоғамдық бірлестік құрылды.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекеттік гранты аясында «Ұлағатты жанұя» ҚҚ қолдауымен 14 облыс пен Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында жалпы білім беретін мектептер мен колледж-дердің педагог-психологтары, білім басқармаларының мамандары мен ювеналды полиция қызметкерлері үшін жәбірлеуге қарсы тұруға қатысты 18 семинар-тренинг өткізді.

4

ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес зерттеулердің басты мақсаты – ДББҰ миссиясы мен мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік туғызатын тәжірибе мен іс-әрекеттерді анықтау және жетілдіру. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері оқу үдерісін жетілдіру үшін, сондай-ақ Зияткерлік мектеп моделін енгізіп жатқан жалпы білім беретін мектептерге қолдау көрсету үшін қолданылады.

Ұйымның зерттеу әлеуетін нығайту жұмысы негізгі бес бағытта жүргізілуде:

1. ДББҰ және филиалдарда жүргізілетін зерттеулерді үйлестіру.

2. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін көрсету.

• Халықаралық конференцияларға қатысу.

• ДББҰ-ның тамыз конференциясы.

3. Халықаралық жобалар:

• ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру-2030» жобасы;

• «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде білім беру инновациясының үздіксіздігі және оны тарату» жобасы.

4. ДББҰ-ның Ғылыми-консультациялық кеңесінің жұмысы;

5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның жыл сайынғы халықаралық конференциясы.

ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ДАМЫТУ

Зерттеу департаменті тұрақты түрде ДББҰ мен оның филиалдарында жүргізілетін зерттеулер мен сауалнамаларға мониторинг жүргізіп отырады. 2019 жылдың соңындағы жағдай бойынша 27 зерттеу аяқталды;

18 зерттеу жобасы жүзеге асырылуда (1-қосымшаны қараңыз).

Түлектердің Зияткерлік мектептерде алған білімінің олардың жеке және кәсіби жетістіктеріне әсері жайлы ұзақ мерзімді зерттеу жүргізу аясында ДББҰ шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізе бастады.

Сонымен қатар, Зерттеу департаменті ДББҰ мен оның филиалдарының қызметкерлері болып табылмайтын зерттеушілердің де зерттеу жүргізуге берген өтініштерін қарастырып, үйлестіреді. 2019 жылы Зияткерлік мектептер базасында зерттеу жүргізуге рұқсат сұраған 9 өтініш сырттан келіп түсті. Олардың алтауына рұқсат берілді.

Кесте. Сыртқы зерттеушілердің өтініштері бойынша жүзеге асырылатын зерттеулер тізбесі

№	Зерттеу тақырыбы	Зерттеуші туралы мәлімет
1	Мектептердің тиімділігі және мектептегі көшбасшылық: директорлар мен мұғалімдердің көзқарасы	Нұрмұханова Дана Батырғожақызы, Этвеш Лоранд университетінің докторанты, Будапешт, Венгрия
2	«Сабақтарды зерттеу» әдіснамасы аясында мұғалімдерді кәсіби оқыту (бұдан әрі –Lesson Study)	Даяна Балғабекова, Глазго университетінің білім беру мектебінің докторанты, Ұлыбритания
3	Қазақстандағы білім беру реформалары аясында мектеп көшбасшылығын түсіну	Мир Афзал, қауымдастырылған профессор және PhD бағдарламасының директоры, Назарбаев университетінің Жоғары білім беру мектебі, Қазақстан
4	Пән мен тілді кіріктіріп оқыту (CLIL): сыныптағы тәжірибені зерттеу	Карабасова Лаура Чапайқызы, Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің постдокторанты, Қазақстан
5	Пән мұғалімдері мен емтихан материалдарын әзірлеушілер тұрғысынан информатика оқу бағдарламасының қазіргі заманға сәйкестігін зерттеу	Еркін Шантаев, Глазго университетінің магистранты, Ұлыбритания
6	Ағылшын тілінде сабақ беретін пән мұғалім-дерінің негізгі мектептегі транслингвизмге (translanguaging) қатысты көзқарасы	Сара Алжанова, Назарбаев Университетінің жоғары білім беру мектебінің магистранты

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ЖАРИЯЛАУ

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында ДББҰ қызметкерлері мен Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері Білім беру саласындағы зерттеушілердің 26-шы Европалық конференциясында (ECER 2019) зерттеу нәтижелерін тағы да ұсынды. ECER конференциясы Гамбург қаласында (Германия) және «Білім беру тәуекел дәуірінде – болашақ үшін білім беру зерттеулерінің рөлі» тақырыбына өтті. Оған дүние жүзі бойынша 3000 зерттеуші қатысты.

Жас ғалымдарға арналған ERC 2019 конференциясы мен ECER 2019 негізгі конференциясы әртүрлі форматтағы және түрлі мазмұндағы 999 сессия: пленарлық және секциялық отырыстар, панельдік пікірталастар, дөңгелек үстелдер, шеберлік-кластар, сондай-ақ журнал редакторларымен, баспа үйлерімен, зерттеу институттарымен және білім беру ұйымдарымен кездесулер өткізді.

ДББҰ тарапынан конференцияға 11 адам қатысты, олардың ішінен 8 педагог өз бетімен тіркелді. К.А. Тұрсынбаева (ДББҰ Зерттеу департаментінің менеджері) Зияткерлік мектептерде зерттеу және жобалық жұмыстарды жүргізуге қатысты Зияткерлік мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің пікірлері жөнінде сауалнама нәтижелерін ұсынды. А. Мамадияр (Қызылорда қаласындағы ХББ НЗМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары) Lesson Study зерттеулерінің нәтижелерін ұсынды, ал Н. Жақыпов (Павлодар қ. ХББ НЗМ-ның физика пәнінің мұғалімі) NIS Program мен CIE A level бағдарламаларының «Физика» пәнінен салыстырмалы талдауын жасады.

ECER 2019 конференциясына Ақтау қ. ХББ НЗМ, Талдықорған қ. ФМБ НЗМ және Тараз қ. ФМБ НЗМ мұғалімдері белсенді қатысты. Ш. Шерубаева мен Н. Ермағанбетова (Ақтау қ. ХББ НЗМ) 7-сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамытатын стратегиялар мен техникаларды ұсынды. А. Келимбердиева сипаттамалық мәтіндерді түсінуде өзара оқыту тәсілінің әсері туралы айтты, М. Курмамбаева 2010-2020 жылдары Қазақстандағы шағын мектептердің даму жоспарын бағалау нәтижелері туралы баяндама жасады.

Тараз қаласындағы ФМБ НЗМ мұғалімдері И. Аксенова мен И. Богучарская оқушылардың бойында XXI ғасыр дағдыларын дамытуға арналған проблемалық оқыту әдісін қолдану перспективалары туралы ой бөлісті.

2019 жылы Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері Н. Шаймерденова мен Н. Понамарева Жас ғалымдар тобының стипендиаттары атанып, кісі басына 550 еуро көлеміндегі грантқа ие болып, зерттеушілер қауымдастығының атынан конференцияға тегін тіркеліп, қатысуға мүмкіндік алды (стипендиаттар тізімімен мына сілтеме арқылы танысуға болады).

Конференцияда Н. Шаймерденова менторлық жүйе, мұғалімдердің тәжірибесі мен өзара қарым-қатынасы туралы зерттеуін ұсынды. Н. Понамарева инклюзивті тәжірибеге қатысты мұғалімдердің көзқарасы мен оны жүзеге асыруға қаншалықты дайын екендігі туралы этнографиялық зерттеуін ұсынды.

CIES салыстырмалы және халықаралық білім беру қоғамының конференциясы (Сан-Франциско қ., АҚШ, 14-18 сәуір 2019 ж.)

2019 жылы Салыстырмалы және халықаралық білім қоғамының жыл сайынғы конференциясы әлемнің 125 елінің 3 600-ден астам өкілінің қатысуымен 63-ші рет өткізілді. Конференция тақырыбы – Тұрақты дамуға бағытталған білім.

Конференция аясында түрлі форматта (пленарлық отырыстар, секциялық отырыстар, панельдік сессиялар, дөңгелек үстелдер, шеберлік-кластар, Pecha Kucha форматындағы сессиялар, постер-сессиялар, кітаптардың тұсаукесері, фильмдер фестивалі) баяндамалар жасалды. 4 күн бойы өткен негізгі конференцияға қатысушылар секциялық отырыстарында аймақтық ерекшеліктер (Шығыс Азия, Африка, Еуразия, Латын Америкасы, Таяу Шығыс және т.б.), оқу деңгейлері (орта, кәсіптік-техникалық, жоғары, үздіксіз), білім берудің әлеуметтік және құқықтық аспектілері (қалалық білім беру және тәуекел топтарға жататын жастар, балалар құқығы, білімнің әлеуметтануы, гендер және білім беру) және т.б. бағыттардағы зерттеулерін ортаға салды.

Конференцияға ДББҰ-ның Зерттеу бөлімінің менеджері Қ. Тұрсынбаева қатысты. Ғылыми басылымдарға қатысты шеберлік сабақтары аясында Қ.А. Тұрсынбаева «Ағылшын тілі сабақтарында мұғалімдердің сыни ойлауды түсінуі» тақырыбына басылым жобасын ұсынды. Сонымен қатар «Негізгі проблемаларды үш жыл зерттеу нәтижелері бойынша жүйелі білім беру өзгерістерін қолдау және жүзеге асыру» сессиясында ДББҰ, Кембридж университеті және «Назарбаев Университеті» ДББҰ-ның «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде білім беру инновациясының үздіксіздігі және оны тарату» бірлескен жобасының аралық нәтижелері ұсынылды.

Сонымен қатар Қ. Тұрсынбаева «Мұғалімдердің ықпалын, олардың көзқарасын, санасын, тәжірибесі мен оқыту сапасын зерттеу» («Мұғалімдерді дайындау және мұғалім кәсібі» тобы) тақырыбына сессия өткізді.

Конференция күндері барлық қатысушыларға, білім беру саласындағы зерттеушілер мен практиктерге әңгімелесу, материалды ұсыну барысында 24-25 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында өткен Назарбаев Зияткерлік мектептерінің XI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы жайлы хабарланды.

Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің тамыз конференциясы

2019 жылдың 19-20 тамыз айында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жұмыс істейтін педагог қызметкерлердің «Басқаруды жүйелі талдау және тұрақты даму» тақырыбына тамыз конференциясы өтті.

Зерттеу бөлімінің аға менеджері Д.Н. Ташибаева тамыз конференциясының пленарлық отырысында «TALIS 2018 нәтижелері: Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің үнінен нені байқауға болады?» тақырыбына баяндама жасады. Д.Н. Ташибаева конференцияға қатысушыларға ЭЫДҰ үйлестіретін оқыту мен оқуды халықаралық зерттеудің елдер бойынша қорытындыларымен таныстырды.

Зерттеу департаментінің менеджері Қ.А. Тұрсынбаева Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог қызметкерлерінің тамыз конференциясында «Оқушылардың дарынын дамыту туралы» панельдік сессиясы аясында «Зияткерлік мектептердегі ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыс» сауалнамасының нәтижелерін ұсынды.

Сонымен қатар, Зерттеу департаменті «Ғылыми журналдарға мақала жазу тәжірибесі» тақырыбына семинар ұйымдастырды, оған қауымдастырылған профессор Дюйшон Шаматов пен Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебінің Ғылым департаменті директорының м.а. Закир Жұмақұлов қатысты.

Д. Шаматов пен З. Жұмақұлов зерттеу жұмысының нәтижелерін не үшін жариялау қажеттігін, мақала жариялау үшін журналды қалай таңдау керектігін және библиометриялық индикаторлардың не екенін түсіндірді. Спикерлер жергілікті және халықаралық журналдарда мақалаларды жариялау үдерісіне толық тоқталды. Олар мақалаларды жариялауға қатысты практикалық кеңестермен бөлісті. Семинарға Зияткерлік мектептердің директорлары, директор орынбасарлары және мұғалімдері қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАЛАР

ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру-2030» халықаралық жобасы

ДББҰ ЭЫДҰ-ның «Болашақ білім мен дағдылар: Білім беру-2030» жобасы аясында жұмысын жалғастыруда. 2019 жылы жобаның 1-фазасының қорытынды кезеңіне қатысты: оқу бағдарламаларын салыстырмалы талдау үшін қорытынды материалдар жіберілді, дене шынықтыру оқу бағдарламасын талдау бойынша қорытынды есеп алынды.

Сондай-ақ, Білім беру бағдарламалары орталығының қызметкері және Семей қаласы Зияткерлік мектебінің математика пәнінің мұғалімі математика құжаттары мен оқулықтарын талдауға қатысатын мамандар үшін ұйымдастырылған кезекті семинарға қатысты. Семинар барысында қатысушы елдер ұсынған кодталған материалды тереңдетіп зерттеуге арналған құралдар ұсынылды.

Жобаның 2-фазасына дайындалу үшін ДББҰ қызметкерлері білім беру бағдарламасы, педагогика мен бағалаудың сәйкестігі туралы сауалнама толтырып, ЭЫДҰ Хатшылығына жіберді.

Сонымен қатар ДББҰ өкілдері Ванкувер (Канада) және Сеул қалаларында (Оңтүстік Корея) өткен бейресми жұмыс тобының екі кездесуіне қатысты. Кездесулерде жаңартылған оқу бағдарламаларын енгізу кезінде туындайтын қиындықтар, білім беру жүйесін дамытуда әлеуметтік серіктестердің рөлі, оқушыларды жан-жақты дамыту және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету қажеттілігі және т.б. мәселелер қарастырылды.

2019 жылы Зияткерлік мектептер мен еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары мен мұғалімдері жобаның негізгі идеяларына арналған бейнероликтер мен эссе байқауына қатысты.

Соның нәтижесінде Қазақстанның 5 бейнеролигі іріктеліп, «Білім беру-2030» жобасының ресми сайтында жарияланды.

Сонымен қатар, жоба идеяларын тарату мақсатында Оқыту тұсбағдары-2030 туралы бейнеролик қазақ және орыс тілдеріне аударылып, кезекті брошюра шығарылды.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ИННОВАЦИЯСЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ТАРАТУ» ЖОБАСЫ

«Қазақстанның орта білім беру жүйесінде білім беру инновациясының үздіксіздігі және оны тарату» бірлескен зерттеу жобасын жүзеге асыру жалғастырылуда. Жобаның зерттеу тобына Кембридж университетінің Білім беру факультетінің ғалымдары, Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебінің ғалымдары, сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектептерінің зерттеушілері кіреді. 3 жылға есептелген (2018-2020 жж.) жоба Қазақстандағы орта білім реформасын жүзеге асырудың негізгі тұстарын зерттейді.

2019 жылы зерттеушілер Қазақстанның әртүрлі аймақтарында білім беру модернизациясының үш кейсін зерттеуге назар аударды. Жобаның берілген кезеңінің ерекшелігі ретінде мұғалімдер, мектеп директорлары, оқушылар, ата-аналар және жергілікті атқарушы білім беру органдарының өкілдері арасында өткізілген сауалнаманы айтуға болады. Зерттеу мәселелері аясында реформаның алты аспектісі қарастырылды:

1. Реформа мақсаттарын түсіну және қабылдау;
2. Жаңартылған білім беру мазмұнына қатысты пікірлер;
3. Сабақ беру тәжірибесіндегі өзгерістер;
4. Жаңа бағалау моделі;
5. Педагог мамандарды кәсіби қолдау және ресурстар;
6. Үштілділік саясатын енгізу.

2019 жылдың желтоқсан айында кейстер бойынша деректерді талдау аяқталды. Жобаның аралық нәтижелері CIES конференциясында (сәуір 2019 ж.) және ДББҰ-ның XI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (қазан 2019 ж.) ұсынылды. Сонымен қатар, қазақстандық журналдарда жариялауға екі мақала дайындалды.

2020 жылы ғылыми мақалалар, конференциялар мен т.б. таныстырылымдарды жариялау арқылы зерттеу нәтижелерін тарату жоспарланып отыр.

ҒЫЛЫМИ-КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Ғылыми-консультациялық кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) ДББҰ-да ғылыми жұмыстарды дамыту және зерттеулерді басқару мәселелері жөнінде кеңес беретін орган болып табылады.

Жыл бойы Кеңес[1] ұйымның зерттеу әлеуетін нығайту мәселелеріне қатысты онлайн кеңес береді, сондай-ақ жаңа және ағымдағы зерттеу жобаларын мақұлдау, оларды одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстарды талқылауға қатысады.

Сонымен қатар, Ғылыми-консультациялық кеңес Зияткерлік мектептерге басқа зерттеу ұйымдарымен байланыс орнатуға көмектеседі.

2019 жылы ДББҰ мен оның филиалдарының қызметкерлерінен басқа Кеңес құрамына мына шетелдіктер мүшелікке кірді:

- Дэвид Бриджес, *Шығыс Англия университетінің құрметті профессоры және Әулие Эдмонд колледжі мен Хомертон колледжінің құрметті мүшесі, Ұлыбритания;*
- Тим Оутс, *Кембридж университетінің емтихан кеңесінің зерттеу және әзірлемелер тобының жетекшісі, білім беру, бағалау және халықаралық салыстырмалы зерттеулер саласындағы маман, Ұлыбритания;*
- Джон Эллиотт, *Шығыс Англия университетінің құрметті профессоры, іс-әрекеттегі зерттеу жөніндегі теория мен практиканың маманы, Ұлыбритания;*
- Марит Ховейд, *Норвегиялық Ғылым және технология университетінің Әлеуметтік және білім беру ғылымдары факультетінің профессоры, оқыту және оқу, білім берудегі көшбасшылық саладағы маман, Норвегия;*

[1] (2016 жылғы 18 мамырдағы Кеңес туралы ереже; 2019 жылғы 28 маусымдағы № 25 Кеңес құрамы)

• Коллин МакЛафлин, *Кембридж университетінің білім беру Факультетінің білім беру инновациялары орталығының директоры, Ұлыбритания.*

Кеңес мүшелері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның XI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы жұмысына белсенді атсалысты, яғни абстрактілерді рецензиялады, семинарлар өткізіп, сессияларды модерациялады. Марит Ховейд секциялық отырыстарда «Педагогика және мұғалімдерді оқыту – оқыту мәселесіне рефлексивті тұрғыдан қарау» және «Академиялық жұмыс сенім негізінде қаланады» тақырыптарына баяндама жасады. Джон Эллиотт секциялық отырыста «Action Research және Lesson Study әдісін теория мен практикада синтездеу» тақырыбына тәжірибедегі зерттеуге қатысты әдістемелік ұсыныстармен бөлісіп, мұғалімдердің постерлерін бағалау бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Дэвид Бриджес «Жекелеген жағдаят ғылымы мен өнері білім беру саясаты мен практикасының ресурсы ретінде» тақырыбына семинар өткізді. Коллин МакЛафлин пленарлық отырыста «Мұғалімдердің білім беру саясаты мен практикасына қосқан үлесін іс жүзінде қабылдау» тақырыбына баяндама жасап, «Қазақстанның орта білім беру жүйесіндегі білім беру инновациясының үздіксіздігі және оны тарату» симпозиумында жаңартылған білім беру мазмұнын реформалауды жүзеге асыру туралы өз көзқарасын ұсынды.

Ғылыми-консультациялық кеңестің күндізгі отырысы 2019 жылдың 26 қазанында өткен конференциядан кейін өтті. Отырыс кезінде 11-конференцияның қорытындысы шығарылып, 2020 жылғы конференцияның тақырыбы жоспарланды. Сонымен қатар, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ішкі және сыртқы зерттеу жобалары бойынша деректер қорын қалыптастыру қажеттілігі және Назарбаев Зияткерлік мектептерінде ұзақ мерзімді зерттеудің қажеттілігі талқыланды.

XI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

2015 жылы 24-25 қазанда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның жыл сайынғы (XI) халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы (бұдан әрі – Конференция) өтті. Әзірленген «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы мен TALIS-2018 оқыту мен оқуды халықаралық зерттеу нәтижелерінің бірінші бөлігінің жарияланымының негізінде 2019 жылғы Конференцияның тақырыбы «Мектеп әлемін өзгертетін мұғалімдер» деп аталды.

2019 жылғы Конференция өңірдегі білім беру саласындағы кезекті маңызды және ауқымды оқиғаға айналды. Он бірінші конференцияға әлемнің 20 елінен 2000-нан астам адам қатысты.

Ресейден келген эмоциялық зият тренері **Виктория Шиманскаяның pre-conference шеберлік сабағы 11-ші конференцияның ерекшелігі болды.**

Конференцияны 24 қазан күні жалпы білім беретін мектептер мен Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 5 мұғалімі ашты. «Мұғалімнің қалыптасуы» атты сессияда Асхат Жұмабеков (физика пәнінің мұғалімі, Семей қ. ФМБ НЗМ), Толғанай Асылбек (биология пәнінің мұғалімі, Көкшетау қ. IT мектеп-лицейі), Сергей Полянских (математика пәнінің мұғалімі, Талдықорған қ. ФМБ НЗМ), Майкл Малутши (математика пәнінің мұғалімі, Ақтау қ. ХБН НЗМ) және Қарлығаш Нұржанова (география пәнінің мұғалімі, №9 «Зерде» мектебі, Нұр-Сұлтан қ.) өздерінің мұғалім мамандығын таңдап, осы уақытқа дейін сол мамандықтарына адал болып қалу себептерін түсіндірді.

Конференцияның ашылу сәтінде ҚР Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова мен Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Күлгінов өздерінің құттықтау сөздерін сөйледі.

Конференцияның үш пленарлық отырысында 13 негізгі халықаралық және қазақстандық спикер сөз алды.

<u>«Өзгермелі замандағы мұғалім» пленарлық отырысы</u>

- К.Н. Шәмшидинова, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқармасының төрайымы»;
- Йорам Харпаз, Бейт Берл колледжінің аға оқытушысы, Израиль;
- Тео Вуббельс, Утрехт университетінің құрметті профессоры, Нидерланды;
- Карин Тремблей, ЭЫДҰ-ның жетекші талдаушысы, TALIS-тың жобалық менеджері, ЭЫДҰ-ның Білім беру және кәсіби дайындық мәселелері жөніндегі директораты, Франция.

<u>«Білім беру экожүйесі: Мектеп +» жалпы отырысы</u>

- Гер Граус, Kidzania халықаралық білім беру бағдарламасының директоры, Ұлыбритания;
- Сергей Косарецкий, А.А. Пинский атындағы Жалпы және қосымша білім беру орталығының директоры, Білім беру институты, «Высшая школа экономики» Ұлттық зерттеу университеті, Ресей Федерациясы;
- Эльдар Жұмағазиев, «Атамекен» ҰКП Басқарма Төрағасының Орынбасары, Қазақстан;
- Рик Соммер, Стэндфорд университетінің Халықаралық дайындық бағдарламалары орталығының атқарушы директоры, АҚШ;
- Абдул Рашид, Pegasus Education Group атқарушы және бас директоры.

<u>«Мұғалім – өзгеріс агенті ретінде» пленарлық отырысы</u>

- Филипп Кордингли, білім берудегі зерттеулер мен деректерді пайдалану орталығының басшысы, Ұлыбритания;
- Аида Сағынтаева, Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебінің деканы, Қазақстан;
- Коллин МакЛафлин, Кембридж университетінің білім беру факультетінің білім беру инновациясы жөніндегі директор, Ұлыбритания;
- Кэтрин Чан, қолданбалы педагогика профессоры, Гонконг университеті, Қытай.

Сандармен көрсетілген конференция:

Пленарлық отырыстар шеңберінде шетелдік және қазақстандық сарапшылар арасынан 13 өзекті спикер сөз сөйледі. Жалпы конференцияға әлемнің 17 елінен халықаралық сарапшылар қатысты.

Конференция бағдарламасына сәйкес 6 тақырыптық семинар, 12 шеберлік сабағы, 7 симпозиум, 100-ден астам баяндама жасалған 24 секциялық отырыс, сондай-ақ негізгі спикерлердің қатысуымен панельдік пікірталас өткізілді.

Конференция аясында педагогикалық оқудың өзекті тақырыптарына қатысты арнайы секциялық отырыстар өтті.

«Қазіргі заман мұғалімдерінің алдындағы өзекті мәселелер» секциясында Ресей мен Қазақстанның сарапшылары кибержәбірлеудің алдын алу, тәуекел топтағы балалармен жұмыс жасау сияқты мұғалім дағдыларын қалыптастыру әдістері туралы айтып берді.

«Академиялық адалдықты мектеп мәдениетінің бір бөлігі ретінде дамыту» секциясында ДББҰ-ның Ғылыми-консультациялық кеңесінің мүшесі профессор Марит Ховейд және Назарбаев Университетінің сарапшылары сөз сөйледі.

«Бүгінгі күнгі мектепте мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы» секциясында Армения, Ресей Федерациясы және Қазақстан спикерлері мұғалім мен оқушы ынтымақтастығының озық моделін ұсынды.

Зияткерлік мектеп педагогтері, Назарбаев университетінің профессоры және білім беру саласындағы кәсіпкерлердің қатысуымен «Инклюзивті білім беру мәселелері» секциясы өтті.

Қатысушылар қазақстандық мектептерде инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың өзекті мәселелерін талқылап, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту тәжірибесімен бөлісті.

Конференцияның басқа да оқиғалары

2019 жылы Халықаралық конференция үшін дәстүрлі постер-сессия ауқымы ұлғайды – 80-нен астам қатысушы өз жұмыстарын ұсынды. Мұғалімдер Action Research және Lesson Study бағыттарындағы зерттеу нәтижелерін ұсынып, тәжірибесімен бөлісті.

Конференцияның екі күнінде «Мұғалім зерттеулері мен тәжірибесі» секциялық отырыстарының 2 параллелі ұйымдастырылып, онда 70-тен астам практик-мұғалім баяндама жасады. **Әртүрлі форматтағы баяндамалардан басқа, конференцияның 7 сарапшы-спикері автограф-сессиялар өткізді.** Конференцияға қатысушылар Йорам Харпаз, Виктория Шиманская, Сергей Косарецкий, Дэвид Бриджес, Марит Ховейд, Коллин Маклафлин, Филиппы Кординглидің кітаптарын сатып алып, қолтаңбасын алу мүмкіндігіне ие болды.

Екі күн бойы өткен білім беру көрмесінде дәстүр бойынша Білім беру бағдарламалары орталығы, Педагогикалық шеберлік орталығы, Педагогикалық өлшеулер орталығы, сондай-ақ білім беру саласындағы әдістемелік және технологиялық шешімдерді жүзеге асыратын басқа да компаниялар өз өнімдерін ұсынды.

Алғаш рет Конференцияда үздік баяндама номинациясында жеңімпаздар марапатталды. Қазылар алқасына ДББҰ қызметкерлері қатарынан сарапшылар және халықаралық сарапшылар кірді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Басқарма төрайымы К.Н. Шамшидинова «Үздік постер» номинациясы бойынша 5 жеңімпазға, «Үздік таныстырылым» номинациясы бойынша 5 жеңімпазға сертификат табыстады.

Өтінімдерді қабылдау мен қарастыруды ұйымдастыру

2019 жылы Конференцияға қатысуға өтініштер веб-сайт арқылы берілді

Өтініштер Академиялық комитет мүшелерінің екі сатылы анонимді рецензиясының қорытындысы бойынша іріктелді. Комитет білім беру саласындағы қазақстандық және шетелдік сарапшылардан және ДББҰ-ның Ғылыми-консультациялық кеңесі мүшелерінен тұрады.

Зерттеу департаменті Конференцияға қатысу туралы өтініш берген авторлар мен әлеуетті қонақтарға конференцияның электронды поштасынан хабарлама жіберу арқылы Конференцияға дайындық пен абстрактілерді қарастыру үдерісі туралы үнемі хабарлап отырды. Былтырғыдай 2019 жылғы конференцияға әлемнің 20-дан астам елінен қонақтар, оның ішінде Орта Азия мен Ресей Федерациясының арнайы делегациялары қатысты.

Рецензиялау қорытындысы бойынша Академиялық комитет қарауына келіп түскен 400-ден астам абстрактінің ішінен конференция бағдарламасына 93 таныстырылым және 88 постер қабылданды. Осылай Конференцияға қатысу жөніндегі өтініштердің 44%-ы қанағаттандырылды.

Конференция материалдары мен сайты

Конференция баяндамаларының барлық материалдары ресми сайтта орналасқан. Конференция сайты негізгі ақпараттық ресурс болып табылады, сайтта қатысушылар мен қонақтар өтініш беру үдерісі жайлы және конференцияның негізгі спикерлері мен бағыттары туралы ақпаратпен таныса алады.

2018 жылдың қараша айынан бастап 2019 жылдың қазан айына дейін 61 мыңнан астам вебсайтқа кіру тіркелді (соның ішінде 53 мыңнан астамы тек 2019 ж.). Сайт ашылғаннан бері (2016 жылдан бастап) 276,5 мың пайдаланушы тіркелген.

5 БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ

5.1
Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу

5.2
Критериалды бағалау жүйесі

5.3
5, 10-12-сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалау

5.4
Зияткерлік мектептерді аккредитациялау

5.5
NIS-PROGRAMME білім беру бағдарламасы мен NIS сертификатының танылуы

5.1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Зияткерлік мектептер оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу – әрбір оқушының жеке білім алу траекториясын қадағалауға және түзетуге мүмкіндік беретін оқушылардың өзекті білімінің деңгейі туралы шынайы ақпаратты жүйелі жинау, өңдеу және ұсыну үшін пайдаланылатын, стандартталған бағалау құралы.

Мониторинг тапсырмаларының банкі жыл сайын жаңартылып, толықтырылып отырады.

2019 жылы математикадан мониторинг жүргізуге 200 тест тапсырмасы, тіл пәндерінен 200 тест тапсырмасы әзірленіп, сараптамадан өтті.

5.1.1. МАТЕМАТИКАДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

«Математика» пәнінен оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу оқу бағдарламасының «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және талдау» деп аталатын бес бөлімі бойынша өткізілді.

2019 жылы 2 мониторинг жүргізілді:

- қаңтар айында 19 Зияткерлік мектептің 7-11-сынып оқушыларына;
- қыркүйек айында 20 Зияткерлік мектептің 7-12-сынып оқушыларына.

Мониторинг нәтижелерін талқылау, бағалау стандарттарын белгілеу және оқу жетістіктерінің деңгейлерін сипаттау мақсатында Зияткерлік мектептердің математика пәні мұғалімдерінің қатысуымен екі семинар өткізіліп, сараптама нәтижелерін талқылау және тест тапсырмаларын пысықтау үшін бір семинар өткізілді.

Мониторинг қорытындысы бойынша оқушылардың нәтижелері классикалық (TIA Plus) және заманауи (OPLM) тест теорияларының көмегімен, сондай-ақ «Бетбелгілер» әдісі арқылы оқу жетістіктерінің төрт деңгейіне бөлініп, статистикалық өңдеуден және психометриялық талдаудан өтті («Бастауыш», «Базалық», «Жақсы», «Жоғары»).

Оқушылар контингенті, мектептерге берілген есептер саны, сондай-ақ 7 және 8-сынып үлгісінде оқушылардың нәтижелері оқу жетістіктерінің төрт деңгейі бойынша суретте көрсетілген.

1-сурет. 2019 жылы өткізілген мониторинг нәтижелерін 2018 жылғы қыркүйекте жүргізілген мониторинг нәтижелерімен салыстырғанда



2018 жылдың қыркүйек айында және 2019 жылдың қаңтар айында жүргізілген мониторинг нәтижелерін салыстырмалы талдау барысында оқушылардың оқу жетістіктерінің «Жақсы» және «Жоғары» деңгейлерінің артқаны анықталды:

- 7-сынып – «Геометрия», «Статистика және ықтималдық теориясы» және «Математикалық модельдеу және талдау» тараулары бойынша;
- 8-сынып – «Алгебра» және «Геометрия»;
- 9-сынып – «Геометрия» және «Статистика және ықтималдық теориясы»;
- 10-сынып – «Алгебра», «Геометрия» және «Статистика және ықтималдық теориясы»;
- 11-сынып – «Алгебра» және «Математикалық модельдеу және талдау».

2-сурет. 2019 жылғы қыркүйекте өткізілген мониторинг нәтижелері



2019 жылдың қыркүйек айында жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің «Жақсы» және «Жоғары» деңгейлерінің ең жоғарғы мәні анықталды:

- 7-сынып – «Сандар», «Статистика және ықтималдық теориясы» және «Математикалық модельдеу және талдау» тараулары бойынша;
- 8-сынып – «Геометрия» және «Математикалық модельдеу және талдау»;
- 9-сынып – «Статистика және ықтималдық теориясы»;
- 10 және 11-сыныптар – «Геометрия»;
- 12-сынып – «Статистика және ықтималдық теориясы».

5.1.2. ТІЛ ПӘНДЕРІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Зияткерлік мектеп оқушыларының екінші және үшінші тілдерді меңгеру деңгейін анықтау үшін NIS-Programme және CEFR сәйкес тілдік пәндерінен мониторинг сөйлеу әрекетінің «Оқу», «Тыңдау», «Сөйлеу», «Жазу» сияқты төрт түрінен жүргізіледі.

2019 жылы 2 мониторинг жүргізілді:

- сәуір айында 19 Зияткерлік мектептің 7-10-сынып оқушыларына;
- 2019 жылдың қыркүйек айында 20 зияткерлік мектептің 7-сынып оқушыларына.

Тест тапсырмаларын пысықтау және сараптау нәтижелерін талқылау бойынша семинар өткізілді.

Мониторинг нәтижелері бойынша оқушылардың жауаптары классикалық (TIA Plus) және заманауи (OPLM) тест теорияларының көмегімен статистикалық өңдеуден және психометриялық талдаудан өтті. Талдау қорытындысы бойынша оқушылардың нәтижелері оқу жетістіктерінің төрт деңгейі бойынша бөлінді («Бастауыш», «Базалық», «Жақсы», «Жоғары»).

Оқушылар контингенті, мектептерге берілген есептер саны, сондай-ақ 7-сынып үлгісінде оқушылардың нәтижелері оқу жетістіктерінің төрт деңгейі бойынша суретте көрсетілген.

3-сурет. 2019 жылғы сәуірде жүргізілген мониторинг нәтижелерін 2018 жылғы қыркүйектегі мониторинг нәтижелерімен салыстыру



2018 жылдың сәуір айында және 2019 жылдың сәуір айында жүргізілген мониторинг нәтижелерінің салыстырмалы талдауы пәндер бойынша көрсеткіштердің жақсаруын анықтады:

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2):

- 7-сынып – барлық сөйлеу әрекеттері,
- 8-сынып – тыңдалым және айтылым дағдылары,
- 9-сынып – оқылым дағдысы,
- 10-сынып – оқылым және айтылым дағдылары.

«Орыс тілі мен әдебиеті» (Т2):

- 7-сынып – айтылым және жазылым дағдылары,
- 8-сынып – тыңдалым және оқылым дағдылары,
- 10-сынып – оқылым және айтылым дағдылары.

«Ағылшын тілі»:

- 7-сынып – оқылым, айтылым және жазылым дағдылары,
- 8-сынып – барлық сөйлеу әрекеттері,
- 9-сынып – оқылым және жазылым дағдылары,
- 10-сынып – барлық сөйлеу әрекеттері.

4-сурет. 2019 жылдың қыркүйегінде жүргізілген мониторинг нәтижелері



2019 жылдың қыркүйек айында 7-сынып оқушыларына жүргізілген мониторинг нәтижелерінің талдауы мына пәндерден жоғары көрсеткіштерді анықтады:

- «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) – айтылым және оқылым дағдылары;
- «Орыс тілі мен әдебиеті» (Т2) – айтылым, оқылым және тыңдалым дағдылары;
- «Ағылшын тілі» – айтылым, оқылым және тыңдалым дағдылары.

5.2. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Педагогикалық өлшеулер орталығы мектептерде критериалды бағалауды жүзеге асыруға әдістемелік қолдау көрсету үшін пәндер, сыныптар және оқыту тілдері бойынша формативті және жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсынымдар, сондай-ақ ақпараттық-таныстыру және анықтамалық материалдар әзірледі:

- 11-сынып пәндерінен тарау бойынша жиынтық бағалауға қатысты 25 әдістемелік ұсыным;
- 6, 10 және 12-сынып пәндерінен жиынтық бағалаудың 90 спецификациясы;
- Оқу бағдарламаларындағы өзгерістерге байланысты 1-4, 9 және 11-сыныптарға арналған жиынтық бағалаудан 7 әдістемелік ұсыным және жекелеген пәндерден жиынтық бағалаудың 19 спецификациясы.

2019 жылы жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жиынтық жұмыстарды сақтау және т.б. критериалды бағалау ережесіне толықтырулар енгізілді.

2019-2020 жылдарға кезеңмен көшу кестесіне сәйкес Зияткерлік мектептердің 11-сынып оқушылары жетілдірілген критериалды бағалау жүйесіне көшті.

«Бағалау» ақпараттық жүйесінде кітапхана формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларымен (562), орталық мұрағаттағы оқушылардың жұмыс үлгілерімен (1111) толықтырылды. Тоқсан-

дық жиынтық бағалау материалдарының сараптамасы жүзеге асырылды (8 362), пәндер, сыныптар және оқыту тілдері бойынша жиынтық жұмыстардың ішкі және сыртқы сараптамасын жүргізу туралы бейненұсқаулықтар дайындалды.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және бағалау тәжірибесін одан әрі дамыту бағыттарын анықтау мақсатында Зияткерлік мектеп мұғалімдеріне арналған «Жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін формативті бағалау тәжірибесін дамыту» тақырыбына вебинар өткізілді, сондай-ақ «Бағалау құралдарын әзірлеу және сараптау» курсынан өткен мұғалімдердің материалдарына сараптама жүргізілді.

5.3. 5, 10-12-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

Белгілі бір білім деңгейін аяқтағаннан кейін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол үшін Зияткерлік мектептерде сыртқы жиынтық бағалау бастауыш, негізгі және орта білім деңгейлерінде өткізіледі.

Сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу үдерісін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ДББҰ сайтында орналастырылып, Зияткерлік мектептерге уақытылы жіберілді.

Зияткерлік мектептер оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау талаптары Cambridge Primary (5-сынып), IGCSE (10-сынып), AS-level және A-level (11-12-сынып) халықаралық стандарттарына сәйкес келеді.

5, 10-11-сыныптарға арналған емтихан материалдары Педагогикалық өлшеулер орталығымен, ал 12-сыныптарға халықаралық білім беру мәселелері бойынша Кембридж бағалау кеңесімен (бұдан әрі – Кембридж) бірлесіп әзірленген болатын.

2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Кембридж сарапшыларының қатысуымен емтихан материалдарының сапасын бағалау жөніндегі комитеттің алғашқы отырысы өтті. Отырыста 12-сыныптың емтихан материалдары AS-level және A-level талаптарына сәйкестік сараптамасынан өтті. Кембридж сарапшылары Педагогикалық өлшеулер орталығы қызметкерлерінің және емтихан материалдарын әзірлеушілердің кәсіпқойлығын жоғары бағалады.

Емтихан барысында 6 Зияткерлік мектептің емтихандарды ұйымдастыру және өткізу шарттарының AS-level және A-level халықаралық стандарттарына сәйкестігіне Кембридж сарапшылары сыртқы тексеру жұмысын жүргізді. Кембридж тексеру қорытындысы бойынша есеп беріп, барлық мектептерге жоғары баға берді.

Жыл бойы Зияткерлік мектеп директорларының орынбасарларына емтихандарды ойдағыдай ұйымдастыра білу мен өткізуге арналған бағалау рәсімдерін түсіндіру семинарлары мен вебинарлары өткізілді.

Жалпы емтихан барысында нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес қауіпсіздік пен құпиялылықты қамтамасыз ету талаптары сақталды.

5-сурет. 5-сыныптардағы емтихандар



6-сурет. 10-сыныптардағы емтихандар



7-сурет. 11-сыныптардағы емтихандар



8-сурет. 12-сыныптардағы емтихандар



Емтихандар қорытындысы оқушылар нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің жақсарып, оқу үдерісінің сапалы ұйымдастырылғанын көрсетті.

1-диаграмма. 12-сынып оқушыларының А және А бағаларының екі жыл ішіндегі динамикадағы үлесі.*



Оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыру барысында (Data) мәліметтерді пайдалану оқушылардың нәтижелерін жақсартуға ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады. Мысалы, 2018-2019 оқу жылының басында Зияткерлік мектептерге оқушылардың оқу жылының соңында емтихандарда алдын ала болжанған нәтижелері ұсынылды.

Нәтижелер болжамы әртүрлі бағалау үдерісінің қорытындысы бойынша оқушылардың сандық көрсеткіштерін өңдеу нәтижесінде алынды, олар RapidMiner БЖ* бойынша сызықтық регрессия моделі арқылы талданды.

Нәтижесінде алдын ала жүргізілген талдау оқушылардың нәтижелеріне қатысты заңдылықтар, үрдістер және өзара байланысты анықтауға, әрбір оқушымен жұмыс траекториясын анықтауға, олқылықтарды жоюға, емтихандағы оқушылардың нәтижелерін айтарлықтай жақсартуға септігін тигізді.

Жыл сайынғы талдау және сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін түсіндіру Зияткерлік мектептерде оқыту мен сабақ беру үдерісін сапалы жақсартуға мүмкіндік береді.



5.4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІ АККРЕДИТАЦИЯЛАУ

2019 жылы 5 Зияткерлік мектепте Алматы (ФМБ, ХББ), Ақтау, Петропавл және Қостанай қалаларында Халықаралық Мектептер Кеңесінің (CIS) тәуелсіз сарапшыларының командалық сапарлары өткізілді. Бүгінгі таңда 20 Назарбаев Зияткерлік мектебі аккредиттелген мектеп мәртебесіне ие. Мектепке келген CIS сарапшылары білім беру қызметтерінің жоғары сапасын, мектептердің тұрақты дамуын, мұғалімдердің кәсіби өсу

мүмкіндіктерінің болуын, жан-жақты оқыту мен оқушылардың белсенділігін, «Шаңырақ» тәрбие жүйесінің бірегейлігін және т.б. атап өтті.

2019 жылдың 21-22 қазанында Қазақстанда тұңғыш рет CIS жаңартылған CIS International Accreditation хаттамасы бойынша Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектепте мектеп қызметін бағалау өтті. Сапар қорытындысы бойынша мектеп CIS мүшелігіне ие болды. Осы Хаттаманың негізінде аккредиттеудің 2-кезеңінде барлық Зияткерлік мектептер бағаланатын болады.

Халықаралық білім беру саласындағы әлеуетті арттыру, білімді тереңдету, халықаралық тәжірибені зерделеу үшін ДББҰ мен Зияткерлік мектептер қызметкерлері CIS ұйымдастырған бірқатар іс-шараға қатысты.

Халықаралық аккредиттеу сарапшыларын дайындау онлайн тренингі

2019 жылдың сәуір және қараша айларында ДББҰ-ның 5 қызметкері оқудан өтті. ДББҰ мен Зияткерлік мектептердің жалпы 20 қызметкері халықаралық аккредиттеу оқытуынан өткен сарапшылар болып табылады. Оқытудан өткен қызметкерлердің ішінен 12 адам Қазақстанда және шетелде CIS командалық сапарларына белсенді қатысады.

CIS мектептері мен жоғары оқу орындарының саммиті

2019 жылы 1-2 сәуірде CIS алғаш рет Лондон қаласында (Ұлыбритания) мектептер мен жоғары оқу орындарының Саммитін өткізіп, мектептер мен университтердің мақсатты ынтымақтастығы мен негізгі мүмкіндіктерін анықтау мәселесін қарастырды.

Саммитке университеттен 10 өкіл және CIS-ке мүше мектептерден 10 өкіл шақырылды. ДББҰ-дан саммитке Қостанай қаласындағы Зияткерлік мектептің директоры Д.Н. Сапаков және білім беру сапасын бағалау және халықаралық аккредиттеу департаменті директорының орынбасары И.К. Исмаилова қатысты.

2019 жылы 16-17 қазанда Бостон қаласында мектеп түлектерінің ЖОО-ға түсуі, оқушылардың әл-ауқаты және жаһандық азаматтық бағыттары бойынша материалдар мен бағдарламаларды әзірлеуге арналған екінші Саммит өтті.

Мектептердегі Мәдениетаралық көшбасшылық туралы CIS семинары

2019 жылдың 8-9 сәуірінде Шымкент қаласындағы ДББҰ мен ХББ Зияткерлік мектебінің қызметкерлері Лейден қаласындағы (Нидерланды) мектептерде мәдениетаралық көшбасшылыққа бағышталған CIS семинарына қатысты. Аталған семинарға қатысу халықаралық білім беру жағдайында мектепті басқару саласында халықаралық мектептермен тәжірибе алмасуға және білімді кеңейтуге мүмкіндік берді.

CIS Жаһандық форумы

CIS жыл сайын әлемнің жоғары оқу орындары мен халықаралық мектептерінің жаһандық форумын өткізеді, оған 20 елден 500-ден астам әлемнің үздік университеті қатысады. Бұл форумға (Бильбао қ., Испания) 2019 жылы 20-21 қарашада ДББҰ қызметкерлері қатысты.

Pre-Conference халықаралық аккредиттеу семинары

2019 ж. 23 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында өткен XI халықаралық конференция аясында CIS халықаралық аккредиттеу жөніндегі директор Stuart McLay және CIS маманы Leo Thompson CIS International Accreditation Хаттамасын түсіндіру және мектептерді халықаралық аккредиттеудің екінші кезеңіне дайындау үшін 20 Зияткерлік мектеп пен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық мектеп өкілдеріне семинар өткізді.

2019 жылы CIS стратегиялық серіктесінің қолдауымен ынтымақтастық шекараларын кеңейту мақсатында мынадай жұмыстар жүргізілді:

- 2019 жылдың 7 маусымында ДББҰ өкілдері Нью-Йорк (АҚШ) қаласында өткен International Advisory Committee of College Board отырысына қатысты. Отырыста халықаралық қауымдастықтардың дамуы, кәсіби бағдар бойынша кеңесшілердің біліктілігін арттыру, SAT халықаралық емтихан сұрақтарының сәйкестігі сияқты мәселелер талқыланды;

• Назарбаев Зияткерлік мектептерімен жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат жарияланымы CIS сайтында орналастырылған.

5.5. NIS-PROGRAMME БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН NIS СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ТАНЫЛУЫ

2019 жылғы жұмыс аясында Зияткерлік мектеп түлектерін Қазақстан Республикасының 5 жоғары оқу орнындағы жеделдетілген бакалавриат бағдарламаларына қабылдау туралы келісімге қол жеткізілді:

- С. Аманжолов атындағы ШҚМУ,
- ТарМПУ,
- Сүлеймен Демирель атындағы университет,
- Әуезов атындағы ОҚМУ,
- ҚБТУ Халықаралық экономика мектебі факультеті, London School of Economics (LSE) еншілес филиалы.

2018-2019 оқу жылында Зияткерлік мектептердің 447 түлегі қысқартылған бағдарлама бойынша ЖОО-ға түсті.



2-диаграмма. Бакалавриаттың қысқартылған бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарында оқитын НЗМ түлектері



Сондай-ақ, құрамына қонақжайлылық саласында білім беретін 5 жоғары оқу орны – Cezar Ritz College Switzerland, Culinary Arts Academy Switzerland, Hotel Institute Montreux, Ihtti School of Hotel Management және Swiss Hotel Management School кіретін Swiss Education Group (Швейцария) тарапынан халықаралық дәрежеде танылды.

Ағымдағы жылы Foundation бағдарламасынан өткен Зияткерлік мектеп түлектерін қабылдайтын 5 шетелдік жоғары оқу орны: Bournemouth University, Glasgow Caledonian University (Ұлыбритания), Monash University (Аустралия), Hong-Kong Polytechnic University (ҚХР) және Yonsei University (Оңтүстік Корея) ресми танылды.

3-диаграмма. Танылу аясында шетелдік жоғары оқу орындарына түскен түлектер саны.

ДББҰ-ның «Білім беру-2030» мақсаттарына қол жеткізу үшін мектеп пен университеттердің серіктестігі» тақырыбындағы ЮНЕСКО-ның «Wenhui Award 2019 for Education Innovation» халықаралық сыйлығына ие болуы танылу жұмысының нәтижесін көрсетті.

Цзинань қ. (Қытай) марапаттау рәсіміне жоғары сапалы сертификат және $ 20.000 көлеміндегі ақшалай сыйлықты алуға ДББҰ-ның Басқарма төрағасы қатысты.

Сандар мен деректер:

- **Қазақстанның 14 жоғары оқу орны** бакалавриаттың 3 жылдық жеделдетілген бағдарламасын ұсынады;
- **Қазақстанның 7 жоғары оқу орны** түлектердің оқу нәтижелерін жекелеген пәндерден ЖОО Академиялық кредиттеріне аударады;
- **8 шетелдік жоғары оқу орны** Foundation бағдарламасынан өткен түлектерді 1-курсқа қабылдайды;
- **4 халықаралық ұйым** NIS-Programme және NIS Grade 12 Certificate мойындайды;
- **2 халықаралық дерекқоры** NIS Grade 12 Certificate қосты.

6 ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

6.1

Білім сапасы мен үлгерім

6.2

Халықаралық және республикалық олимпиадалар, конкурстар, конференциялар және ғылыми-зерттеу жұмыстары

6.3

Халықаралық емтихандардың нәтижелері

6.4

Жоғары оқу орындарына түсу

6.1. БІЛІМ САПАСЫ МЕН ҮЛГЕРІМ

2018-2019 оқу жылының соңында Зияткерлік мектептерде 14 303 оқушы, оның ішінде 8 967 (63,7%) қазақ тілінде және 5 336 (37,3%) орыс тілінде білім алды.

2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың үлгерімі 99,99%-ды құрады, алайда тілдер мен оқыту сатылары, сыныптар мен тоқсандар бойынша үлгерім көрсеткіштерінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалған жоқ.

2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы 88,1%-ды құрады. Оқыту тілі талдау нәтижелеріне сәйкес қазақ тілінде білім алатын оқушылардың көрсеткіштері орыс тілінде білім алатын оқушылардың нәтижелерінен 4,5%-ға жоғары.

Сурет. Зияткерлік мектеп оқушыларының оқыту тілдері бойынша білім сапасы, %



Оқыту сатылары бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқитын оқушылардың білім сапасы белгіленген стратегиялық көрсеткіштерге сәйкес келеді (тиісінше 90%, 70% және 80%).

Сурет. Зияткерлік мектеп оқушыларының оқу сатылары бойынша білім сапасы (2018-19 оқу жылы), %



Төрт тоқсан бойы деректерді салыстырмалы талдау Зияткерлік мектеп оқушыларының білім сапасы көрсеткіштерінің өсу үрдісін көрсетеді: бұл көрсеткіш оқу жылының соңына қарай 14,2%-ға артты.

Сурет. Зияткерлік мектептер оқушыларының тоқсандағы білім сапасы (2018-2019 оқу жылы), %



2018-2019 оқу жылында негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестатқа 171 оқушы үміткер болды, оның 158-і (92,4%) растады. 12-сыныпта жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестат алуға үміткерлер саны 272 оқушыны құрады, оның 189-ы растады (69,4 %). «Алтын белгі» атағын алуға үміткерлердің саны 148 оқушыны құрады, оның 145-і (97,9%) растады.

6.2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАР, КОНКУРСТАР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Оқушының бәсекеге қабілеттілігі, әртүрлі конкурстарға, олимпиадаларға, сайыстарға қатысу арқылы байқалатын білімнің түрлі салаларындағы құзыреттілігі білім беру сапасы көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

6.2.1. «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАР МЕН ҒЫЛЫМИ КОНКУРСТАРҒА (БАЙҚАУЛАРҒА) ҚАТЫСУЫ

Олимпиадалар		Ғылыми сайыстар мен инновациялық идеялар конкурстары		Барлығы		
ҚР	Халықаралық	ҚР	Халықаралық	ҚР	Халықаралық	Барлығы
242	64	152	239	394	303	697

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

2019 жылғы 13-16 ақпан аралығында өткен
жаратылыстану пәндер бойынша
республикалық ғылыми жобалар конкурсында
«Ең үздік команда – 2019»
ГРАН-ПРИ иелігі үшін

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ КОМАНДАСЫ

МАРАПАТТАЛДЫ

Директор К. Башарова

№ 006

Алматы қаласы, 2019 жылғы 13-16 ақпан

2018-2019 оқу жылында Республикалық ғылыми жобалар конкурсының қорытындысы бойынша «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ командасы «2019 жылдың үздік командасы» номинациясы бойынша гран-при иегері атанды. Конкурсқа қатысқан 40 оқушының 34-і жүлдегер атанды, оның ішінде: 14 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль бар.



2018-2019 оқу жылының жалпы білім беретін пәндерінен Республикалық олимпиаданың қорытындысы бойынша Павлодар, Алматы қалаларының Зияткерлік мектептері (ФМБ) Қазақстанның 100 мектебі арасында көшбасшы орындарға ие болды.

Рейтингтік позиция	2018-2019 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндерден Республикалық олимпиада нәтижесі бойынша Қазақстанның 100-ТОП мектебі		Медаль саны			Жалпы медаль саны
		Қатысушылар саны	алтын	күміс	қола	
6.	Павлодар қ. Зияткерлік мектебі	21	5	5	5	15

12.	Алматы қ. Зияткерлік мектебі (ФМБ)	16	2	5	8	15
20.	Атырау қ. Зияткерлік мектебі	5	2	0	1	3
25.	Шымкент қ. Зияткерлік мектебі (ХББ)	10	1	2	2	5
29.	Петропавл қ. Зияткерлік мектебі	6	1	1	1	3
29.	Нұр-Сұлтан қ. Зияткерлік мектебі (ФМБ)	5	1	1	1	3
29.	Қызылорда қ. Зияткерлік мектебі	4	1	1	1	3
30.	Қостанай қ. Зияткерлік мектебі	3	1	1	0	2
33.	Шымкент қ. Зияткерлік мектебі (ФМБ)	5	1	0	1	2
33.	Ақтөбе қ. Зияткерлік мектебі	3	1	0	1	2
39.	Семей қ. Зияткерлік мектебі	6	0	2	3	5
41.	Талдықорған қ. Зияткерлік мектебі	4	0	2	0	2
41.	Өскемен қ. Зияткерлік мектебі	4	0	2	0	2
44.	Қарағанды қ. Зияткерлік мектебі	5	0	1	3	4
45.	Ақтау қ. Зияткерлік мектебі	5	0	1	2	3
45.	Алматы қ. Зияткерлік мектебі (ХББ)	5	0	1	2	3
46.	Орал қ. Зияткерлік мектебі	6	0	1	1	2
47.	Нұр-Сұлтан қ. Зияткерлік мектебі	4	0	1	0	2
50.	Тараз қ. Зияткерлік мектебі	3	0	0	1	1
56.	Көкшетау қ. Зияткерлік мектебі	2	0	0	0	0
Барлығы		122	16	27	33	76

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ЕҢ ҮЗДІК ОЛИМПИАДАЛЫҚ КОМАНДА - 2019»

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша
республикалық олимпиаданың қорытындысында көрсеткен үздік нәтижелері
үшін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің командасына
«Ең үздік олимпиадалық команда-2019» атағы және I орын

БЕРІЛДІ

Вице-министр Э. Суханбердиева

Ақтөбе қаласы, 2019 жылғы 15-20 наурыз

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ЕҢ ҮЗДІК ОЛИМПИАДАЛЫҚ КОМАНДА - 2019»

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша
республикалық олимпиаданың қорытындысында көрсеткен үздік нәтижелері
үшін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің командасына
«Ең үздік олимпиадалық команда-2019» атағы және III орын

БЕРІЛДІ

Вице-министр Э. Суханбердиева

Қызылорда қаласы, 2019 жылғы 25-30 наурыз

2018-2019 оқу жылында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша республикалық олимпиадада командалық есепте 1-орынды, ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша республикалық олимпиадада командалық есепте 3-орынды иеленді. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ оқушылары 76 жүлделі орынға ие болды, бұл жалпы жүлдегерлердің 11,59%-ын құрайды.

Нұр-Сұлтан (ЖМҒФ) және Қостанай қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 11-сыныбының 2 оқушысы Акчурин Альнур мен Клышпаева Дана климаттың өзгеруіне қатысты халықаралық оқушылар саммитіне (WORLD SUMMIT OF STUDENTS FOR CLIMATE) (бұдан әрі – Саммит) қатысты. Ол 2019 жылы 29 мамыр мен 5 маусым аралығында Йонсуу және Хельсинки (Финляндия) қалаларында өтті.

Қостанай қ. ФМБ НЗМ оқушысы Дана Клышпаева Саммиттің қатысушылары арасында іріктеуден өтіп, Финляндия Президенті Саули Ниинистемен кездесіп, әңгімелесу мүмкіндігіне ие болды. Әртүрлі елдердің қатысушыларынан тұратын топта Дана Орта Азияның өкілі болды. Саули Ниинисте оқушылармен климаттың өзгеруінен туындайтын әсерлер, климаттың өзгеруіне жол бермеу, жаңартылатын энергия, пластикті жинау және қайта өңдеу шаралары сияқты мәселелерді талқылады.

Саммитке 70 елден 135 оқушы мен 100 мұғалім қатысты.

Оқушылар төмендегідей беделді халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларында табысты өнер көрсетті:

- Математика, физика, информатика пәндерінен Халықаралық Жәутіков олимпиадасы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.);

- «Жібек жолы» Халықаралық математикалық олимпиадасы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.);
- Халықаралық Азия-Тынық мұхиты математикалық олимпиадасы (Қазақстан Республикасы, Алматы);
- «Адам-Жер-Ғарыш» қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша балалар мен жастардың оқу-зерттеу жобаларының жалпыресейлік олимпиадасы (Ресей, Королев қ.);
- «Математика және жобалау» халықаралық ғылыми конкурсы (Ресей, Мәскеу қ.);
- «Ғылым әлемін ашамыз» ғарыштық зерттеулер бойынша халықаралық сайыстар (Қазақстан Республикасы, Байқоңыр қ.);
- Физика бойынша Азия олимпиадасы (APhO) (Аустралия, Аделаида);
- Химия пәнінен оқушылардың 53-ші Халықаралық Менделеев олимпиадасы (Ресей, Санкт-Петербург қ.);
- Физикадан халықаралық олимпиада (IPhO) (Иран, Тегеран қ.);
- «Туймаада» оқушылардың халықаралық олимпиадасы (Ресей, Якутск қ.);
- Қыздар арасындағы Еуропалық математикалық олимпиада (EGMO) (Украина, Киев қ.).

Зияткерлік мектеп оқушыларын әртүрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларға дайындау мақсатында тәжірибелі тренерлерді тарту арқылы оқу-жаттығу жиыны өткізілді, олардың ішінде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің түлектері республикалық және халықаралық олимпиадалардың бұрынғы жеңімпаздары мен жүлдегерлері болды. Ағымдағы жылы Талдықорған қаласындағы ФМБ НЗМ-ның шебер-мұғалімі Полянский Сергей Сергеевичтің жетекшілігімен математика пәні мұғалімдері үшін фестиваль және математика пәні мұғалімдеріне арналған оқу-жаттығу жиындары өткізілді.





6.2.2. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

Зияткерлік мектептердің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелілігі мен маңыздылығы мынадай көрсеткіштер арқылы анықталады:

1) патенттік белсенділік;

2) ғылыми жобалардың халықаралық конкурстардағы жетістіктері;

3) ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттары бойынша инновациялық гранттар;

4) жарияланымдық белсенділік және ғылыми конференцияларға қатысу;

5) инновациялық жобаларды іске асыру.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІ

2019 жылы жобалық ғылыми зерттеулер нәтижесінде Зияткерлік мектептердің 49 оқушысының меншік объектілері мемлекеттік тіркеуден өтті.

Зияткерлік мектеп оқушыларының авторлық құқықтары

Авторлық құқық пен патентке ие оқушылар санының кестесі

Жылы	Авторлық құқық пен патентке ие оқушылар саны
2013	1
2014	1
2015	4
2016	1
2017	8
2018	10
2019	49
Барлығы	74

Юсупова Эльмира – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** «Пелл теңдеулерін шешуге арналған жалпыланған формула» объектісіне 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 1318 ғылым туындысына авторлық куәліктің иегері. Жаңалықты ҚР Зияткерлік меншік Ұлттық институтының авторлық құқық бөлімі растады. Ұсынылған формуланы механикада турбуленттік аймақтарды сипаттауда, экономика саласында экономикалық жағдайларды талдау кезінде қолдануға болады.

Таумергенов Нурдаулет, Долмаганбетов Карен – Ақтөбе қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10, 11-сынып оқушылары,** «Glove Speaker» - керең-мылқау адамдарға арналған қолғап объектісіне 2019 жылғы 12 ақпандағы № 1706 ғылым туындысына авторлық куәлік иегерлері. Өнертабыс қолғап датчиктермен, динамикпен, Arduino блогымен және аккумуляторомен жабдықталып, 12 сағатқа дейін жұмыс істей алады. Қолғап саусақтардың бөліктері мен бастарында орналасқан датчиктер арқылы жұмыс істейді және сол датчиктерге тиген кезде келтірілген арнайы дыбыс шығады: сөз орамы немесе әріп. Оқушылардың өнертабысы 2018 жылы Саха Республикасында Халықаралық зияткерлік ойындар аясында «Yakutsk International Science Fair» халықаралық ғылыми конкурсында 5000 АҚШ доллары көлеміндегі бас жүлдені иеленді. Керең-мылқау адамдар ым тілінде сөйлеу арқылы оны телефонның көмегімен әдеттегі сөйлеу тіліне келтіре алады. Бір қолғаптың көмегімен 32 сөз орамын құруға болады, ал егер екеуін бірге қолданса, онда сөз орамдар саны 1024-ке дейін жетуі мүмкін.

Жараспай Мәжіт, Едірес Есет, Кеңесова Аружан – Ақтөбе қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10,11, 12-сынып оқушылары,** «Playground» - балаларды дамытатын интерактивті алаң объектісіне 2019 жылғы 25 қаңтардағы № 1467 ғылым туындысына авторлық куәлік иегерлері. «Playground» әліпбилік пернелерді қамтиды, олардың үстімен балалар секіріп, әр әріптің дыбысталуын естиді, әр перне атауы осы әріптен басталатын жануар немесе өсімдікпен бейнеленген, ал оларды смартфонды белгілі бір әріпке нұсқау арқылы толықтырылған шынайылық көмегімен көруге болады. Алаң карусель түріндегі генератормен жабдықталған, ол карусельді тікелей мақсаты бойынша пайдалануға ғана емес, сондай-ақ әліпби пернелері үшін жарықтандыру және қуат берумен қамтамасыз ету үшін қажетті электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

Үсенбаев Таир – Ақтөбе қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** «Заманауи қоғамдық дәретхана» объектісіне 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 1419 сәулет туындысына авторлық куәлік иегері. Аталған жоба заманауи, қарқынды дамып келе жатқан

қаланың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Автордың техникалық табысы арқасында қоғамдық дәретханаларды шаю автоматты түрде жүзеге асырылатын болады, ішінде суды қарқынды беретін шүмектер орнатылған және дәретхананы жарықтандыру бөлме ішіндегі адамдардың қозғалысына байланысты істейтін болады.

Сулейман Ислам – Павлодар қ. химия-биологиялық бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** «Sacred Tourism Kazakhstan» мобильді қосымшасы» объектісіне 2019 жылғы 9 қыркүйектегі № 5222 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Бұл жоба Павлодар облысының саяхатшылары мен қонақтарына тегін мобильді қосымшаны ұсынады, онда өңірдің тарихи көрікті жерлері туралы, жердің ыңғайлы спутниктік карталары, фотосуреттер, чат және басқа да байланыс құралдары арқылы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде толық ақпарат беріледі. Жоба ішкі туризмді дамытуға, Қазақстанға шетелдік туристерді тартуға ықпал етеді. Жоба авторы Сулейман Ислам Инновациялық Еуразия университетінің «Болашаққа қадам» ғылыми-практикалық конференциясында баяндама жасады. Түркияда өткен «Тіл, білім және мәдениет» халықаралық конференциясында «Жас зерттеуші» номинациясында жеңімпаз атанды. Оның жобасы аймақтық «Жылдың үздік стартап-идеясы» аукционында, «2019 жылдың жас ғалымы» халықаралық конкурсында танылып, 1-орынға ие болды. Ислам Оңтүстік Кореяның Тэджон қаласындағы Woosong университетінде және Sol Bridge Халықаралық бизнес-мектебінде оқуға 80% жеңілдік алды.

Муратбаев Дінмұхаммед – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы,** ҚР зияткерлік меншік институтымен берілген «Кения картасы» объектісіне 2019 жылғы 23 қыркүйектегі № 5416 топография, география бойынша авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. «Кения картасы» – механикалық жылжымалы бөліктері бар, панельдер түріндегі карта, онда ел мәдениеті, өңірдің табиғи жағдайлары, халықтың ландшафтық ерекшеліктері мен тұрмысы сипатталатын түрлі тақырыптар бойынша қызықты ақпараттар сақталуы мүмкін. Туынды оқу мақсаттарына арналған, сондай-ақ мектептерде география кабинетінің интерьер декорациясы ретінде пайдалануға болады. Картаның дизайны минималды болып келеді және ақпаратты қабылдау үшін ыңғайлы.

Рахматулла Ердәулет – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** «Онлайн сәулет қызметтеріне арналған «LINECUBE» ЖШС вебсайты» объектісіне авторлық құқық-пен қорғалатын объектілерге құқықтарды мемлекеттік тізілімге енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Вебсайт клиенттерден онлайн-тапсырыстарды қабылдайды, клиенттік деректер базасын сақтайды, компания сәулетшілерінің портфолиосын көрсетеді. Вебсайт қызметі жаңа пайдаланушыларды тіркеуді, деректер базасында аккаунттарды сақтауды, жүйелік әкімшінің кіруіне мүмкіндіктің болуын және авторизациялауды қамтиды, сайтқа суреттерді жүктеуге, мәтінді жазуға және тапсырыс бағасын көрсетуге болады. Пайдаланушы өз себетіне қандай да бір жобалардың белгілі бір санын қоса алады. Олар әкімшінің базасында анықталады. Бағдарламалау тілі – JavaScript, PHP, SQL.

Жахангер Диас – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** 2019 жылғы 02 қазандағы № 5575 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне «Zhannat Gold «ЭЕМ бағдарламасы» (зергерлік бұйымдар дүкені үшін деректер базасының автоматтандырылған жүйесі) объектісіне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Автоматтандырылған жүйе Delphi 2010 көмегімен жасалған, Microsoft Access деректер базасы бар автоматтандырылған жүйеге қосылған, ол жеке кәсіпкерлерге

арналған, кірістерді есептеу функцияларын және тауарлардың деректер базасын қамтиды.

Нәсір Азамат – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** 2019 жылғы 17 қазандағы № 5889 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне «Емхана пациенттеріне арналған автоматтандырылған «KereMed» мобильді қосымшасы («KereMed» мобильдік қосымшасы емханалар мен ауруханалардың пациенттерін тіркеудің автоматтандырылған жүйесі) объектісіне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Мобильді қосымша пациенттерге медициналық қызметтер тізімін, дәрігерлердің қабылдау кестесін қарауға, үйден шықпай-ақ дәрігердің қабылдауына жазылуға мүмкіндік береді. Қосымшаның жұмыс істеу қағидасы өте қарапайым: қосымшаға кірген кезде пациенттер тіркеуден өтіп, жүйеге кіре алады; дәрігерге жазылу пунктін таңдау керек, сосын күнін таңдау қажет; күнді таңдағаннан кейін экранда таңдауыңызға ұсынылған уақыт пайда болады (таңдалып қойған уақыт сұр түспен белгіленеді), пациенттер өзіне ыңғайлы уақытты таңдай алады. Нәтижесінде оларға электронды талон қолжетімді болады.

Амангелді Құралай – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы,** 2019 жылғы 11 қарашадағы № 6354 ғылыми туындыға авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне «Жеміс ұнтағы» объектісіне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Автор жемістердің барлық дәрумендерін сақтай отырып, төменгі температурада кептіру үлгісімен дәрумендерлген жеміс ұнтағын жасады. Жеміс ұнтағының көптеген артықшылықтары бар, мысалы, оны ұзақ сақтауға болады, ол үнемді, оны жемістер дәрумендер мен дәмдерді жинаған маусымда немесе кез келген ыңғайлы уақытта, әр жағдайда дайындауға болады. Ол балаларда да, ересектерде де болатын авитаминоз мәселесін шешуге көмектеседі және саяхатшылар үшін (әсіресе солтүстік және қуаң аймақтарда) таптырмайтын зат болады, өйткені жеміс ұнтағы жеңіл және ұзақ мерзімді болып келеді. Дәмдік сапасы бойынша ол пакеттелген табиғи шырыннан кем емес және адам денсаулығы үшін өте пайдалы.

Құрманғазы Айжан, Тоғай Әмина, Қабиева Ақмарал, Дәулеталина Дина – Ақтөбе қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары,** «DeRey» мобильдік қосымшасына авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегерлері. «DeRey» мобильді қосымшасы автоматты режимде шұғыл түрде құтқару қызметтерін шақыра алады. Қосымшаның міндеті – шұғыл көмек көрсету саласында болып жатқан барлық мәселелерді шешу.

Нұрлыбай Ақмерей, Шинбаева Аружан, Абдрахманова Назерке – Ақтөбе қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары,** 2019 жылдың 18 қарашасындағы № 6477 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне «Able To Live» мобильді қосымшасы» объектісіне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегерлері. «Able To Live» мобильді қосымшасы – нашар көретін адамдарға қоршаған ортаны көру мүмкіндігінің болмауы салдарынан туындайтын қиындықтарды жеңілдетуге және кеңістікте бейімделуге көмектесетін қосымша. Ол айналадағы нысандарды шамалап елестетуге, мәтіндік ақпаратты қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл арқылы сіз әлемді қарапайым және түсінікті қабылдай аласыз, көру функциясының бұзылуына байланысты шектеулерді айналып өтуге мүмкіндік туындайды. Қосымшаның негізгі артықшылығы оның жеңіл қолжетімділігі мен икемділігі болып табылады, яғни оны кез келген уақытта қолдануға болады және оның қызмет түрлері ауқымды болып келеді. Қосымша Android операциялық

жүйесі бар ұялы телефондарға арналған, Wi-Fi немесе мобильді интернет арқылы жұмыс істей алады, камераға қосыла алады және дауыс пәрмендерімен басқарылады.

Ковальчук Виктор – Қостанай қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы,** 2019 жылғы 3 қазандағы № 5593 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне «CVPen (ЭЕМ-ге арналған бағдарлама)» объектісіне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. CVPen «ActivePanel» интерактивті беткейін ұсынады, интерактивті тақтаның бұл технологиясын қымбат тұратын интерактивті жабдықтарды сатып алуға мүмкіндігі жоқ білім беру мекемелеріндегі кез келген қабырға бетіне қолдануға болады.

Беркінбаева Аяулым – Шымкент қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы,** «Anti-gasprotective programme «ЭЕМ-ге арналған бағдарлама» объектісіне авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтарының мемлекеттік тізіліміне 2019 жылғы 10 қазандағы № 5726 мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Anti-gasprotective programme немесе AGP – баламасы жоқ, қымбат емес, бірегей автоматтандырылған жүйе болып табылады, жүйе, мысалы, газбен жабдықтау сияқты кез келген жүйеде туындайтын жаңылыстардан хабардар етіп қана қоймай, сондай-ақ адамның араласуынсыз ақауларды автоматты түрде жоя алады. Осы жобаны тұрғын және өнеркәсіптік өндірістерде жаппай пайдалануға енгізудің арқасында газдармен улану жағдайларының толық төмендеуі күтілуде.

Кадиржанов Ерасыл – Қарағанды қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** 2019 жылғы 16 қазандағы № 5830 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне «Shezhire» мобильдік қосымшасы туралы мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. «Shezhire» мобильді қосымшасы биометриялық деректер негізінде генеалогиялық байланыстарды іздеу үшін құрылған, мысалы, Python тілінде нейрожелілерін қолдану арқылы бет геометриясы негізінде іздеу. Қосымшалардың серверлік және клиенттік базасы жұмысының негізгі алгоритмі ретінде координаттарды өңдеу әдістерімен компьютерлік көру алгоритмі таңдап алынды, оның тиімділігі ResNet ұю нейрожелілерін пайдалану есебінен артты. Алдын ала генеалогиялық ақпараты бар биометрия кешені мен дерекқорды пайдалану әлдеқашан тиімді іздестіруді жүзеге асыруға және 98% сенімділікпен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бағдарламалық шешім Қазақстанда болған генеалогиялық шежірелерді жүргізудің ауызша және жазбаша дәстүріне елеулі қосымша болып табылады және адамның этникалық және әлеуметтік өзін-өзі сәйкестендіру үдерістерін, мәдени таптаурындарды, ұлттық-мәдени құндылықтарды сақтау және табыстау үшін тарихи өткенді және қазіргі кездегі қабылдауды өзектендіруге бағытталған.

Тлеубаева Тания – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы,** «Сәби box «Стационарлы модулі» объектісіне 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6737 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Дизайн саласындағы туынды болып табылатын «Сәби box» стационарлық модулінің концепті Қазақстан қалаларының қоныстану аймағында емізуге қолайлы жағдай жасауға арналған және 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға балаларды дамытуға қолайлы жағдай жасау және денсаулық сақтау шығындарын азайту саласына үлес қосты.

Садуахасов Асылбек – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы,** әдеби шығарма болып табылатын «XX ғасырдың бас кезеңінде қазақ зиялыларының еңбектеріндегі

«Мәңгілік Ел» идеясы» объектісіне 2019 жылғы 08 қарашадағы № 6316 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. «Мәңгілік Ел» идеясы мәңгілік халық, мәңгілік мемлекет ретінде халқымыздың сан ғасырлық арманына негізделген. Қазақ халқының бүтін тарихы, сондай-ақ қазіргі уақыттағы Тәуелсіз Қазақстан тарихы – бұл көрші елдермен құрылған ынтымақтастық, келісім және бірлік, өзара түсіністік тарихы. Бейбітшілік пен теңдік үшін күрескен, өз халқының даналығының күшін мойындайтын және өз елінің болашағына үмітпен қарайтын адам ешқашан да өз халқының өткенін ұмытпайды.

Қасымбекова Мерей – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы,** ғылым туындысы болып табылатын «Пластиктің екінші өмірі – жолдар» объектісіне 2019 жылғы 04 желтоқсандағы № 6814 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес пластмассаны қайта өңдеу 2030 жылға қарай 40%-ды, 2050 жылға қарай 50%-ды құрауы тиіс. Мұндай жағдайда пластикалық жолдарды өндіріске енгізу мемлекет шығындарын қысқартып қана қоймай, елдің инфрақұрылымын жақсартады, қоқыс төгетін жерлердің көлемін азайтады.

Қасымбекова Мерей – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы,** әдебиет туындысы болып табылатын «Қазақстанның табиғи көрікті жерлеріне саяхат және дәреже функциясының туындысы. Математикалық ойын» объектісіне 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 7137 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Математикалық ойын қызықты және танымдық формада дәреже функциясының туындысын есептеуді бекітуге көмектеседі, Қазақстанның табиғи көрікті жерлерімен таныстырады.

Үштай Бекзада – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** ЭЕМ-ге арналған бағдарлама болып табылатын «FITNESS CLUB фитнесклубына арналған автоматтандырылған веб-сайт» объектісіне 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6114 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Бұл бағдарлама – фитнесклубтың автоматтандырылған веб-сайты. Веб-сайттың көмегімен клиенттер диетологқа жазыла алады, қызмет түрлерін көре алады, жеке ДМИ-ін есептей алады, клубтық карталар туралы ақпаратты көре алады, картаға өтінім жібере алады.

Сулеймен Мақсат – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** ЭЕМ-ге арналған бағдарлама болып табылатын «Zhennet текстиліне арналған автоматтандырылған база жүйесі» объектісіне 2019 жылғы 05 қарашадағы № 6251 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. «Zhennet» программалық жасақтамасы онлайн тоқыманың жұмысын автоматтандыру үшін құрылды. Бағдарлама мынадай мүмкіндіктерді ұсынады: қызметтерді көру, тоқыма салалары туралы ақпарат, тапсырысты рәсімдеу, жеткізу қызметіне хабарласу.

Бахибилла Нұрдияс – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** ЭЕМ-ге арналған бағдарлама болып табылатын «АЖС автоматтандыруға арналған программа» объектісіне 2019 жылғы 06 желтоқсандағы № 6861 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Программа Delphi программалау тілінде жасалған, оның тез игеруге болатын түсінікті интерфейсі бар:

АЖС кассирі қажетті литр мөлшерін немесе белгілі бір соманы енгізеді, бағдарлама жанармайды құю туралы ақпаратты автоматты түрде экранға шығарады және АЖС пистолеттеріне жібереді. Ыңғайлылық ретінде құйылымдар мен аккаунттар туралы деректер базасын бақылау мүмкіндігі қосылды.

Аубакиров Ернұр – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы,** ЭЕМ-ге арналған бағдарлама болып табылатын «ASTE (Automatic System of Testing and Education) мұғалімнің көмекші-жүйесі» объектісіне 2019 жылғы 15 қарашадағы № 6458 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды оңтайландыру мақсатында оқушыларды оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша бағалаудың автоматтандырылған жүйесі ұсынылады. Мұғалім оқушылардың жұмысын кілт сөздерді енгізу арқылы тексереді, тексеріс біткеннен кейін оқушы өз бағасын бірден көре алады.

Еділов Азат – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы,** әдебиет туындысы болып табылатын «Қазақстан тарихы бойынша олимпиадаға дайындалуға арналған тапсырмалар жинағы» объектісіне 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 7036 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегері. Жинақ оқушылардың кешенді дайындығына және олимпиада талаптарын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді, әрбір раундтың талаптарын, орындау уақытын, эссе тақырыбын, тест тапсырмаларын, блиц-болжамдар мен оқушыларға арналған нұсқауларын қамтиды. Тапсырмалар жинағы Назарбаев Зияткерлік мектептеріне, орта мектеп тарих мұғалімдеріне және оқушыларға пәндік олимпиадаға дайындалу кезінде пайдалы болады.

Егнай Жасын, Сапарғалиев Даниал – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7-сынып оқушылары,** әдеби шығарма болып табылатын «Дарабоз үстел ойыны» объектісіне 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 6936 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегерлері. «Дарабоз» үстел ойыны ұлттық жарыс түрінде – бәйге түрінде құрылған, онда ат пен бәйгеге қатысты барлық ұғымдар мен терминдер қолданылды. Ереже бойынша, ойыншы алдымен 2 раундта жарысты, кедергілерді жеңіп, мәрені өтуі керек. Ойынның негізгі мақсаты – ұлттық құндылық болып табылатын жылқыға қатысты барлық терминдер мен ұғымдарды зерттеу, ұлттық дәстүрлерді насихаттау.

Кенжебаева Айдана, Әли Самал – Ақтөбе қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары,** ғылыми жұмыс болып табылатын «FIRE FINDER» объектісіне 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 7377 авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы авторлық куәліктің иегерлері. «Fire Finder» құрылғысы – бұл орман және орманды дала (күзетілетін) аймақтарында өртті анықтауға, алдын алуға және ұялы желі арқылы жергілікті маусымдық от жағулар туралы ақпараттарды беруге бағытталған жоба.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАЙДАЛЫ МОДЕЛІНЕ ЖӘНЕ ӨНЕРТАБЫСЫНА АРНАЛҒАН ПАТЕНТТЕР

Маден Куаныш, Ильяс Абылай – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушылары,** ҚР зияткерлік меншік институтымен берілген 2019 жылғы 26 тамыздағы № 4256 «Құбыр тазалаушы робот» пайдалы моделіне патент иегерлері. «Құбыр тазалаушы робот» пайдалы моделі (канализациялық және мұнай құбырларын тазалауға қабілетті робот) мұнай айдайтын, канализациялық және өнеркәсіптік құбырлардың ішкі бетін ластанудың әртүрлі түрінен тазарту және санация жүргізуге арналған құрылғы болып табылады.

Сейткамзина Аяулым – Өскемен қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** «Тұқымдарды инкрустациялауға арналған Органикалық минералды препарат» өнертабысына 2019 жылғы 01 тамыздағы № __ патент иегері. Өнертабыс ауыл шаруашылығына (агроөнеркәсіп кешенінде) және биотехнологияға жатады. Бұл препарат тұқымдардың егістік қасиеттерін арттыруға арналған және өсімдіктердің өсуі мен дамуының тиімді реттегіші болып табылады, ол тұқым бетіне берік бекітіліп, ылғалды ортада ісінеді, микроэлементтердің иондарымен алмасуды жүргізе алады, металдардың өсімдіктерге түспеуін қамтамасыз ете отырып, топырақтан ауыр металдарды сорбциялауға қабілетті болып келеді. Препаратты қолдану өсімдіктердің өнімділігін арттыруға және экологиялық таза тамақ өнімдерін алуға мүмкіндік береді.

Беганцова Милана, Жұмабай Нұрбек – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2019 жылғы түлегі және 9-сынып оқушысы,** 2019 жылғы 5 қарашадағы № 4418 «Жүктемені басқару релесі» пайдалы моделіне патент иегерлері. Пайдалы модель өнеркәсіптік кәсіпорындардың кіріс автоматын шамадан тыс жүктеме бойынша сөнуін болдырмауға арналған. Бұл үшін реледе тұтынылатын тоқ өлшенеді, оны өзі арқылы өткізіп, тікелей немесе контактор арқылы жүктеме желісін ауыстыратын, жүктемені басқаруға қабілетті басқару контактілері бар. Тікелей немесе контактор арқылы басқарылатын контактілер аккумулятор зарядының дәрежесіне байланысты жүктеме деңгейлері арасында біртіндеп ауысуды қамтамасыз етеді.

Сарсикеев Куаныш, Пархомчук Алина, Орел Даниил – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 9-сынып оқушылары және 2019 жылдың түлегі,** 2019 жылғы 5 қарашадағы № 4429 «Күннің орналасу датчигі» пайдалы моделіне патент иегерлері. Орбиталық ғарыш станцияларының бортында жер бетінің берілген нүктесінің үстінде орындалатын көптеген зерттеулер мен эксперименттер күннің дәл орналасуын біліп қана қоймай, сонымен қатар орбиталық станцияның берілген нүктеге жақындау сәтінде оны болжауды да талап етеді. «Күннің орналасу датчигі» пайдалы моделі жер серігі орбитасы бойынша ұшатын ғарыш аппаратының бортындағы ғарышкерлерге нақты уақыт режимінде құралдың алдыңғы панеліне көз жүгірте отырып, аппараттың жүру жолында берілген географиялық нүктеде көкжиек үстіндегі күннің ағымдағы биіктігін жедел анықтауға мүмкіндік береді.

Талапов Азиз – Орал қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебі, 2019 жылдың түлегі,** 2019 жылғы 1 қазандағы № 33937 «Электр шығуымен жасанды ойлы-қырлылық» өнертабысы үшін патент иегері. Өнертабыс электр техникасы саласына жатады және «жылдамдықты бәсеңдеткіштер» тұрған жерлерде автокөлікті жылжытудың электрлік механикалық энергиясын түрлендіру арқылы автобус аялдамаларында тұтынушыларды электрмен қоректендіруге арналған. Электр генераторының ұсынылған нұсқасының маңызды айырмашылығы – конструкцияның ең жоғары қарапайымдылығы мен сенімділігінде, сондай-ақ «жылдамдықты бәсеңдеткіштердің» құрамында пайдалану кезіндегі қолайлы массалық-габариттік сипаттамалар болып табылады. Құрылғының жоғары энергетикалық

тиімділігі жоғары қалдық магниттілігі бар тұрақты магниттерді пайдалану есебінен қамтамасыз етілген.

Киреева Азиза, Жанымханов Алихан, Якубова Эльнара – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8, 11-сынып оқушылары,** 2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 4317 «Ешкі сүтінен қышқыл сүт сусынын өндіру тәсілі» пайдалы модель үшін патент иегерлері. Жобаның мақсаты: ашытқының оңтайлы түрін анықтау және ешкі сүтінен қышқыл сүт өнімін өндірудің оңтайлы технологиясын әзірлеу. Авторлар ешкі сүтінен йогурт өндіру технологиясын ұсынады.

Сиязбаева Мөлдір – Семей қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы,** 2019 жылғы 3 маусымдағы № 1007749 «Кейбір жеміс-жидек өсімдіктерінің құрамындағы флавоноидтар» пайдалы моделі үшін патент иегері. Автор өзін химия, биология салаларындағы ғылыми зият және эрудициясы бар бастамашыл, шығармашыл зерттеуші ретінде көрсетті. Ол жұмыстың тәжірибелік кезеңінде қойылған міндеттердің шешімін тапты, зерттеу объектілерін талдау бойынша нақты деректерді келтіріп, жобаның тәжірибелік бөлігін, химиялық есептеулерді, нәтижелерді талдады, және өсімдік флавоноидтары негізінде бірегей фито-композицияны ұсынды.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ГРАНТТАРЫ

2019 жылы үздік стартап-жобалар мен идеялардың авторлары болып табылатын 49 оқушы Республикалық және Халықаралық инновациялық идеялар конкурстарының жалпы сомасы 8 013 700 теңге болатын гранттарға ие болды (29.11.2019 ж. бойынша).

Зияткерлік мектептер оқушыларының гранттарын жылдарға бөлу

Жыл	Оқушылардың саны	Гранттың жалпы сомасы, теңге
2013	2	120 000
2014	1	120 000
2015	8	1 185 660
2016	6	442 149
2017	18	19 152 600
2018	11	5 382 640
2019	49	9 013 700
Барлығы	95	34 416 749 теңге

АҚШАЛАЙ ГРАНТТАРДЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ

Дудченко Любовь – Алматы қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы.** 2019 жылы 11 қаңтарда «Astana Hub» халықаралық технопаркінде ұйымдастырылған «Nurintech-2019» инновациялық жобалар республикалық жастар конкурсында **1-орын алды және «Нұр Отан» ХДП-ның 1 000 000 теңге көлеміндегі грантын иеленді.** «JoARney» стартап-жобасы туристік кластерді дамытуға және Алматыдағы тау туризміне назар аударуға бағытталған, автор мобильді қосымшада таулы жерді құрып, оны визуалды толықтырылған шынайылықпен қамтамасыз етті.

Сиранов Жаңгір, Манабаев Жәнібек – Алматы қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушылары.** 2019 жылы 11 қаңтарда «Astana Hub» халықаралық технопаркінде ұйымдастырылған «Nurintech-2019» инновациялық жобалар республикалық жастар конкурсында 2-орын алғаны үшін «Нұр Отан» ХДП-ның **500 000 теңге көлеміндегі грантына ие болды.** «Safe & Sound» Стартап-жобасы құлаққапты пайдаланушылар үшін жолдағы қауіпсіздік мәселесін шешуге бағытталған, «Safe & Sound» мобильді қосымшасы құлаққаптағы дауыс қаттылығын көлік жақындағанда төмендетуді ұсынады. «Ұлы дала мұрагерлері» мерейтойлық форумында еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев оқушылардың әзірлемесін өзі бағалады.

Арсений Кан – Атырау қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы.** 2019 жылы 11 қаңтарда Нұр-Сұлтан қаласында «Astana Hub» халықаралық технопаркінде ұйымдастырылған «Nurintech - 2019» инновациялық жобалар республикалық жастар конкурсында **3 орын алғаны үшін «Нұр Отан» ХДП-ның 250 000 теңге көлеміндегі грант иегері.** «Smart Lights» стартап-жобасы деректер алмасу экожүйесіне бағытталған және деректерді жарық арқылы табыстау мүмкіндігін ұсынады, болашақта қолданыстағы Wi-Fi сымсыз интернет желісін алмастыра алады.

Туленов Дияр – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы, 200 АҚШ доллары көлеміндегі Грант иегері, математика, физика және информатика бойынша XV Халықаралық Жәутіков олимпиадасында физикадан алтын медаль иегері,** Алматы қ., ҚР, 2019 жылғы 9-14 қаңтар.

Ақжол Ернұр – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы.** 2019 жылдың 03 ақпанында Шымкент қаласының әкімдігі және «Шымкент-ӘКК» қолдауымен ұйымдастырылған, «U:Hack 2019» Жастар инновациялық идеялар фестивалінде «Контент және медиа» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін **250 000 теңге көлеміндегі грантын иеленді.** «Doge Komek» Стартап-жобасы SAT/IELTS сабақтарын өткізуге және халықаралық мұғалімдермен кездесу ұйымдастыру арқылы білім беру саласында жоғары сынып оқушыларына қолдау көрсетуге бағытталған.

Ли Альберт, Кушерова Сымбат, Қаппар Ердаулет, Яценко Кристина – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушылары.** 2019 жылы 03 ақпанда «Шымкент-ӘКК» қолдауымен және Шымкент қаласының әкімдігі

ұйымдастырған «U:Hack 2019» Жастар инновациялық идеялар фестивалінде «Кәсіпкерлік» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін **170 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.** «Sky Walker» стартап-жобасы мегаполистердің биік ғимараттарындағы терезелері мен витраждарын жууға арналған роботталған жүйені ұсынады.

Абдулхамитова Асем, Юртаева Есения, Саип Ақнұр – Шымкент қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушылары.** 2019 жылдың 03 ақпанында Шымкент қаласының әкімдігі және «Шымкент-ӘКК» қолдауымен ұйымдастырылған «U:Hack 2019» Жастар инновациялық идеялар фестивалінде «Контент және медиа» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін **100 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.** «Shymkent Street-art» Стартап-жобасы мегаполистің жаяу жүретін көшелері үшін жасампаз шешім ұсынады.

Байдәулет Азамат – Ақтау қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы.** 2019 жылы 27 сәірде Ақтау қ. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Маңғыстау облыстық филиалы, «MKS Logistics» ЖШС, «Mediana» IT-компаниясы, «EXPO&WOMEN», «Евровояж-Ақтау» турагенттігінің және «ТЕТИС» ЖШС, «MAÑGYSTAÚ» телеарнасының қолдауымен және Облыстық білім басқармасы ұйымдастырған «Caspian Startup-2019» Өңірлік конкурсында «Агробизнес» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін **350 000 теңге көлеміндегі грант иегері.** «Шаш пен тырнақ тыңайтқышы» стартап-жобасы тырнақ пен шашты өсімдіктерге тыңайтқыш ретінде пайдалануды ұсынады.

Игнатов Родион, Надирханова Айжулдыз – Ақтау қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10 және 11-сынып оқушылары.** 2019 жылы 27 сәірде Ақтау қ. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Маңғыстау облыстық филиалы, «MKS Logistics» ЖШС, «Mediana» IT-компаниясы, «EXPO&WOMEN», «Евровояж-Ақтау» турагенттігінің және «ТЕТИС» ЖШС, «MAÑGYSTAÚ» телеарнасының қолдауымен және Облыстық білім басқармасы ұйымдастырған «Caspian Startup-2019» Өңірлік конкурсында «IT» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін **350 000 теңге көлеміндегі грант иегері.** «UAR Studying» білім беру сипатындағы стартап-жоба.

Есбергенова Дана – Ақтау қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы.** 2019 жылы 27 сәуірде Ақтау қ. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Маңғыстау облыстық филиалы, «MKS Logistics» ЖШС, «Mediana» IT-компаниясы, «EXPO&WOMEN», «Евровояж-Ақтау» турагенттігінің және «ТЕТИС» ЖШС, «MAÑGYSTAÚ» телеарнасының қолдауымен және Облыстық білім басқармасы ұйымдастырған «Caspian Startup-2019» Өңірлік конкурсында «Туризм» номинациясы бойынша жеңіске жеткені үшін **350 000 теңге көлеміндегі грант**

иегері. «Қалалық сулы-батпақты алқаптар антропогендік әсерге төзімді экожүйе моделі ретінде (Қаракөл көлі мысалында)» стартап-жобасы өңірдегі экотуризмнің дамуын ұсынады.

Сидорова Лила, Исмагилова Дария – Алматы қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7-сынып оқушылары.** 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта кіші санатты «Робо-кросс» номинациясы бойынша **1-орын алғаны үшін 30 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Даиров Сұлтанғазы, Сарсенбаев Тимур – Алматы қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары. 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «WRO футбол» номинациясы бойынша **1-орын алғаны үшін 30 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Нурбек Найман, Марлен Сейтжан, Бағдат Абылай – Алматы қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары.** 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «Мини Сумо» номинациясы бойынша **1-орын алғаны үшін 30 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Дудченко Любовь, Смагулова Диана, Шуриева Медина – Алматы қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары. 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «American Space» номинациясында «IT бизнес жоба» номинация жобасы үшін **20 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Куантхан Алибек, Курасбек Дана, Айып Абылай – Алматы қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары. 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «Бағдарламалы өнім» номинациясында «The Little Story» (ойындарды әзірлеу) жобасы бойынша **1-орын алғаны үшін 30 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Игенов Темирлан, Нүсіпбек Нұрбек – Алматы қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары. 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «Қосымшалар мен веб-сайттарды әзірлеу» номинациясында «Халыққа көмек» жобасы бойынша **2-орын алғаны үшін 20 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Нуржакып Дархан, Артемов Анвар – Алматы қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары. 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «Бағдарламалы өнім» номинациясында «Darkgression» жобасы бойынша **1-орын алғаны үшін 30 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Сапарали Бернар, Мақсат Магжан – Алматы қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары. 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «IT бизнес жоба» номинациясында «Clever Crutch» жобасы бойынша **3-орын алғаны үшін 30 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Бейсенбек Ернұр, Жылқыбай Айсен – Алматы қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары.** 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «IT бизнес жоба» номинациясында «Smart Check» жобасы бойынша 3-орын алғаны үшін **30 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Алиева Инкара, Нұртазина Эльдана – Алматы қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушылары. 2019 жылдың 27 сәуірінде Білім басқармасының қолдауымен Алматы қаласы Әкімінің кубогына робот техникасы және инновациялық технологиялар бойынша VI Ашық чемпионатта жоғары санатты «IT бизнес жоба» номинациясында «Application Bala» жобасы бойынша **3-орын алғаны үшін 30 000 теңге көлеміндегі грант иегерлері.**

Кисикова Амина – Қарағанды қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушысы.** 2019 жылдың 10 мамырындағы. Қарағанды қ., 2019 жылдың 10 мамырында «Сарыарқа болашағы – 2019» Жастар арасындағы инновациялық идеялар мен әзірлемелер конкурсында (оқушылар, колледж және ЖОО студенттері) «1-9-сынып оқушылары арасындағы үздік инновациялық жоба» номинациясында **1-орын алғаны үшін 500 000 теңге көлеміндегі грант иегері.** «Үлкен шығынсыз электр энергияны жабдықтау» тақырыбындағы стартап-жоба күн панельдерін пайдалану есебінен электр энергиясының тұтынуын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Өмірзақов Ержан, Данаева Ляззат – Ақтөбе қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушылары. АҚШ Елшілігінің CAFAW грантына арналған онлайн-конкурсында «Clean Hill» номинациясындағы жеңісі үшін **250 АҚШ доллары көлеміндегі грант иегері.** «Clean Hill» жобасы (таза белес) экологиялық мәселелерді шешуге, Ақтөбе қаласы мен Ақтөбе облысының ластануына жұртшылықтың назарын аударуға, еріктілер қозғалысын ілгерілетуге бағытталған. Оқушылар «Таза Өзен – Чистая Река» еріктілерімен бірге жергілікті экосөмкелер брендін құрып, олармен жергілікті супермаркеттерді қамтамасыз етіп, пластиктерге арналған полигон жасап, пластик жеуге қабілетті балауыз күйесі құрттарын көбейтуді ұсынды. Сонымен қатар оқушылар қала мектептері арасында қоқысты бөлу бойынша жарыстар өткізуді жоспарлап отыр.

Тоқтағанов Тұрлыхан – Павлодар қ. химия-биология бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы.** 2019 жылы 16 тамызда, Павлодар қ., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетімен бірлесіп Astana Hub ұйымдастырған «Заманауи ақпараттық технологиялар және бизнес» IT-форумы негізінде ХАКАТОН халықаралық IT бағдарламалау конкурсында жеңіске жеткені үшін **500 000 теңге көлеміндегі грант иегері.** «Aredu-балаларды AR технологияларының көмегімен оқыту» стартап-жобасы балаларды оқыту үшін қосымша шынайылықты (Augmented Reality немесе AR) пайдаланудың, нақты физикалық әлемді компьютерлік құрылғыларды пайдалана отырып шынайы уақыт режимінде цифрлық және графикалық деректермен толықтырудың нұсқаларын ұсынады.

Кенжебек Дарын – физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы.** 2019 жылы 16 тамызда, Павлодар қ., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетімен бірлесіп Astana Hub ұйымдастырған «Заманауи ақпараттық технологиялар және бизнес» IT-форумы негізінде ХАКАТОН халықаралық IT бағдарламалау конкурсында жеңіске жеткені үшін **300 000 теңге көлеміндегі грант иегері.** «EasySORT» (Оңай сұрыптау) стартап-жобасы қоқысты сұрыптаудың автоматтандырылған жүйесін ұсынады, оның негізінде қоқыс түрін анықтау үшін нейрожелі қолданылады, қазіргі уақытта қоқысты сұрыптау қолмен жүргізіледі,

бұл көп уақытты, ақшалай шығындар мен жұмыс күшін қажет етеді.

Марам Арлан – Көкшетау қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы.** Astana Innovations Challenge 2019, Startup weekend «жасыл» технологиялардың инновациялық конкурсында «Желдік-магнитті турбина» жобасы бойынша **3-орын, 200 000 теңге көлеміндегі грант және арнайы жүлде иегері** (Investment Readiness Program бағдарламасы бойынша тегін оқыту айы «Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығы» КЕАҚ): GreenTech, 6-8 қыркүйек 2019 жыл, Нұр-сұлтан. Бұл іс-шара Astana Innovations Challenge стартап жобаларының ауқымды байқауының аясында өтті. Желдік-магнитті турбина инновациялық өнертабыс болып, электр энергетика саласына жатады, ол электр энергия құнын 50%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді, шағын ғимараттарды, тұрғын шағын аудандарды, өндірістік және өнеркәсіптік объектілерді қауіпсіз электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін пайдалануға болады.

Дана Құрманбек – Тараз қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы.** 2019 жылдың 24-26 қазан күндері Жамбыл облысының Тараз қаласында өткен «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының стартап-жобалар конкурсында «Сүт өнімдерінің қалдықтарынан құрғақ сүт сарысуын алу» стартап-жобасы үшін **2 000 000 теңге көлеміндегі грант иегері.** Қазақстан құрғақ сүт сарысуын Ресей және Белоруссиядан тасымалдайды, оны өнімдердің 150-ден астам түрін шығаруда пайдаланады, оларға косметикалық және фармацевтикалық құралдар, шұжық және кондитерлік өнімдер, балмұздақтың алуан түрлері жатады, осылай автор өңірдегі сүт өнімдерінің қалдықтарынан құрғақ сүт сарысуын өндіруді ұсынады.

Бурибаева Малика – Алматы қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы. 2019 жылғы 18-19 қараша, Нұр-сұлтан қ. «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен «Жас Ұлан» ББЖҰ» РҚБ «Eco Startup» экологиялық стартап-жобалардың халықаралық конкурсында «ЭКО-стартаптың үздік прототипі» номинациясы бойынша экология саласындағы үздік стартап-жобасы үшін **750 000 теңге көлеміндегі грант иегері.** Конкурс жеңімпаздары екі номинация бойынша анықталды: Эко-стартаптың үздік идеясы және Эко-стартаптың үздік прототипі, жүлде қоры 1 500 000 теңге.

«Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» «Жастар арасында әлеуметтік жауапкершілікті және экологиялық мәдениетті тәрбиелеу саласындағы жобаларды іске асыру» гранты аясында Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ «Eco Startup» экологиялық стартап-жобалардың халықаралық конкурсын өткізді. «Eco Startup» конкурсы экологияны сақтау бойынша идеяларды анықтау және ілгерілету үшін ұйымдастырылды.

Жыл серпіні: Иван Крепак – Қазақстанның жаңа тұлғасы

Иван Крепак – Алматы қ. физика-математика бағытындағы **Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы,** 2019 жылдың түлегі. 18 жастағы «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» жобасының жеңімпаздары қатарына кіру – үлкен жетістік.

Иван Крепак бұл дәрежеге өзінің робот техникасы саласындағы қол жеткізген жетістіктері, көптеген олимпиадалардағы жүлделі орындары, өзі дайындаған мобильді қосымшалардың әзірлемелері арқылы жетті. Иван Крепак бала кезінен бастап биологиямен қатар бағдарламалаумен де шұғылданды. Иванның барлық әзірлемелері адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Оның сүйікті әзірлемелерінің бірі – «block» Ақылды Құлып әзірлемесі, онымен смартфон арқылы шкафты ашуға болады. Жоба Силикон алқабынан «Үздік бизнес-идея» марапатына ие болды.

Иван Крепак, НЗМ оқушысы: – 2017 жылы мен «Factorial Incubator»-ға оқуға өтінім бердім. Бұл инкубаторда бізді мобильді қосымша жасауға үйретті. Сонда мен өз мәселемді шеше алатын қосымшаны жасауға бел будым. Мобильді қосымша «Zharys» деп аталады – бұл орыс тіліне «соревнование», «игра» деп аударылады. Егер бұл мобильді қосымшаны жүктеп алсаңыз, онда ол арқылы ең жақын арада болатын жарыстардың тізімін көре аласыз. Иван әрдайым өз білімімен бөлісуге дайын. Екі жыл бойы ол мобильді қосымшалар жасау жобасына қатысушыларға «Technovation» тәлімгері болып, көмек көрсетіп келеді. Иванның туған елінен кетіп қалу ойында жоқ. Ол өз жобаларын коммерциялық мақсатта пайда көзіне айналдыру үшін ғана емес, сондай-ақ ел экономикасына өз үлесін қосып, қоғамға пайда әкелу үшін жасауды жоспарлап отыр.

Иван Крепак – робот технигі, мобильді қосымшаларды әзірлеуші және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы маман, робот техникасы мен компьютерлік технологиялар бойынша көптеген олимпиадалардың жүлдегері, қазіргі кезде «Ақпараттық қауіпсіздік» мамандығы бойынша Astana IT University 1-курс студенті, кибер-қауіпсіздік және көп деректер саласында жоғары білікті маман болуды армандайды.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕР ТАРИХЫ

Дана Құрманбек – Жамбыл өңірінің үздік стартап-жобасының авторы

Тараз қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы, Дана Құрманбек, 2019 жылдың қазан айында Жамбыл өңірінің кәсіпкерлер конкурсында сүт өнімдерінің қалдықтарынан құрғақ сарысуды өндіру бизнес-жобасын іске асыруға екі миллион теңге көлемінде Грант ұтып алды. Оның стартап-жобасын Жамбыл өңірінде «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қолдаған болатын.

Әлемдегі кондитерлік өнеркәсіпті дамытудың жаңа бағыты сүт сарысуынан жасалған өнімдерді қолдану болып

табылады. Кондитерлік өнімдерге сүт сарысуын енгізу олардың сапасы мен дәмін жақсартады. Сүт сарысуы ірімшік, сүзбе, казеин өндіру кезінде жанама өнім болып табылады және екінші сүт шикізатына жатады. Сарысуға сүттің барлық тұздары мен микроэлементтері өтеді. Сүт сарысуының құрамында алмастырылмайтын амин қышқылдары (аргинин, гистидин, метионин, лизин, треонин, триптофан, лейцин), сондай-ақ сүт, лимон, нуклеин, сірке суы, құмырсқа, пропион, май қышқылдары бар. Өзінің түп негізі бойынша сүт сарысуының ақуыз заттары қан ақуыздарына жақын болып келеді (альбумин және глобулин), олардың кейбір фракциялары иммундық қасиеттерге ие болады.

Біздің елімізге құрғақ сүт сарысуы Ресей мен Белоруссиядан импортталады. Елдің кондитерлік өнеркәсібіндегі негізгі шикізат ресурстарын үнемдеудің маңызды қоры жергілікті және дәстүрлі емес шикізат түрлерін пайдалану болып табылады. Дана өз мектебінің базасында жобаны іске асыру бойынша бизнес-жоспар әзірледі. Оның идеясы өңір экономикасының одан әрі дамуына қомақты үлес қосатынына сенім артады.

Дана конкурсқа қатысушылардың арасында ең кішісі болды, оның жасы 18-де ғана болды. Онымен бірге конкурсқа тәжірибелі кәсіпкерлер қатысты. Ұйымдастырушылардың ақпараты бойынша, конкурсқа жалпы 250 өтінім келіп түсті. Жобалар бизнес-идеялардың жаңашылдығы, бизнестің бәсекеге қабілеттілігі мен дайындығы критерийлері бойынша бағаланды. Конкурстық комиссияның құрамына Назарбаев Университетінің, қала тұрғындарын жұмыспен қамту орталығының, қоғамдық ұйымдардың, Кәсіпкерлер палатасының өкілдері, түрлі кәсіпорындардың жетекшілері мен бизнесмендер кірді.

Қазақстанның жаһандық киберқауіпсіздік индексі (GCI) Дильназ Тұрсынбекованың қолында

Тараз қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы, Дильназ Тұрсынбекова, Таяу Шығыс, Солтүстік Африка және Орталық Азия елдерінің АҚШ Мемлекеттік департаментінің білім беру және мәдени бағдарламалар Бюросының ғылым, технология, инженерия және математикаға қызығушылық танытатын жоғары сынып оқушыларына арналған «TechGirls 2019» бағдарламасына қатысты.

TechGirls 2019 бағдарламасы – Таяу Шығыс және Солтүстік Африка және Орталық Азия елдерінен 15-17 жас аралығындағы қыздардың жоғары білімді жалғастыруға және практикалық дағдыларды дамыту арқылы ғылым және технологиялар саласында мансап құруға ұмтылысын қолдауға бағытталған жыл сайынғы, қарқынды төрт апталық бағдарлама. Бағдарлама бүкіл әлемдегі әйелдер мен қыздардың мәртебесін арттыруға, STEM білім беруді дамытуға, сондай-ақ АҚШ пен Таяу Шығыс және Солтүстік Африка, сондай-ақ Орталық Азия жастары арасындағы достық байланыстарды нығайтуға және өзара түсіністікті тереңдетуге бағытталған.

Конкурсқа қатысушыларды іріктеу критерийлерінің ішінде технологиялар, инженерия, математика, жоғары білімді жалғастыруға және технология саласында мансапты құруға ұмтылу, ағылшын тілін жақсы білу, дербестік, икемділік және жаңа тәжірибеге ашықтық, бағдарламаны аяқтағаннан кейін қоғамдастық игілігі үшін қызметті орындауға дайындық сияқты дағдылар мен қызығушылық болды.

Дильназ Қазақстан бойынша 6 финалистің біреуі болды.

Бағдарлама 2019 жылдың 5-31 шілде аралығында өтті. Дильназ Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстанның және Өзбекстанның 24 қатысушысымен бірге Тринити Вашингтон (Колумбия округі) және Блэксбург қ. (Вирджиния штаты, АҚШ) Вирджиния технологиялық университеттерінде 12 күн өткізді, онда олар Python бағдарламалау тілінде жұмыс істеуге үйреніп, киберқауіпсіздік бойынша курс өтіп, интерактивті зертханаларда белсенді тәжірибе жасады. Сонымен қатар қатысушылар Колумбия округінде

технологиялық компаниялар, алдыңғы қатарлы емдеу клиникаларында болды, көшбасшылық, қоғамға қызмет ету, мәдениетаралық ынтымақтастық, жобаны жоспарлау және практикалық білімді дамыту тақырыбына арналған семинарларды тыңдап, Вирджиния американдық отбасыларымен демалыс күндерін өткізді.

Алмасу бағдарламасы барысында Дильназ қоғамда белгілі бір мәселелерді шешу үшін жобаны орындау жоспарын құрды. Қазіргі уақытта Дильназ өз мектебінде «Киберқауіпсіздік және бағдарламалау» жобасын жүзеге асыруда.

2019 жылдың 31 қазанында басталған Дильназдың жобасы ағымдағы жылдың 28 қарашасына дейін жалғасады. Жобаның ұзақтығы – 5 апта. Дильназдың жобасының мақсаты – мектеп оқушыларының IT-технологияларға деген қызығушылығын арттыру. Қазір Дильназ 8-сынып оқушыларын компьютер ойындарын, өзінің фоторедакторы мен кибер-қауіпсіздік негіздерін құруға үйретеді.

Ғабитова Диляра – Азияның жаңадан асқақтаған жұлдызы

Атырау қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы, Ғабитова Диляра, 2019 жылдың сәуір айында Шри-Ланка қаласында өткен юниорлар арасындағы Азияның шахмат чемпионатында күміс медальді жеңіп алды. Азия турнирінде Диляра блиц, рапид және классика санаттарында тамаша нәтиже көрсетті. Asian Chess Championship-2019 халықаралық турниріне әлемнің 20 елінен 572 ойыншы қатысты. 18 жасқа дейінгі жас шахматшылардың Азия чемпионаты Калутара қаласында өтті.

2019 жылдың 17-24 тамызы аралығында Венада (Австрия) жыл сайынғы «ВЕНА ОПЕН 2019» шахмат фестивалі өтті. Оған әлемнің 53 елінен 409 шахматшы қатысты. Ғабитова Диляра еліміздің намысын қорғап, 9 айналымда 6 ұпай жинап, өзінің жас санатында қола медаль жеңіп алды. Турнир рейтингілік болды, нәтижесінде Диляра әлемдік рейтингте 176 тармаққа көтерілді.

Диляра шахмат теориясына көп уақыт бөледі, оны халықаралық шебер Жәнібек Аманов жаттықтырады, ол Диляраның еңбекқорлығы мен шахматқа деген байыпты көзқарасы оны FIDE шебері дәрежесіне жеткізеді деген сенім білдіруде. Қазіргі уақытта Диляра шахматтан спорт шеберлігіне үміткер.

Дияр Төленов – Нобель сыйлығының болашақ иегері

Дияр Төленов, қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы физика пәнінен алтын медаль иегері, бұл оның 2019 жылдың 9-14 қаңтар аралығында

Алматы қаласында өткен XV Халықаралық Жәутіков олимпиадасындағы екінші жеңісі. Зияткерлік сайыстарға әлемнің 18 елінен 500-ден астам бала қатысты, бұл 80-нен астам команда, оның ішінде физикадан 155 оқушы қатысты.

Дияр Төленов – 2019 жылдың 5-13 мамыр аралығында Австралиядағы Аделаида қаласында өткен Азия физикалық олимпиадасының қола медаль иегері. Олимпиадаға әлемнің 22 елінен келген командалар, Бангладеш, Камбоджа, Қытай, Үндістан, Индонезия, Израиль, Малайзия, Моңғолия, Пәкістан, Румыния, Ресей, Сингапур, Шри-Ланка, Сауд Арабиясы, Түркия, Таиланд, Тайвань, Вьетнам өкілдері қатысты. Физикадан Азиялық олимпиада жыл сайын 2000 жылдан бастап 19 жыл бойы өткізіледі. Сайыс қорытындысы бойынша 8 оқушыдан тұратын Қазақстан құрама командасы 3 қола медальға ие болды, олардың ішінде Диярдың марапаты бар.

2018 жылдың желтоқсанында Дияр Қазақстанның ең мықты физиктерінің сегіздігіне кірді. Ол үшін физика бойынша олимпиадалар – физика саласындағы ғылыми зерттеулерге жол ашатын өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі жетілдірудің, өзін-өзі танытудың бірегей тәсілі деп есептейді. Дияр материалдар физикасын қызыға зерттеуде, ал бұл саланың басты мақсаты микророботтар мен ғарыш кемелерін салу үшін инновациялық материалдарды іздеу болып табылады, және ол болашақта әлемді жақсы жаққа өзгертетін жаңа материалдарды жасауға үлес қосатынына сенімді.

2019 жылдың 27 сәуірінде Павлодар қ. химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне сапары барысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Дияр Төленовке алдағы уақытта Нобель сыйлығының иегері атануына тілек білдірді. Жас физик өз арманын іске асыруға ниетті.

2018 жылы Дияр достарымен «Қолдау» атты жоғары сынып оқушыларының мектеп клубын ұйымдастырды, онда олар төменгі сынып оқушыларымен әртүрлі пән салаларынан білім, дағдыларымен бөліседі.

Дияр жетекші жоғары оқу орындарының білім гранттарының иегері: Экономика Жоғары Мектебі (Ресей), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Назарбаев Университеті және Қазақстан-Британ университеті (ҚБТУ).



Ковальчук Виктор – интерактивті мектеп тақтасына арналған бағдарламалық жасақтама патентінің авторы

Біз ұлы жетістіктер мен жаңалықтар дәуірінде өмір сүреміз. Ғылым адамзатқа бұрын-соңды дәл бүгінгідей қолжетімді болған емес. Кез келген ниетіңізді іске асырудың миллион мүмкіндіктері мен тәсілдері бар. Тіпті ең бір қисынсыз ниетіңізді іске асыруға болады.

Қостанай қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы, Ковальчук Виктор, ҚР Әділет министрлігінің «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК берген «Интерактивті мектеп тақтасын құру үшін бағдарламалық жасақтаманы және құжаттаманы әзірлеу» объектісіне мемлекеттік құқық тізіліміне енгізу туралы куәлік алды.

Ұсынылып жатқан интерактивті тақтаның осы технологиясы, қымбат тұратын интерактивті жабдықтарды сатып алуға мүмкіндігі болмайтын білім беру мекемелеріндегі кез келген беткейге қолдануға болады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФЕРМЕРЛЕР GPS ТРЕКЕРЛЕРІН ТЕГІН АЛДЫ

2019 жылдың 8 шілдесінде Алматыда Қазақстан фермерлеріне малды бақылау құрылғыларын табыс ету салтанатты рәсімі өтті. Samsung және корей стартап-тобы Lives'talk Алматы облысының малшыларына 50 GPS трекерін сыйға тартты.

Lives'talk командасының көшбасшысы Юн Янгчен жергілікті әкімдіктердің өкілдеріне, фермерлер мен инвесторларға жоғары технологиялық шешім ұсынды. Салтанатты шараның арнайы қонағы Тараз қ. Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры Талғат Байназаров болды. Оған да алғыс ретінде құрылғы табыс етілді.

Естеріңізге сала кетейік, Тараз Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушылары **Бекнұр Қалмаханбет пен Дәурен Теңелбаев** GPS Tracker-ді электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін арнайы желілік генераторды ойлап тауып, құрылғыны жетілдірді. Осы жылдың сәуір айында Тараз қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мен Lives'Talk стартап-компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум ғылым саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың, атап айтқанда фермерлерге арналған GPS трекермен жұмыс істеудің жаңа болашақ мүмкіндіктерін ашты. Жақын арада құрылғы авторлары оны елдің 200-ден астам мал өсірушілеріне беруді жоспарлап отыр.



«ЖЕТІСУ» ЖАПОНИЯНЫ БАУРАП АЛДЫ

Талдықорған қ. физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7-сынып оқушысы, **Даир Серік**, Канагава префектурасында өткен «Childrens Museum of Art» балалар суреттерінің XX халықаралық конкурсында «Канагава сыйлығы» номинациясы бойынша жеңіске жетіп, өзінің шығармашылық жұмысы – «Жетісу – менің туған өлкем» пейзажын ұсынды. Бұл онлайн конкурсқа әлемнің 90-нан астам елінен келген жас суретшілер, Еуропа, Африка, Азия, Америка және Мұхит елдерінің өкілдері қатысты. Серік саксофонда, фортепиано, блок-флейтада ойнап, домбыра тартқанды ұнатады және қыш қолөнерімен айналысады. Оның ең басты хоббиі – сурет салу, ол сурет арқылы шабыттанып, айналасындағы барлық әдемі нәрселерді көруге үйренеді.

«Childrens Museum of Art» Халықаралық балалар суреттері конкурсының қорытындысы бойынша Даир Серіктің жұмысы 30 мың жұмыстың ішінде ең үздік деп танылды. «Жетісу – менің туған өлкем» пейзажы әлемнің жас суретшілерінің үздік жұмыстарының жинағына енді.

6.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018-2019 оқу жылында ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында 20 зияткерлік мектептің 12-сыныптың 2164 оқушысы «Ағылшын тілі» пәні бойынша сыртқы бағалау болып табылатын IELTS халықаралық емтиханын тапсырды.

IELTS орташа балы – 6,3. 2019 жылы барлық Зияткерлік мектептер 6,0 орташа нәтижесі және одан жоғары балды көрсетті.

№	Мектептердің атауы	2018 - 2019
1	Нұр-Сұлтан қ. ФМБ	6,5
2	Нұр-сұлтан қ. (ХБ)	6,8
3	Көкшетау қ. ФМБ	6,3
4	Семей қ. ФМБ	6,1
5	Талдықорған қ. ФМБ	6,2
6	Өскемен қ. ХББ	6,2
7	Орал қ. ФМБ	6,4
8	Қарағанды қ. ХББ	6,5
9	Ақтөбе қ. ФМБ	6,5
10	Шымкент қ. ФМБ	6,4
11	Шымкент қ. ХББ	6,2
12	Атырау қ. ФМБ	6,5
13	Павлодар қ. ХББ	6,4
14	Қызылорда қ. ФМБ	6,0
15	Тараз қ. ФМБ	6,3
16	Алматы қ. ФМБ	6,5
17	Шымкент қ. ФМБ	6,1
18	Алматы қ. ХББ	6,5
19	Ақтау қ. ХББ	6,1
20	Петропавл қ. ХББ	6,1
Жалпы орташа балл		6,3
Макс. және мин. арасындағы айырмашылық		0,8

Соңғы жылдары Зияткерлік мектептер бойынша IELTS орташа балы өсуінің оң динамикасы байқалады.

Диаграмма. Жылдар бойынша динамикадағы IELTS орташа балы



Емтихан қорытындысы әрбір 3-ші оқушының 7 және одан да көп балмен IELTS сертификаты бар екенін көрсетті.

5 балдан төмен жинаған оқушылар үлесі 0,6%-ды құрады (14 адам).

Диаграмма. Оқушылардың балдарын бөлу



IELTS нәтижелерін талдау орташа балл сөйлеу қызметінің төрт түрі бойынша жақсарғанын көрсетіп, жыл сайынғы динамика бойынша жақсарып келе жатыр.

Диаграмма. Сөйлеу қызметінің дағдылары бойынша орташа балл



Жоғары нәтижелерді – 8,5 ұпай – Нұр-Сұлтан қ. Зияткерлік мектептерінің оқушылары – Әділ Нұрмұхамбетов, Алматыдағы ФМБ – Амина Игенбек және Шымкенттің ФМБ – Зинедин Алдияров көрсетті. Барлық үш оқушыда «тыңдау» және «оқу» дағдылары бойынша ең жоғары балл (9,0).

Scholastic Assessment Test (SAT) халықаралық емтиханы

Жыл сайын Зияткерлік мектептердің оқушылары ерікті негізде SAT Reasoning Test (SAT 1) және SAT Subject Test (SAT 2) халықаралық емтихандарын тапсырады. Емтихан нәтижелері белгілі бір жоғары оқу орындарына түсу кезінде талап етіледі. SAT 1 «Математика», «Дәлелдерге негізделген оқу» және «Жазу» пәндері бойынша емтихандарды қамтиды және ең жоғары балл 1600 құрайды. SAT 2-де әрбір таңдалған пән бойынша ең жоғары балл 800-ді құрайды.

2018-2019 оқу жылында SAT 1-ді 12-сынып оқушыларының 40%-ы (844 адам) тапсырды. 20 Зияткерлік мектеп бойынша орташа балл 1334 балды құрады.

Зияткерлік мектеп оқушылары АҚШ оқушыларынан 93%-ға жоғары және әлемдегі оқушылардан 89% - ға жоғары нәтиже көрсетті. Оқушылардың 21%-ы (844-тен 176-ы) 1450 және одан жоғары балл жинады. Мұндай нәтижені әлемдегі оқушылардың тек 3%-ы ғана көрсетеді.

844 оқушының 634-і 1240-тан жоғары балға ие, бұл Назарбаев Университетінің бакалавриатына түсу үшін жеткілікті болып табылады, ал 30 оқушы 1520 және одан жоғары балл жинады, бұл әлемнің 10 үздік жоғары оқу орнына құжаттар тапсыру үшін жеткілікті.

2018-2019 оқу жылында зияткерлік мектептің 449 оқушысы «Математика 1», «Математика 2» (тереңдетілген), «Физика», «Химия» және «Биология» пәндері бойынша SAT 2-ні тапсырды.:

Диаграмма. Жеке пәндер бойынша SAT орташа балы



	Математика 1	Математика 2	Физика	Химия	Биология
1 қатар	719,7	697,1	666,3	675,1	667,1

Зияткерлік мектептердің 15 түлегі SAT пәндік тестінде үш, екі және бір пән бойынша ең жоғары (800) балл жинады.

Осылайша, Зияткерлік мектептердің оқушылары жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер мен ағылшын тілі бойынша жоғары білім деңгейін көрсетті.

6.4. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТҮСУ

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде кәсіби бағдарлау жұмыстарын жетілдіру мақсатында білім беру сапасын бағалау және халықаралық аккредиттеу департаменті 2019 жылы кәсіби бағдар бойынша кеңесшілер үшін 2 семинар өткізді.

Ағымдағы жылдың ақпан айында Алматы қаласында семинар-тренинг өткізілді, онда кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізу мәселелері қарастырылды және кәсіби бағдарлау бойынша кеңесшілер арасында тәжірибе алмасу өтті. Семинар шеңберінде оқу үдерісімен, бакалавриат бағдарламаларымен және оқуға түсу талаптарымен, зертханалармен және ЖОО кампустарымен танысу мақсатында NIS-Programme білім беру бағдарламасын және NIS Grade 12 Certificate мойындайтын ҚР 9 ЖОО-на барды. Сонымен қатар семинарға қатысушылар 35 елдің шетелдік жоғары оқу орындарының қатысуымен өтетін халықаралық білім көрмесіне қатысты.

Ағымдағы жылдың қазан айында CIS Халықаралық мектептер кеңесінің қолдауымен семинар өткізіліп, оған

қазақстандық спикерлер (Назарбаев Университеті, BTS Education, корпоративтік коммуникациялар департаменті) және шетелдік жоғары оқу орындары мен ұйымдардың (Council of International Schools, Swiss Education Group, Boston University, Northwest University, University of British Columbia, American University in Bulgaria және т.б.) өкілдері қатысты. Осы семинар аясында кәсіби бағдарлау бойынша кеңесшілер Haileybury Astana мектебінің негізінде CIS ЖОО-мүшелерінің халықаралық білім беру көрмесіне қатысты.

2019 жылда QS нұсқасы бойынша әлемнің 100 үздік ЖОО тізіміне кірген, New York University (АҚШ), University of British Columbia (Канада), Hong Kong University of Science and Technology, Hong Kong Polytechnic University, City University of Hong Kong, Shanghai University of Jiao Tong (ҚХР) сияқты шетелдік ЖОО 30-дан астам өкілдері Назарбаев Зияткерлік мектептеріне барды.

Пусан Ұлттық Университетінің сапары, Оңтүстік Корея

2018-2019 оқу жылында Зияткерлік мектептердің 2168 түлегі еліміздің әртүрлі ЖОО-на оқуға түсті. Оның ішінде бітірушілердің 90%-ы (1952 адам) білім беру гранты бойынша оқиды (1598 адам – Қазақстанда, 557 адам – шетелде)

Гонконг политехникалық университетінің сапары, КХР

1-диаграмма.
Оқуға түскен түлектердің үлесі



2-диаграмма.
ЖОО-да оқу формалары



